

**Алматы облысы білім басқармасының
«Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ
«№ 14 орта мектеп-гимназия» КММ**

А. К.Нурсейтова

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

7-сыныпқа арналған авторлық курс бағдарламасы

2021 жыл

ӘОЖ 371.214
ҚБЖ 74.2021

Алматы облыстық оқу-әдістемелік кеңесімен мақұлданған
(16 сәуір 2021ж. № 2 хаттама)

Рецензенттер: «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КеАҚ»
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.

Қожағұлов С.Қ.

Талдықорған қаласы «Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын
№ 20 арнаулы лицейінің» қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер
Амирова А.Қ.

Нурсейтова А.К.

Н-86 « Балалар әдебиеті» қосымша курс: Бағдарлама / А.К.Нурсейтова

—

Талдықорған, ТИПОГРАФИЯ, 2021. –10 б

ISBN 978-601-09-1459-9

Қазақ тілінде оқытылатын 7-сыныптардың «Қазақ әдебиеті» пәніне қосымша электив курс бағдарламасы іріктеп алынған халық ауыз әдебиеті, қазақтың классик ақын-жазушыларының, әлем әдебиеті шығармаларын оқытуды, көркем шығарманың өзіндік ерекшелігін танытуды және шығармадағы өзекті мәселені айқындауды, өмірмен байланыстыра талдауды мақсат етіп, оқушы танымын арттыруға, жаңаша көзқарас қалыптастыруға арналған.

Курс бағдарламасы 5 бөлімге топтастырылған.

«Асыл қазына» бөлімінде халық ауыз әдебиеті шығармалары мен әдеби ертегілер оқуға ұсынылған.

«Қуатты ойдан бас құрап» бөлімі ойшыл ақындар Абай, Шәкәрім, Мағжан шығармаларын оқуға арналады.

«Әдебиет және қоғам» бөлімінде қазақтың классик ақын-жазушылары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Мұқановтың балаларға арналған шығармалары ұсынылды.

«Заман және адам» бөліміне өзекті мәселелерді көтерген кейінгі толқын қаламгерлері шығармалары енген.

«Әлем әдебиеті» бөлімі орыс әдебиеті мен туысқан халықтар әдебиетін қамтиды. Курс бағдарламасына шығармалар іріктеуде балалардың жас ерекшелігі ескерілді.

**ӘОЖ 371.214
ҚБЖ 74.202**

Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы, 2021

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ

7- сынып

ТҮСІНІК ХАТ

Бағдарлама мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Мәңгілік Ел» идеясын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалды.

ҚР Президенті Қ.Тоқаев тіл игерудегі балалар әдебиетінің рөлінің ерекше екендігін атап көрсетіп, 2021 жылды Министрлік «Балалар әдебиеті» жылы деп жариялады. Балаларға арналған сан салалы өлең-жыр, асыл сөз үлгілері мол. Рухани өмірдің барлық саласы, оның ішінде көркем әдебиеттің орны ерекше. Көркемөнердің барлық саласы, оның ішінде әдебиет, ең алдымен халықтың ғасырлар бойғы рухани құндылықтарының негізін қалайды.

Балалар әдебиеті - балаларға арналып жазылған әдеби көркем шығармалар. Балалар әдебиеті – әдеби жанрлардың үлкен бір саласы. Әдебиеттің бұл түріне жататын шығармалар оқиғасының қызықты да тартымдылығымен, композициясының ширақтығымен ерекшеленеді. Ол шығармалар тілінің қарапайымдылығымен, оқиғасының қызықтығы, кейіпкерлерінің тартымдылығымен ерекшеленеді. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық пен рухани-адамгершілік тәрбие беруде балалар әдебиетінің орны ерекше болып табылады.

Мектеп оқушыларға арналып, ұсынылып отырған «Балалар әдебиеті» курсы оқушылардың көркем әдебиетке деген ықыласын арттыруға, тілдік қорын дамытуға, ой-өрісін дамытуға бағытталады. Халық ауыз әдебиетінен бастап әр кезең әдебиетінен балаларды ізденіске жетелейтін шығармалар және шетел әдебиеті шығармалары іріктеліп алынды.

Мақсаты: Қазақстандық және шетел балалар әдебиеті шығармаларын оқыту. Балалар әдебиетін зерттеушілер және олардың шығармашылығымен таныстыру. Көркем әдебиетке қызығушылықтарын қалыптастыру.

Материал оқушылардың қызығушылықтарын арттыруда қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне көмек ретінде қажет.

Міндеттері:

- Балаларға арналған шығармалармен таныстыру.
- Оқушының жаңадан білім алуына, таным белсенділігін және қызығушылықтарын оятуға талпындыру.
- Балалар әдебиетін оқудың қажеттілігін түсіндіру.
- Мәтінге тақырыптық, идеялық, көркемдік талдау жасату.
- Өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға ынталандыру.

Оқушыларды кез келген жағдайға сын тұрғысынан қарауға үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- Балаларға арналған шығармаларды оқып үйренеді.
- Прозалық, поэзиялық шығармаларды оқиды, тіл мәдениетіне үйренеді.
- Көркем шығармаларды түсініп оқиды, талдайды, пайымдайды.
- Сөз қоры мен ауызекі сөйлеу тілін жетілдіруге арналған жаттығулармен жұмыс жасай алады.
- Әдеби тіл нормасына үйренеді.
- Көркем әңгімелерді оқиды, интерпретация жасай алады.
- Әлем әдебиеті шығармаларын оқиды.
- Тілдік қоры ,сөйлеу мәдениеті дамиды.
- Адамгершілік қасиеті жоғары жеке тұлға қалыптасады.

Өзектілігі: Балалар әдебиеті туындылары арқылы жасөспірімдердің тілдік қорын, ауызекі сөйлеу тілін дамыту өзекті болып табылады.

Қолданылатын технология: Сыни тұрғыдан ойлау (СТО), дамыта оқыту, жобалау.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: пікірталас, «Фила кестесі», «ПОПС формуласы», «Оқиға картасы», «Маңыздылық аймағы», «Екі жақты күнделік», ойтолғау, «Төрт ресурс».

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ
(Барлығы -34 сағат, аптасына - 1 сағат)

Кіріспе.1 сағат.Қазақ балалар әдебиеті.Курстың мақсаты, міндеті. Балалар әдебиеті туралы ұғым.

Халық ауыз әдебиеті. Ертегілер. **1 сағат** «Сырттандар», «Ағаш ат»ертегілері арқылы берілген өнегелі ой.

Әдеби ертегі. Ә.Тәжібаев «Толағай». **1 сағат.**Әдеби ертегі, ертегідегі Толағайдың ерлігі, елге еткен қызметі.

Қара өлең: Амандасу.Танысу. **1 сағат.** Қазақтың алғашқы өлеңдерінің ерекшелігі, мәні.

XIX ғасырдың II жартысындағы әдебиет. Абай Құнанбайұлы «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі. **1 сағат** Өлеңдегі ақынның тіл шеберлігі, өлеңінің идеялық маңызы.Терең ой, құнды пікір, шыншыл сезім.

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Өмір» өлеңіндегі астарлы ой, тілдік ерекшелік. **1 сағат**

Шоқан және Мағжан шығармашылығындағы үндестік. **1 сағат.** Шоқан Уәлихановтың қазақ халқының айға, күнге, отқа, суға табынуы туралы. Мағжанның Шоқанмен үндестігі және тарихи аңыздарды арқау етуі

XX ғасыр әдебиеті. Мағжан Жұмабаев «Туған жер» **1 сағат.** Өлеңдегі негізгі ой, туған жерге деген махаббатты әсерлі жеткізуі.

Ж.Аймауытов «Бозторғай» («Ақбілек»романынан). **1 сағат** Үзіндідегі бозторғай мен қыз тағдыры арасындағы ұқсастық, егіздеу.

А.Байтұрсынов. «Ағаш» мысалы Мысал туралы. Ағаштың арам пиғылы туралы. Ағашты адам кейпінде алу және ақынның ишара тұжырым жасауы. Пайымдама жазуға жаттығу.

М.Әуезов «Жетім» әңгімесі. **2 сағат.** Әңгімеде жетім қалған бала Қасымның көрген қиындықтары, қайғылы өлімі, жазушының тіл шеберлігі

С.Сейфуллин. «Өткен күн» өлеңі.**1 сағат** .Күз көрінісі арқылы берілетін астарлы ой, көркем сурет.

І.Жансүгіров табиғат лирикасы. **1 сағат.** «Жетісу суреттері», «Ақшам» өлеңдеріндегі ақын өзі өскен ортадағы табиғат суретінің көркем көрінісі.Эпитет, теңеу, метафоралардың мол қолданылуы.

«Ұршық» өлеңі. **1 сағат.** Өлеңдегі тұспалды ой, адам өмірінің бір орнында тұрмайтыны, өмірдің үнемі өзгерісте болатыны туралы туралы ой толғанысы.

Аудармасы. Майн Рид (1818-1883) «Орман балалары» әңгімесі. **1сағат.** Еркін аударма жасауы. Ағылшын жазушысы Майн Ридтің кітабынан аударма.Кейіпкерлер портретін шебер беруі.Әңгіменің мазмұны, тілі.Табиғат және адам.

Б.Майлин «Күлпаш» әңгімесі. **1 сағат.** Әңгімедегі ашаршылық кезеңінің шындығы шынайы бейнеленуі.

С.Мұқанов. Ақжамбас («Өмір мектебі»романынан). **1 сағат** Айғырдың «Ақжамбас» атану себебі, әңгімедегі негізгі ой.

Қ.Аманжолов «Өзім туралы» өлеңі. 1 сағат. Өлеңдегі ақынның келер заман ұрпағына артқан үміті, сыршыл сезім, терең ой.

С.Мұратбеков «Көкінай». («Жабайы алма»). 1 сағат Шығармадағы Көкінай төбеттің күшіктерін тірідей көмдірген Бүбітайдың баласының қазасы. Ауыл адамдарының мінез-құлық ерекшеліктері. Әңгіменің тілі.

Қ.Омарұлы Алтын адам туралы аңыз. («Ақтөс»). 1 сағат Аңыз әңгімедегі тағылымды тәрбие, терең ой.

Ж.Бұқарбай «Жерімді сатпа», «Күй». 1 сағат. Өлеңдердегі Ақын сезімі, туған жерге, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігі.

Т.Айбергенов «Адамдар», «Өмір деген» 1 сағат. Ақынның адамдарға, өмірге деген кіршіксіз махаббаты. Өлең құрылысы, тіліндегі ерекшелік.

М.Шаханов «Желтоқсан алаңы» 1 сағат. Өлеңдегі желтоқсан құрбандары, ел тәуелсіздігі жолында мерт болған көтеріліске қатысқан ерлерге құрмет. Өлеңдегі патриоттық сезім, ұлттық рухтың басымдығы.

Ф.Оңғарсынова «Ұстаз» өлеңі. 1 сағат. Ұстаздың ел алдындағы еңбегі, елге өмірін арнаған жан екені, тақырып, идеясы.

О.Сүлейменов «Қыстауға көшу», «Арғымақ» өлеңдері. 1 сағат. Өлеңдердегі ұлттық дәстүр, қазақы болмыс. Өлеңнің мазмұны мен идеясы. Табиғат сыры және қазақ халқының тіршілігі. Қыстауға көшетін көшпенділер өмірі туралы. Лирикалық кейіпкер мен халық өмірінің тұтаса берілуі.

Бердібек Соқпақбаев «Он алты жасар чемпион» әңгімесі. 1 сағат. Спортқа сүйіспеншілік, жақсы адамнан үйрену, ерен еңбек, жеңіс.

Шетел әдебиеті. М.Лермонтов «Тұтқындағы батыр» өлеңі. 1 сағат. Астарлы ой, кезең шындығының шынайы берілуі.

С.Есенин. «Күз жаңбыры бірден қалай басылмақ», «Басылып сәл аптығы» өлеңдері. 1 сағат. Табиғат лирикасы. Күздің ерекше көрінісі, көңілсіз кейпі, лирикалық кейіпкер сезіміне табиғаттың әсері, өмірмен байланыс.

Түрік әдебиеті. «Ататүрік өсиеттері» өлеңдері. 1 сағат. Еңбектегі келелі ой, парасатты пікір. Өсиеттердегі ұрпаққа берілетін тағылымы.

Татар әдебиеті. Ғабдолла Тоқай «Кітап» өлеңі. 1 сағат. Кітаптың адам баласы үшін маңызы, өлең тілі.

Түрікмен ертегілері. 1 сағат. Ертегілердегі терең тағылым, өлмес өнеге, ұлттық болмыс. Ертегілер арқылы берілетін халық арманы.

Қайталау. 1 сағат. Өткен материалдар бойынша жоба қорғау жұмысы.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАРЫ

р/с	Бөлім атауы	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1.		Кіріспе. Қазақ балалар әдебиеті	Т/Ж2.Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыда талдау.	1		
2.	Асыл қазына	Ертегілер «Сырттандар», «Ағаш ат» ертегілері	А/И1.Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру.	1		
3.		Әдеби ертегі. Ә.Тәжібаев «Толағай» ертегісі.	Т/Ж3.Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тұрғысынан анықтау.	1		
4.		Қара өлең: Амандасу. Танысу.	Б/С3.Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.	1		
5.	Қуатты ойдан бас құрап	Абай Құнанбайұлы. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі.Өлеңнің құрылысы, тіл көркемдігі.	А/И2.Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау.	1		
6.		Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Өмір» өлеңі	А/И2.Эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау.	1		
7.		Шоқан және Мағжан шығармашылығындағы үндестік	Б/С4.Ғылыми еңбектерге сүйене отырып, сыни шолу жазу.	1		
8.	Шығарма шырайы	Мағжан Жұмабаев. «Туған жер» өлеңі	А/И2.Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау.	1		
9.	Әдебиет және қоғам	Ж.Аймауытов. «Бозторғай» «Ақбілек» романынан үзінді)	Т/Ж1.Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау.	1		
10.		А.Байтұрсынов. «Ағаш» мысалы	Әдеби шығармада көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу.	1		
11.		М.Әуезов. «Жетім» әңгімесі	Т/Ж1.Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау.	2		

			А/И2.Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау.			
12.		С.Сейфуллин. «Өткен күн» өлеңі	Б/С4.Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.	1		
13.		І.Жансүгіров табиғат лирикасы.«Жетісу суреттері» өлеңі	Б/С2.Әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына зманауи тұрғыдан баға беру.	1		
14.		«Ақшам» өлеңі	А/И3.Шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау.	1		
15.		«Ұршық» өлеңі	Б/С3.Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.	1		
16.		Майн Ридтен аудармасы.«Орман балалары» әңгімесі	Т/Ж3.Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау.	1		
17.		Б.Майлин «Күлпаш» әңгімесі	Б/С1. Шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау.	1		
18.		С.Мұқанов. Ақжамбас	Т/Ж1.Әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну.	1		
19.	Заман және адам	Қ.Аманжолов. «Өзім туралы» өлеңі	А/И2.Эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау.	1		
20.		С.Мұратбеков. Көкінай	Т/Ж2.Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыда талдау.	1		

21.		Қ.Омарұлы. Алтын адам туралы аңыз	А/И4.Шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу.	1		
22.		Ж.Бұқарбай. «Жерімді сатпа», «Күй» өлеңдері	Б/С3.Шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу.	1		
23.		Т.Айбергенов «Адамдар», «Өмір деген» өлеңдері	Т/Ж3.Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау.	1		
24.		М.Шаханов. Желтоқсан алаңы	А/И2.Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау.	1		
25.		Ф.Оңғарсынова. «Ұстаз» өлеңі	А/И5.Қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау.	1		
26.		О.Сүлейменов. «Қыстауға көшу», «Арғымақ» өлеңдері.	Т/Ж5. Ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру.	1		
27.		Бердібек Соқпақбаев.«Он алты жасар чемпион» әңгімесі.	Т/Ж4.Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту.	1		
28.	Әлем әдебиеті	М.Лермонтов. «Тұтқындағы батыр»өлеңі	Б/С3.Көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру.;	1		
29.		С.Есенин. Күз жаңбыры бірден қалай басылмақ, Басылып сәл аптығы.	А/И1.Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру.	1		

30.		Түрік әдебиеті. «Ататүрік өсиеттері»өлеңі	Б/С4.Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.	1		
31.		Татар әдебиеті.Ғабдолла Тоқай «Кітап» өлеңі.	А/И2.Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау.	1		
32.		Түрікмен ертегілері	Т/Ж1.Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау.	1		
33.		Қайталау.Өткен материалдар бойынша жоба қорғау жұмысы.	Б/С4.Ғылыми еңбектерге сүйене отырып, әдеби сын жазу.	1		
		Барлығы		34		

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Н.Келімбетов,Ә.Қанафин.Түркі халықтары әдебиеті.Алматы «Рауан» 1996
- 2.Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Алматы. Атамұра. 2014ж.
- 3.Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы. Жалын. 1991ж.
- 4.Мұқанов С. Өмір мектебі. I том. Алматы. 1976ж.
- 5.Б.Майлин. Повестер мен әңгімелер.Алматы «Жазушы» 1977
- 6.С.Сейфуллин таңдамалы өлеңдері. Алматы «Жазушы» 1977
- 7.Шәкәрім өлеңдер мен поэмалар. Алматы «Жазушы» 1989
- 8.С.Мұратбеков. Жусан иісі Алматы. «Жазушы»1967
9. Шоқан Уәлиханов таңдамалы. Алматы «Жазушы» 1985
- 10.М.Жұмабаев шығармалары. Алматы «Жазушы» 1989
11. Ж.Аймауытов шығармалары. Алматы «Жазушы» 1989
12. Т.Айбергенов. Бір тойым бар. Алматы «Жазушы» 1989
- 13.М.Шаханов. Компьютербасты жарты адамдар. Алматы «Нұрлы әлем»2003
- 14.Жамау Бұқарбай. Жаралы аққу. Алматы «Жазушы» 2007
- 15.М.Ю.Лермонтов таңдамалы 1-том. Алматы «Жазушы»1977
- 16.С.Есенин таңдамалы өлеңдері. Алматы «Жазушы»1977

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: <i>Асыл қазына</i>	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	1- сабақ	
Сабақ тақырыбы	<i>Кіріспе. Қазақ балалар әдебиеті</i>	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Т/Ж2.Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыда талдау.	
Бағалау критерийлері	- Шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұлғада талдайды.	
Құндылықтарды дарыту	- ұлттық рухани жаңғыру; - адамгершілік; - ынтымақ	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурс
Сабақтың басы Сабақтың ортасы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Қызығушылықты ояту. «Менің атым -Қожа» фильмінен үзінді көрсету. Сұрақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Саған фильм ұнады ма? Қай жері ерекше әсер етті? Ол фильм несімен әсерлі деп ойлайсыңдар? - Осы кітапты оқыдыңдар ма? - Балаларға арналған тағы қандай шығармаларды ертегілерді білесіңдер? <p>Балалар әдебиеті — балаларға арналып жазылған әдеби шығармалар. Сондай-ақ, арнайы балаларға арналып жазылмағанымен, олардың ойлау, түсіну қабілетіне, талғамына, арман-қиялына әсер етіп, өзіне балаларды тартатын көркем шығармаларды да Балалар әдебиеті қатарына жатқызуға болады. Балалар әдебиеті — сөз өнерінің арналы бір саласы. Әдебиеттің бұл түріне жататын шығармалар оқиғасының қызықты да тартымдылығымен, композициясының ширақтығымен ерекшеленеді. Тілі жеңіл, көркем, түсінікті, айқын әрі әсерлі болуы тиіс. Балалар әдебиетінің негізгі мақсаттары: жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-ойын дамыту, оларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке, т.б. ізгі мұраттарға баулу. Балалар әдебиеті — балалардың эстетикалық талғамын дамытатын көркем шығармалар ғана емес, оның сырлас досы, қорғанышы және ақылшысы да болып табылады. Олар негізінен мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларға лайықтап жазылады. Х.К. Андерсеннің ертегілері, М. Твен, Ж.Верннің романдары, т.б. суреткерлердің шығармалары</p>	I

балаларға арналып жазылған. Д. Дефоның, Дж. Свифтің В.Скоттың шығармалары балаларға арналып жазылмағанымен, олардың сүйіп оқитын кітаптарына айналған.

Қазақ балалар әдебиетінің алғашқы жазба үлгілерін 19 ғ-да Ы. Алтынсарин жасады. Ол балаларды өнер-білімге тәрбиелейтін, еңбекке баулитын, этикалық, эстетикалық тәрбие беретін өлеңдер мен әңгімелер жазды. Сондай-ақ, қазақ фольклорынан балалардың тіліне түсінікті жеңіл шығармаларды іріктеп, орыс балалар әдебиетінен қысқа да қызықты әңгімелер аударып, құрастырды, ана тілінде алғашқы оқулық ("Киргизская хрестоматия", 1879) бастырып шығарды. Сөйтіп, бала тіліне лайықты, ойына қонымды ойнақы өлеңдері мен қызықты әңгімелері арқылы педагог-жазушы Қазақ балалар әдебиетінің негізін қалады. Қазақ балаларына арналған оқулықтар мен өлеңдер жинақтары 20 ғ-дың басында көбейе бастады.

<https://kk.wikipedia.org/wiki>

Тапсырма

Өздерің жақында оқыған бір шығарма туралы ойланып көріңдер. «Түсіндірме күнделік» бойынша тұлғалық болмысты ашыңдар. Шығарма кейіпкері туралы не білемін?

Тақырыбы	Басты кейіпкер қасиеті	Түйін	Оқушы пікірі

Рефлексия Жетістік баспалдағы

- Не білгім келеді?
- Неден қиналдым?
- Не білдім?

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: <i>Асыл қазына</i>	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	2- сабақ	
Сабақ тақырыбы	Ертегілер «Сырттандар», «Ағаш ат» ертегілері	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	А/И1.Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> - Ертегілерде көтерілген мәселені анықтайды; - Кейіпкерлер әрекетіне талдау жасайды; - Ертегілердің эпизодтарын салыстырады, - Басты кейіпкерлерді салыстырады. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> - ұлттық рухани жаңғыру; - адамгершілік; - ынтымақ 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Қызығушылықты ояту «Ақиқат/жалған»</p> <ul style="list-style-type: none"> • Екі ертегі де қиял-ғажайып ертегісіне жатады; • Сырттандар – жігіт, ит, қасқыр; • Ағаш атты ойлап тапқан ғалым – ұнамды кейіпкер; • «Сырттандар» ертегісінде адамның табиғатқа үстем болатынын қорытындылаған; • Ертегілерде халықтың болашақтағы жақсы өмірін армандаған. 	Қазақ ертегілері 1,2-том
Сабақтың ортасы	<p>1-тапсырма. Үзінді қай ертегіден алынған? Кейіпкерлері кімдер? Олардың әрекетіне талдау жасаңдар.</p> <p>I. Кешке жақын үйдің иесі келеді. Жасы жиырма алты, жиырма жеті шамасында, еңгезердей, ұзын бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей, қақпақ жауырын, ат жақты, көзі өткір, түсі суық, қара сұр жігіт екен. Келген жерден:— Бәленше байдың баласысың ба? – деп сұрай бастайды. Бала көргенін бастан-аяқ айтып береді: — Сені қуған қара қасқыр адамға жерік еді. Ол қасқырдың сырттаны еді, сені алып қашқан кербесті жылқының тұлпары еді. Қара қасқырдың саған жерік болатынын кербесті құлын күнінде білген. Егер сол қасқырдың сырттаны келетін күн болса: «Сені алып қашсам-ау!» – деумен жүруші еді. Соны арман қылып, өмір бойы өзін-өзі жаратты, аз оттап, көп жусады. Үстінен өлі жүн түспеді. Ақыры алып қашқан екен, кербестіден басқа жылқы болғанда, қасқырдың аузына түсіп едің. Мынау жатқан қара ауыз иттің сырттаны еді.</p>	

Кербестімен сенің қашып келе жатқаныңды, қара қасқырдың сені қуып келе жатқанын, тұлпардың дүбірін қара ауыз күндік жерден естіді. Соны біліп, бұл үріп жіберді. Егер қара ауыз үрмегенде, қасқыр саған аузын салып еді. Егер қара қасқыр жеген болса, барлық қасқыр атаулы адамға жерік болар еді. Өмір бойы қасқыр адамды қойша домалатып жей беретін еді де адамға қасқыр қожа болатын еді. Ал, енді мен жігіттің сырттанымын. Қара ауыз бен менің осы жақта екенімді кербесті білген. Ол шыққаннан-ақ осылай қарай бастап алып келді. Саған жерік болған қара қасқыр әлі кеткен жоқ, мына төбенің басында сені күтіп жатыр. Ол сені жемей тоқтамайды, сенің осында екеніңді біледі, бірақ кербестінің, қара ауыздың, менің осында екенімді біліп, үш сырттанның үстіне батып келе алмайды. Таң атқан соң қара ауызды ертіп, ол қасқырдың соңына түсеміз. Өзің шаршап келдің ғой, бүгін дем ал, – деп, баланы сыйлап жатқызады.

... — Қара ауыз ит қасқырды өлтірген болса, ит атаулы қасқырға қожа болатын еді. Енді иттің ілуде біреуі-ақ қасқыр алатын болады. Әрине, қасқырдың да итті алатыны санаулы болады. Егер қара қасқыр сені жеген күнде, қасқыр атаулы адамға қожа болатын еді. Оны енді мен өлтірдім, енді адам қасқырға қожа болады, – деп сырттан жігіт сөзін тоқтатады.

II. Сонымен күзетшілер ағаш ат пен қыздың, ғалымның жайын түгел айтты. Шаһзада ішінен «есебін тауып ат пен қызды қолыма түсіріп, патшадан құтқарып алып кетуім керек» деп ойлады. Күзетшілердің жататын уақыты болды да шаһзаданы зынданға жауып тастады.

Шаһзада зынданға кірген соң, жатуға қолайлы бір жерді сипалап тапты да жатуға ынғайланды. Ағаш атты істеген ғалым да соның ішінде екен. Ол бір бұрышына жайғасып, қалың ойдың тұңғиығына батып жатыр екен. Оның зары шаһзаданың ұйқысын бөліп жіберді. Ол былай деп зарлайды: «Қырсыққан ит қыңыр жүгіреді дегеннің өзі болып, менің бастапқы бағытым қыңыр кетті. Мен қырық рет қателестім. Оқу оқып, өнер таптым. Оным дұрыс еді. Ұшатын ат ойлап шығардым. Міне, менің қыңыр кеткенім! Өлетін бала моламен ойнайды деген сияқты, менің патшада нем бар еді? Ол – бір де халық – мың еді. Бір ағаштың көлеңкесінен мың ағаштың көлеңкесі көп еді. Мен сонда неге саяладым! Оның бәрін өткізіп алған соң, атқа мініп өзім кете бермей, қызды не деп алып кеттім? Заман менікі емес екен, оның адамында нем бар еді? Басты қатем: патша мені іздемей тұрғанда, оны мен неге іздедім? Көптен айырылдым. Халық мені іздерліктей еңбек істер едім. Жалғыз ат істеп, оны патшаға ала жүгіргенше, халықтың бас-басына бір ат істеп беруге неге өмірімді жұмсамадым? Мезгілсіз патша іздеп, енді зынданда жатырмын.

О, қайран халық, қайран еркіндік!»— деп күрс етіп құлап, жер құшты. Шаһзада оның ғалым екенін білді де үндемеді...

Басты кейіпкерлері	Әрекет -тері	Ұқсас эпизод-тар	Кейіпкерлердің ұқсасты-ғы, айырма сы	Түйінді идея

Дескрипторлар:

- ✓ Шығарманы түсінеді;
- ✓ Үзіндідегі кейіпкерлер әрекетіне, бейнесіне талдау жасайды;
- ✓ Шығарма үзіндісіндегі кейіпкер бейнелеріне, оқиғалар туралы ой қорытындысын жасай алады;
- ✓ Екі шығармадағы кейіпкерлер мен эпизодтардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады;
- ✓ Топпен/сыныппен ынтымақтастықта бірлесе жұмыс істейді.

Бағалау: дескрипторларға ауызша комментарий береді.

- Не ұнады?

- Нені жақсарту керек?

- Маған ұнады, бірақ келесі жолы...

2-тапсырма «ПОПС» формуласы бойынша ойларын ауызша жеткізеді.

Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ... »

• *Екінші сөйлем* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »

• *Үшінші сөйлем* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »

• *Соңғы сөйлем* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім .

Рефлексия *Жетістік баспалдағы*

- Не білгім келеді?

- Неден қиналдым?

- Не білдім?

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Асыл қазына	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	3- сабақ	
Сабақ тақырыбы	Әдеби ертегі. Ә.Тәжібаев «Толағай» ертегісі.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Т/ЖЗ.Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тұрғысынан анықтау.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> - Ертегідегі кейіпкерлерді анықтайды; - Кейіпкерлер әрекетіне талдау жасайды; - Кейіпкерлер бейнесін ашады. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> - ұлттық рухани жаңғыру; - адамгершілік; - патриотизм 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Қызығушылықты ояту</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ауыз әдебиетіндегі қандай батырларды білесіңдер? - Олардың қандай әрекеттері сендерге ой салды? - «Батыр туса – ел ырысы» деген мақалдың мәнін қалай түсінесіңдер? - Ертегінің басты кейіпкері қандай ерлік істеуі мүмкін? (болжам жасаңдар) 	
Сабақтың ортасы	<p>Ертегілердің бір саласы – әдеби ертегілер. Әдеби ертегінің авторы белгілі болады. Әдеби ертегілер көбінесе ел арасында ауызша айтылып келген аңыз әңгімелердің негізінде туады. Әдеби ертегілер өлеі не қарасөз т.рінде жазылады. Ә.Тәжібаевтың «Толағай» ертегісіне Толағай атты батыр бала, оның атымен аталып кеткен Толағай туралы ел аузындағы аңыз арқау болған. Толағай тауы Қазақстанның аласа тауларына жатады.</p> <p><i>Берілген жоспар бойынша ертегі сюжетін әңгімелеу.</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Ерекше өскен Толағай. 2.Толағайдың жолбарыспен айқасы. 3.Елі үшін құрбан болған Толағай. <p>Толағай тауы Қазақстанның аласа тауларына жатады.</p>	
	Жылдар өткен... Жазғытұрым. Басталды бір жаман ырым, Жаумай жауын жалғыз тамшы, Ерте солды гүл-бәйшешек, Еркін өспей қурады шөп, Етке тиді ауыр қамшы.	Тау жақындап қалды келіп, Бұйраланған бұлт өңгеріп Танданысты көрген адам. Әлден кейін танылды анық, Толағайлап шулап халық, Қуанбаған қалмады жан.

	<p>Еккен егін өнбей жерге, Еткен еңбек ұшты желге, Ел күйзелді ем таба алмай. Жабырқаған жарлы қауым Жалбарынды тілеп жауын, Көк жиектен көзін алмай. Сезген мұны Толағайда Сабырсыздық болды пайда, Ойланады ұзақ түндер: «Қайтсем жауын жаудырамын, Ел сусынын қандырамын. Адал ақыл айтар кімдер?..» Көп өтпеді. Бір күндері Шешесіне еркеледі. Отыр сұрап әр нәрсені... – Тағы да бар бір сұрауым: Көп жауады қайда жауын? Білсең, апа, айтшы, - деді. Айғақ ете үлкендерді Апатайы жауап берді: Деген сөз бар - «тауда тандыр», Қарлы, шынды тау жерінде, Тарбағатай өңірінде Үзілмейді жылда жаңбыр. Екі беті гүл-гүл жанды, Кідірмеді, жүріп кетті. Кеудесімен бұлт бөгеген, Бұлттан жаңбыр себелеген Асқар тауға келіп жетті. Таңдап жүріп тау жотасын Талғай қарап орман, тасын Тарбағатай үйірінен, Толағайы тыңдап алды. Көңілі сүйген бір шатқалды Ұзақ ырғап бөліп алды Өркештенген түйінінен, Басындағы қарын қоса, Баурындағы аңын қоса, Шайқап бұлақ, көк орманды, Күшпен әрең алды дағы, Арқасына салды дағы Келген ізбен қайта оралды.</p> <p>Арқалады ауыр тауды, Жаншып бара жатыр жанды, Маңдайдан тер көл боп ақты. Жеткенше дем алмайын деп, Жарты жолда қалмайын деп,</p>	<p>Құйды жаңбыр, сел боп ақты, Күн күркіреп, шатырлатты, Күйген жердің кірді жаны. Шөлдегендер суға қанды, Ауыл қайта ажарланды, Тарқады елдің бір құмары. Талған дене, жанған өкпе Келген шыдап сонша көпке, Ұзақты күн сыр бермеген. Жетеріне жеткен кезде, Күн еңкейіп шөккен кезде Сүрінді алып әлденеден. Кетті құлап, тұра алмады Қайта қару қыла алмады. «Апа», - деді жалғыз ғана. Тау да басып шөге берді, Апасы жас төге берді Отаны үшін өлді бала. Кім қалды екен егілмеген, Кім қалды екен төгілмеген Көз көргеннен Толағайды Күңіренді де анасындай, Күн де батты шарасыздай, Түн қап-қара шашын жайды, Айсұлудың күрсінгені, Күрсінгенде алған демі, Адам тұрсын тауға батты. Кеуіп қалған қос шандырдан Күйік сүті шапшып тыңнан – Кілең аппақ тас боп қатты. Ауысыпты заман талай, Аталғалы тау «Толағай»... Соны үлкендер ертектен. Алыпты тау басып жатқан, Ана сүтін тас боп қатқан Көреді әлі өткен-кеткен. «Толағайдың» төңірегінде, Толқынданған желмен бірге Көк теңіздей көк шалғыны. Алыпты жұрт ардақтайды Алып атын бір атайды Жылда, жаңбыр жауған күні.</p> <p>https://bilim-all.kz/olen/8785-Tolagai</p>
--	--	---

Шаршаса да тоқтамапты.			
Тапсырма1. Кестені толтыр. «Кейіпкер әлемі»			
Кейіпкер	Қасиеттері	Кейіпкерге берілетін баға	Ой- тұжырым, мақал-мәтел, даналық сөз
Тапсырма2. «Фила кестесі» бойынша Толағайға қатысты кестені толтыр.			
Факт	Идея	Проблемалық сұрақ	Іс –әрекет жоспары
Рефлексия Жетістік баспалдағы - Не білгім келеді? - Неден қиналдым? - Не білдім?			

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Асыл қазына	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	4- сабақ	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Қара өлең: Амандасу. Танысу.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Б/СЗ.Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.	
Бағалау критерийлері	- Шығармадағы ұлттық құндылықтарды анықтайды; - Ұлттық құндылықтарға баға береді; Әдеби эссе жазады.	

Құндылықтарды дарыту	- ұлттық рухани жаңғыру; - салт-дәстүр; - өнер
-----------------------------	--

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Қызығушылықты ояту</p> <p>...Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын Қазақтың дәл өзіндей қарапайым. (Мұқағали.)</p> <p>- Қара өлең дегенді қалай түсінесіңдер?</p> <p>Қара өлең - қазақтың ежелгі өлең түрі.</p> <p>Туысқан өзбек, қырғыз, карақалпақ, татар, түрікмен, башқұрт поэзияларында кездеседі. Қара өлең 11 буын, 4 тармақ, а-а-б-а түрінде келеді.</p> <p>Мысалы:</p> <p><i>"Қағаздың қасың сұлу сиясындай, Тоғайдың мойның ұзын миясындай, Қолымды саған қайтсем жеткіземін, Сұңқардың жатқан жерік ұясындай"</i></p>
Сабақтың ортасы	<p>Қара өлең әнге салып айтуға ыңғайлы. Әннің ырғақ ерекшеліктеріне қарай өлең жолдарындағы бунақтар орнын ауыстырып отырады. Әр шумақта жеке ой жатады. Мұндай ой жеңіл әзіл-оспақтан бастап, өмірдің мәні мен сәнін, ел қамы мен халық тағдырын қамтиды. Өлеңнің алғашқы екі жолындағы ой соңғы жолдардағы негізгі ойға қызмет етеді. Қара өлең көне заманнан бастау алып, тереңге тамыр байлаған. Оның үлгілері "Оғызнамада" (9 ғ.), Ж.Баласағұнның "Құтадғу білігінде" (11 ғ.), М.Қашқаридың "Диуани лұғат ат-түркінде" (11 ғ.), А.Иүгінекидің "Ақиқат сыйында" (12 ғ.) кездеседі. Сипаты жағынан орыстың "частушкасына", тәжіктің "ашуласына", латыштың "дайнасына", шығыс халықтарының "бәйіті" мен "ғазалына", өзбектің "қошығына" ұқсас. Қазіргі қазақ поэзиясында қара өлең үлгісі кең тараған.^[1]</p> <p>Қазақтың ән-өнері өз ішінде ғұрыптық әндер, салт-дәстүр және кәсіби әндер болып бөлінеді. Қара өлең осылардың ішіндегі ғұрыптық әндерге жатады. Қара өлең халықпен бірге туған. Барлық замандарда біте қайнасып өмір кешіп келеді. Бүгін де жалғасуда. Болашақта да өркен жаяры сөзсіз. / Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл. ISBN 9965-26-096-6</p> <p>Мәтінмен жұмыс. Амандасу, танысу өлеңі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Сонадайдан көрінген хабарасу, Түйе тайып жығылған жаман асу. Көрмегелі көп айдың жүзі болды, Біздерге жөн алдымен амандасу. 2. Мінген атым астымда ақ табан ат, Келмей қоймас бәйгеден мақтаған ат. Көп айдың көрмегелі жүзі болды, Жүрмісің аман-есен сау-саламат. 3. Сені іздеп талай жерді араладым, Сені іздеп қай ауылды қарамадым.

Көп айдың көрмегелі жүзі болды,
 Ұл мен қыз аман-сау ма балаларың?
 4. Аман ба баққан малың татырдағы,
 Қоралы қой есен бе сасырдағы?
 Аулымның ат-көлігі түгел аман,
 Еліңнің есен-сау ма батырлары?
 5. Аспанда үркер көшіп жылыстап жүр,
 Ай ауып батыс жаққа ығыстап жүр.
 Атымды сен сұрасаң, мен айтайын,
 ... менің атым ұмытпай жүр.
 6. Ішінде көп жылқының аласымын,
 Қайыңның қақтай шапқан қаласымын.
 Әріптес, сен сұрасаң, мен айтайын,
 ... аты шыққан баласымын.
 Қара өлең./Ел аузынан жинап құрастырған Оразақын Асқар/
 Алматы «Жазушы» 1989

Эссе - тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарға жаңа қырынан қарап, өзінше толғап, тың болжамдар мен түйіндеулерге құрылатын философияның, эстетиканың, әдеби сынның, публицистиканың, көркем әдебиеттің жанры.

Әдеби эссе басқа эссе түрлеріне ұқсамайды. Біріншіден, ол әдеби шығармаларға негізделген. Екіншіден, автордың айтқысы келген идеяларын болжап түсінуге негізделген, яғни түсіндірмені қажет ететін пікірталас немесе жұмбақты табуды қажет етеді. Ол үшін тәжірибе керек. Таңдаған шығармаңызға басқа көзбен қарасаңыз, ерекше қолданылған әдеби жанрлар, күтпеген сюжеттер мен оқиғаларға, тіл ерекшеліктеріне толы болады.

Тапсырма. Мәтіндегі ұлттық құндылықтарды анықтап, баға беріңдер.

«Қазақтың қара өлеңі – құдіретім» тақырыбында амаңдасу, танысу өлеңдері бойынша әдеби эссе жазыңдар.

Бағалау критерийлері:

1. Тақырыпты ашады;
2. Ойын жүйелі жеткізеді;
3. Тілдің көркемдегіш құралдарын орынды қолданады.
4. Өзіндік ой қорытындысын жасайды.

Рефлексия Жетістік баспалдағы

- Не білгім келеді?
- Неден қиналдым?
- Не білдім?

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: <i>Қуатты ойдан бас құрап</i>	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	5- сабақ	Қатыспағандар саны:

Сабақ тақырыбы	Абай Құнанбайұлы. «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңі.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	А/И2.Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау.
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> - Өлеңдегі авторлық идеяны ашады; - Өмір шындығымен байланысын ашады.
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> - туған елге сүйіспеншілік; - еңбек; - өнер

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Қызығушылықты ояту Абай Құнанбайұлының «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңін тыңдату.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өлең ұнады ма? Несімен әсер етті? - Кімдерге арналған, не мақсатта жазылған деп ойлайсыңдар? 	
Сабақтың ортасы	<p>Әсемпаз болма әрнеге, Өнерпаз болсаң, арқалан. Сен де — бір кірпіш, дүниеге Кетігін тап та, бар қалан!</p> <p>Қайрат пен ақыл жол табар Қашқанға да, қуғанға. Әділет, шапқат кімде бар, Сол жарасар туғанға.</p> <p>Бастапқы екеу соңғысыз Біте қалса қазаққа, Алдың — жалын, артың — мұз, Барар едің қай жаққа?</p>	<p>Пайданы көрсең бас ұрып, Мақтанды іздеп, қайғы алма. Мініңді ұрлап жасырып, Майданға түспей бәйгі алма</p> <p>Өзіңде бармен көзге ұрып, Артылам деме өзгеден. Күндестігін қоздырып, Азапқа қалма езбеден.</p> <p>Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегің кетпес далаға. Ұстазтық қылған жалықпас Үйретуден балаға. https://bilim-all.kz/olen/591</p>
	<p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өлеңде әрбір жанға қандай қасиеттер қажет дейді? - Әр адамды дүниенің кірпіші деп білуінде не мән бар? - «Кетігін тауып қалану» міндетін қалай түсінесіңдер? - Өлеңнің түйінді ой не деп ойлайсыңдар? <p>Тапсырма. Өлеңге сатылай-кешенді талдау жасаңдар. Тақырыбы:</p>	

	<p>Жанр түрі: Идеясы: Шумағы: Тармағы: Бунағы: Ұйқасы: Тіл көркемдігі(теңеу, эпитет, метафора, афоризм): Бағалау критерийлері: 1.Тақырыбын, идеясын ашады; 2. Өлең құрылысына талдау жасайды; 3. Тілдің көркемдегіш құралдарын ажыратады. 4. Өзіндік ой қорытындысын жасайды.</p> <p>Рефлексия Жетістік баспалдағы - Не білгім келеді? - Неден қиналдым? - Не білдім?</p>
--	--

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Қуатты ойдан бас құрап	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	6- сабақ	
Сабақ тақырыбы	Шәкәрім Құдайбердіұлы «Өмір» өлеңі	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	А/И2.Эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау.	
Бағалау критерийлері	- поэзиялық шығармадағы автор бейнесін анықтайды.	
Құндылықтарды дарыту	- туған елге сүйіспеншілік; - еңбек; - өнер	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың	Ұйымдастыру кезеңі:

басы	<p>Ой қозғау Шәкәрім Құдайбердіұлының қандай өлеңдерін білесіңдер? Өлеңдерінде қандай мәселе көтеріледі? «Өмір» өлеңі</p>			
Сабақтың ортасы	<p>Біреу маған от жақ деп қылды бұйрық, Жағайын деп ұмтылдым, көңіл жүйрік. От жаққалы жатқаным –бір үлкен үй, Отын жиып қойыпты талай күндік.</p> <p>Шақпақ шағып жібердім, қуға түсті, Тұтандырып алуым болды күшті. Қызыл өңеш болғанда азар жанып, Соған шейін асығып, ішім пысты.</p> <p>Отқа әкеліп отынды салып еді, Жалын шығып лапылдап жанып еді. Үй жылынса, қайтейін, залал да көп, Жалын барып талайды шалып еді.</p> <p>Жалын кетіп, аздан соң шоқ болды күр, Отын бітті, үрсем де жана алмай тұр. Жалынды оттай жайнаған, қайран, 28</p>	<p>өмір, Шоқ сөнген соң қап-қара болды көмір. Үш-ақ түрлі өмір бар: бәрі де – мас, Бір рәуішті болады шал менен жас. Ең керекті дегенің – ортаншы өмір, Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.</p> <p>Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын, Өкініші қалмайды, кетсе ағатың. Күні-түні дей көрме, ғылым ізде, Қалсын десең артыңда адам атың.</p> <p>Өмірдің басы – бала, ортасы – адам, Қартайып, шал болған соң кетті шамаң. Мақтап жүрген өмірің осы болса, Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тамам. https://bilim-all.kz/olen/477-Omir</p>		
<p>Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Ақын ең алдымен өз жайын, мұңын, арманын, қуаныш сезімін жыр ету арқылы халықтың тағдырын, қайғысын, күйзелісін, қуаныш-шаттығын, тілек-мақсаттарын білдіреді. Нағыз лирикалық туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Лирика көлемі жағынан өте ықшам келеді. Оқиғадан гөрі отты сезім басымдау, күллі сурет сол сезім маңына, бас-аяғы тұжырымды бірер философиялық ой маңына жинақталады.</p> <p>Тапсырма. Ж.ЖЖ. Оқушылар өлеңнен автор бейнесін анықтап, лирикалық қаһарманға сипаттама жазады. Жаңа идея мен бағыттарға қосқан үлесін анықтау үшін төмендегі кестедегі үзінділермен «Түсінемін, Анықтаймын, Байланыстырамын, Ықпал етемін, Сенемін» тұжырымдарын басшылыққа алып, жұмыс істейді.</p> <table border="1" data-bbox="336 1821 938 2040"> <tr> <td data-bbox="336 1821 938 1883">Өлеңнен үзінді</td> </tr> <tr> <td data-bbox="336 1883 938 2040"> <p>Үш-ақ түрлі өмір бар: бәрі де – мас, Бір рәуішті болады шал менен жас. Ең керекті дегенің – ортаншы өмір, Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.</p> </td> </tr> </table>			Өлеңнен үзінді	<p>Үш-ақ түрлі өмір бар: бәрі де – мас, Бір рәуішті болады шал менен жас. Ең керекті дегенің – ортаншы өмір, Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.</p>
Өлеңнен үзінді				
<p>Үш-ақ түрлі өмір бар: бәрі де – мас, Бір рәуішті болады шал менен жас. Ең керекті дегенің – ортаншы өмір, Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.</p>				

	<p>Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын, Өкініші қалмайды, кетсе ағатың. Күні-түні дей көрме, ғылым ізде, Қалсын десең артыңда адам атың.</p> <p>Өмірдің басы – бала, ортасы – адам, Қартайып, шал болған соң кетті шамаң. Мақтап жүрген өмірің осы болса, Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тамам.</p>	
<p>Бағалау критерийлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Тақырыбын, идеясын ашады; 2. Өлеңдегі кейіпкерді анықтау арқылы лирикалық кейіпкер туралы пікір қалыптастырады; 3. Лирикалық кейіпкердің көңіл күйін сараптайды. 4. Өзіндік ой қорытындысын жасайды. <p>Рефлексия Жетістік баспалдағы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Не білгім келеді? - Неден қиналдым? - Не білдім? 		

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Әдебиет және қоғам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 71	7- сабақ	
Сабақ тақырыбы	<i>Шоқан және Мағжан шығармаларындағы үндестік</i>	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Б/С4.Ғылыми еңбектерге сүйене отырып, сыни шолу жазу.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> - ғылыми еңбектерге сүйенеді ; - әдеби сын жазады. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> - туған елге сүйіспеншілік; - салт-дәстүр; - әдет-ғұрып 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет		
<p>Сабақтың басы</p> <p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Теориялық түсінік.</p> <p>М.Жұмабаев өз өлең-поэмаларына ғалымдардың еңбектеріндегі сюжеттерді, тарихи оқиғаларды, аңыздарды, фольклорлық шығармаларды арқау етіп алған. Мәселен, «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян» поэмаларына ақын Ш.Уәлихановтың «Тәңірі», «XVIII ғасыр батырлары» жөніндегі тарихи аңыздар мақалаларын негіз етіп, сюжетін алған.</p> <p>Мағжан поэтикасында символ дәрежесіне көтерілген бірнеше тұрақты образ бар. Олар: Ай, күн, жұлдыз, жел, от, қайың. Біз Мағжан өлеңдерінде кездесетін осы бейнелерді ғалым Ш.Уәлихановтың ғылыми еңбектерімен байланыстыра қарап, салыстырып зерттейік.</p> <table border="1" data-bbox="427 779 1423 1473"> <tr> <td data-bbox="427 779 1018 1473"> <p>«Мұсылмандыққа дейін табынып келген:күн,ай,жұлдыздар жаңа ислам тарапынан дәріптелмесе де, осы күнге дейін құрметтеліп, елдің әдет-ғұрпында сақталып қалды »деп көрсеткен... «Қазақтар жұлдыздардың жер бетіндегі бақытқа әсер ететініне сенеді...әрбір жұлдыз жердегі әрбір адамның жанымен сәйкестік тұтастықта, адам өлгенде оның аспандағы жұлдызы да жерге ағып түседі. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көрген қазақтар: «Менің жұлдызым жоғары!» деген немесе ернін жыбырлатқан. Болып – толған бақытты адамды «жұлдызы жанған» деседі, - деп жазады.[Шоқан Уәлиханов.таңдамалы.Алматы, Жазушы» 1985, 179 бет].</p> </td> <td data-bbox="1026 779 1423 1473"> <p>Көктің сансыз көздері, Алдамандар ойнақтап. Шақырғанмен бара алман, Бұлт, тез шық та, бетін жап.. Не дейді, білдір, бұл аспан?! /«Жұлдыздарға» өлеңінен./</p> <p>Көкке тіктім көзімді, Жұлдыздардан жол сұрап. Көк – бір дария қара көк, Жұлдыздан әлі жауап жоқ. /«Толқындап ойнап» өлеңінен./</p> </td> </tr> </table> <p>Ж. «РАФТ стратегиясы» Оқушыларға тақырып бойынша ғылыми еңбектерді негізге алып «РАФТ стратегиясы» бойынша сыни шолу жазу тапсырылады.</p> <p>Рөл– кез келген рөлге ену Аудитория – тыңдарман, оқырман, қауым Форма – сыни шолу Тақырып – жұлдыздар құпиясы Әрбір оқушы барлық сыныппен талқылау үшін стилистикалық бір тәсілді таңдайды. Мысалы, «авторлық еркіндік»тәсілі, осы тәсіл арқылы жазушының қолдану әсерін толығымен және нақты түсіндіреді. Тәсіл сипаттаушы емес, сараптамалық болуы тиіс. Қалыптастырушы бағалау. Бағалау критерийлері: 1. Ұлылар үндестігін ашады;</p>	<p>«Мұсылмандыққа дейін табынып келген:күн,ай,жұлдыздар жаңа ислам тарапынан дәріптелмесе де, осы күнге дейін құрметтеліп, елдің әдет-ғұрпында сақталып қалды »деп көрсеткен... «Қазақтар жұлдыздардың жер бетіндегі бақытқа әсер ететініне сенеді...әрбір жұлдыз жердегі әрбір адамның жанымен сәйкестік тұтастықта, адам өлгенде оның аспандағы жұлдызы да жерге ағып түседі. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көрген қазақтар: «Менің жұлдызым жоғары!» деген немесе ернін жыбырлатқан. Болып – толған бақытты адамды «жұлдызы жанған» деседі, - деп жазады.[Шоқан Уәлиханов.таңдамалы.Алматы, Жазушы» 1985, 179 бет].</p>	<p>Көктің сансыз көздері, Алдамандар ойнақтап. Шақырғанмен бара алман, Бұлт, тез шық та, бетін жап.. Не дейді, білдір, бұл аспан?! /«Жұлдыздарға» өлеңінен./</p> <p>Көкке тіктім көзімді, Жұлдыздардан жол сұрап. Көк – бір дария қара көк, Жұлдыздан әлі жауап жоқ. /«Толқындап ойнап» өлеңінен./</p>
<p>«Мұсылмандыққа дейін табынып келген:күн,ай,жұлдыздар жаңа ислам тарапынан дәріптелмесе де, осы күнге дейін құрметтеліп, елдің әдет-ғұрпында сақталып қалды »деп көрсеткен... «Қазақтар жұлдыздардың жер бетіндегі бақытқа әсер ететініне сенеді...әрбір жұлдыз жердегі әрбір адамның жанымен сәйкестік тұтастықта, адам өлгенде оның аспандағы жұлдызы да жерге ағып түседі. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көрген қазақтар: «Менің жұлдызым жоғары!» деген немесе ернін жыбырлатқан. Болып – толған бақытты адамды «жұлдызы жанған» деседі, - деп жазады.[Шоқан Уәлиханов.таңдамалы.Алматы, Жазушы» 1985, 179 бет].</p>	<p>Көктің сансыз көздері, Алдамандар ойнақтап. Шақырғанмен бара алман, Бұлт, тез шық та, бетін жап.. Не дейді, білдір, бұл аспан?! /«Жұлдыздарға» өлеңінен./</p> <p>Көкке тіктім көзімді, Жұлдыздардан жол сұрап. Көк – бір дария қара көк, Жұлдыздан әлі жауап жоқ. /«Толқындап ойнап» өлеңінен./</p>		

	<p>2. Өлеңдегі, ғылыми еңбектегі мәселеге баға береді</p> <p>3. Өзіндік ой қорытындысын жасайды.</p> <p>Рефлексия <i>Жетістік баспалдағы</i></p> <p>- Не білгім келеді?</p> <p>- Неден қиналдым?</p> <p style="padding-left: 40px;">- Не білдім?</p> <p>Әдеби сын көркем шығармаға эстетикалық баға беріп, бейнеленген өмір шындығының көркемдік шындыққа қалайша айналғандығын саралайды, оның мән-маңызын түсіндіреді, әдеби өмірдің бүгінгі ерекшелігін айқындап, бағыт сілтейді. Әдеби сынының әдебиет тарихынан бір айырмашылығы ол – бүгінгі шығармаларды талдап, оларға қазіргі кезең талаптары тұрғысынан баға береді. Әдеби шығарманы оқыған адам ол жөнінде өз пікірін, көзқарасын білдіре отыра алмайды. Әдеби сын – оқушыға тура жол көрсететін ақылшы.</p>
--	--

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Әдебиет және қоғам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	8- сабақ	
Сабақ тақырыбы	Мағжан Жұмабайұлы «Туған жер» өлеңі	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	А/И2.Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> - өлеңдегі автор позициясын анықтайды; - авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындайды. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> - туған жерге сүйіспеншілік; - елжандылық сезім; - адамгершілік 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау Мағжан Жұмабайұлының қандай өлеңдерін білесіңдер?

Сабақтың ортасы	Өлеңдерінде қандай мәселе көтеріледі? «Туған жер» өлеңі							
	<p>Бұл жарыққа аяқ басып туған жер, Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер. Жастық - алтын, қайтып келмес күнімде Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер. Жаратылдым топырағыңнан, сен - түбім. Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім. Сенен басқа жерде маған қараңғы, Жарық болар Шолпан, Айым, сен - Күнім. Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес, Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес. Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы, Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..</p>	<p>Балақ түріп, қозы қуып, жарысып. Батпағында тең құрбымен алысып. Түнде - ақсүйек, алтыбақан, ал күн Үйретем деп асау тайға жабысып. «Адам басы - Алла добы» деген рас, Қалай қуса, солай кетпек бас. Кім біледі, мен де шетке кетермін. Туған жерім, сені тастап басым жетпес.</p> <p>https://bilim-all.kz/olen/1308-Tugan-zher</p>						
<p>Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Ақын ең алдымен өз жайын, мұңын, арманын, қуаныш сезімін <u>жыр</u> ету арқылы халықтың тағдырын, қайғысын, күйзелісін, қуаныш-шаттығын, тілек-мақсаттарын білдіреді.</p> <p>Нағыз лирикалық туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Лирика көлемі жағынан өте ықшам келеді. Оқиғадан гөрі отты сезім басымдау, күллі сурет сол сезім маңына, бас-аяғы тұжырымды бірер <u>философиялық</u> ой маңына жинақталады.</p> <p>Тапсырма. «Зерделе.Ойлан. Тап» тәсілі бойынша өлеңге талдау жасандар.</p>								
<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="427 1731 774 1787">Зерделе</th> <th data-bbox="774 1731 1098 1787">Ойлан</th> <th data-bbox="1098 1731 1441 1787">Тап</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="427 1787 774 2049">Бұл бөлімде оқушы мәтінде көтерілген мәселені анықтайды. Оқушыға скофолдинг ретінде түрткі сұрақтар, ашық сұрақтар қоя отырып</td> <td data-bbox="774 1787 1098 2049">Оқушы мәтінде көтерілген мәселе арқылы айтылған түйінді ойды, идеяны ойланады. Оларға скофолдинг ретінде мәтін идеясы</td> <td data-bbox="1098 1787 1441 2049">Мәтін бойынша қорытынды шығарады, мәтіндегі оқиғаны өмірмен байланыстырады, оны</td> </tr> </tbody> </table>			Зерделе	Ойлан	Тап	Бұл бөлімде оқушы мәтінде көтерілген мәселені анықтайды. Оқушыға скофолдинг ретінде түрткі сұрақтар, ашық сұрақтар қоя отырып	Оқушы мәтінде көтерілген мәселе арқылы айтылған түйінді ойды, идеяны ойланады. Оларға скофолдинг ретінде мәтін идеясы	Мәтін бойынша қорытынды шығарады, мәтіндегі оқиғаны өмірмен байланыстырады, оны
Зерделе	Ойлан	Тап						
Бұл бөлімде оқушы мәтінде көтерілген мәселені анықтайды. Оқушыға скофолдинг ретінде түрткі сұрақтар, ашық сұрақтар қоя отырып	Оқушы мәтінде көтерілген мәселе арқылы айтылған түйінді ойды, идеяны ойланады. Оларға скофолдинг ретінде мәтін идеясы	Мәтін бойынша қорытынды шығарады, мәтіндегі оқиғаны өмірмен байланыстырады, оны						

	тақырыпты ашады. Оқушы өзі де мәселе бойынша 3 ашық сұрақ құрастырады.	бойынша шығармашылық жұмыс (сурет, сызба, мүсін арқылы) жасау.	қай кезде қолдануға болатынына тұжырым жасайды. Ұсынылған дайын шаблондар арқылы оқушыға қолдау көрсетеді.
<p>Рефлексия <i>Жетістік баспалдағы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Не білгім келеді? - Неден қиналдым? - Не білдім? 			

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Әдебиет және қоғам	Балалар әдебиеті		
Сынып: 7	9- сабақ		
Сабақ тақырыбы	Ж.Аймауытов. «Бозторғай» («Ақбілек» романынан үзінді)		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Т/Ж1.Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау.		
Бағалау критерийлері	- мәтіннің сюжеттік- композициялық ерекшеліктерін талдайды.		
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық 		

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау Ж.Аймауытовтың қандай шығармаларын білесіңдер? Бозторғай деген құсты білесіңдер ме?</p>
Сабақтың ортасы	<p>Бозторғай Әне алыста безек бір торғай тұр шырылдап. Бейне әуеге шегелеулі тұрғандай, бір орнынан тапжылмайды, қанаттары дірілдеп. Сол</p>

торғайдың шырылдағы ащы тиді құлаққа. Өзгелерден үні өзгеше, не болды екен бейбаққа? Сол торғайдың маңайында жаны ашыған арашашы жандарша, төрт-бес торғай айнала ұшып, таяу-таяу бара түсіп, ап кетуге тас қорғанды бұза алмаған ерлерше тиіп-қашып өтіп жатыр о жаққа бір, бұ жаққа.

Бір мезгілде әлгі торғай жансыз тастай ағып түсті топ етіп. Ақбілек те оқ бойы жер кеп еді. Ол торғайдың түскен жері қалың шөп. Көз айырмай қарап келеді Ақбілек. Әлгі торғай қалың шөпке түсті де, қалбалаңдап, далбалаңдап, шөпке таман айналаңдап шыр-шыр етіп, безек қағып, олай-бұлай шоршыды. Бұ байғұсқа не болды?— деп жетіп келсе қасына — қалың шөпте жатыр екен білектей бір сұр жылан. Сұр жыланның найза басы қақшиған, бейне ажал, алмас көзі бозторғайға шұқшиған, айыр тілін жалаң-жалаң еткізіп, ысқырғанда өңбеніңнен өткізіп, арбап, буып, уытын жиып, торғай сорды топылдатып, қылқ еткелі тұр екен. Сұр жыланның атып жыққан оқ көзінен көз айырап бозторғайда дәрмен жоқ; қалбалаңдап, далбалаңдап, оршып түсіп, тұмсығына тиер-тимес елбелектеп жүр екен. Бір «Ап!» десе біткені ғой жұмысы. Торғай қашан аузына кеп түскенше, оқты көзін қадап, айыр тілін жалақтатып жатады екен, сұм жылан.

Бозторғайды аяп кетті Ақбілек, сұр жыланды сойылшамен салды келіп қақ бастан. Жауыз басы астына кеп, солаң ете дүрс етті. Торғай сорлы есеңгіреп қалған екен: жығылып тұрып, жер бауырлап, қырындап-қырындап барып жөндікті: шыр етіп, шыбын-шіркей боп аспанға бір-ақ ұшты. Тулап жатқан жыланды Ақбілек табандатып тағы екі ұрды да, жөніне жүре берді.

«Жылан торғайды арбап жейді» дегенді Ақбілек бала кезінде естіген. Мынаны көрген соң, «Құлақ естігенді көз көрет» деген осы-ау деп ойлады. «Бұ жауыздың көзінде не сиқыр бар?!» — деп ішінен таң қалды. Манадан бері уайым басып, жабығып келе жатқан кісі жүрегі қаттырақ соғып, тамырлары желпініп, шаршағанын ұмытып кетті. Торғайды ажалдан аман алып қалғанына қуанды. Жыланды өлтіргенге ерленді. Әрі ырым көрді. Торғай бір бейбақ қой! О байғұста не зиян бар?

«Торғай, торғай атым бар,

Бір жапырақ етім бар.

Маған тиген балалар,

Ата-анаң өліп жетім қал!»,—

деп қарғайтын торғай емес пе? Ешкімге жазығы жоқ қой.

<https://kitap.kz/book/aqbilek>

Тапсырма.

1. Ұжымдық тапсырма. Оқушылар романнан үзіндіні оқиды

Топтық тапсырма.

1-топ. *Ойланыңыз.* Әңгіме желісі бойынша жоспар құрады.

2-топ. *Суреттеңіз.* Жыланға арбалған бозторғай кейпін суреттейді.

3-топ. *Өңдеңіз.* Әңгімені басқаша өрбітіп, өңдеп жазады.

2. Жекелеме тапсырма. Әңгімеге композициялық жоспар құрады.

3. «Үш түрлі күнделікпен» жұмыс.

Мәтіннен ерекше әсер еткен жолдар

Жеке түсінік беру: осы жолдарды не үшін жаздыңыз?

«Мұғалімге хат» сұрақтар

		Қандай ой туғызды? Соған байланысты қандай сұрақ туды?	
<p>Рефлексия <i>Жетістік баспалдағы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Не білгім келеді? - Неден қиналдым? - Не білдім? 			

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Әдебиет және қоғам	Балалар әдебиеті		
Сынып: 7	10- сабақ		
Сабақ тақырыбы	А.Байтұрсынов. «Ағаш» мысалы		
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Т/Ж1.Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну		
Бағалау критерийлері	Мысалға сюжеттік-композициялық талдау жасайды; Мысалдың идеялық мазмұнын түсінеді		
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық • Академиялық шыншылдық • Өмір бойы білім алу • Әлемдік азаматтық 		

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау</p> <ul style="list-style-type: none"> - А.Байтұрсыновтың қандай шығармаларын білесіңдер?

<p>Сабактың ортасы</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Мысал деп қандай шығармаларды айтады? - Ағаш арқылы не айтқысы келген деп ойлайсың? <p>Тапсырма.</p>	
	<table border="1" style="width: 100%;"> <tr> <td style="width: 50%; vertical-align: top;"> <p>Орманға балтасымен келді Мұжық, Аралап ағаш таңдап жүрді кезіп. «Апырмай, аман қалсақ жарар ед», - деп, Жанынан көрген Ағаш тұрды безіп. Мұжыққа бір жас Ағаш айтады сөз: «Құдайдан тілеуші едім келтір деп кез. Мың да бір алғыс саған берер едім, Осы үлкен Ағаштардан құтқарсаң тез. Тынышыма бұлар мені өсірмейді, Тасалап, күннің көзін түсірмейді. Осылар тұрғаннан соң, жер тар болып, Еркінше тамырларым кесілмейді. Менде жоқ бұларға айтар амал енді, Деп тұрмын: «Құтқарушым жаңа келді!» 36 Қоршалап, жан - жағымнан қамап алып, Аслан жібермейді самал желді. Болған соң шамам келмес, өштеспедім, Қиратып, әлім жетсе, кеспес пе едім? Жайқалып жапырағым әлдеқашан, Көркі боп осы араның өспес пе едім?! Бұлайша өтер ме еді өмір текке, Зор пайдам тимес пе еді төңірекке?</p> </td> <td style="width: 50%; vertical-align: top;"> <p>Қираған ағаштарға қарап тұрып, Қуанды мұқатқандай жауын қырып. Біреудің бағы бастан көшерінде, Қас болар жақынымен, Құдай ұрып. Айрылып жан - жағында панасынан, Қорқады өтсе дағы құйын жүріп. Ұрынып жаз ыстыққа, қыс суыққа, Біресе бұршақ соғып, болды құрып! Ол қанша пайда тапты жалғыз тұрып, Өзгенің әлек етіп бәрін қырып? Ағашта құрап тұрған әл болсын ба, Кетіп ед дауыл соғып, қалды сынып. Сонда оған сынып жатқан Жылан келді: «Өзіңе бөле тілеп алдың, - деді. - Қорғаушы жаныңдағы ағаштардың Кінәсіз бәріне ылаң салдың, - деді. Панаңды күннен, желден қорғап тұрған Қырғызып, өзің жалғыз қалдың, - деді. - Алланың арам пейіл сүймес құлы, Отыңа өзің жаққан жандың», - деді. Жігіттер, жақынымен болмаңдар қас, Қас болған жақынымен ақырда оңбас. Ағайын бірі - пана, бірі - қару, Кісіге жеке - саяқ бақыт қонбас. Кей ақымақ әлек етер жақындарын, Аямай жұмсап күш пен ақылдарын. Жау түгіл, иттен бойын қорғай алмай, Қаптырар ақырында тақымдарын.</p> </td> </tr> </table>	<p>Орманға балтасымен келді Мұжық, Аралап ағаш таңдап жүрді кезіп. «Апырмай, аман қалсақ жарар ед», - деп, Жанынан көрген Ағаш тұрды безіп. Мұжыққа бір жас Ағаш айтады сөз: «Құдайдан тілеуші едім келтір деп кез. Мың да бір алғыс саған берер едім, Осы үлкен Ағаштардан құтқарсаң тез. Тынышыма бұлар мені өсірмейді, Тасалап, күннің көзін түсірмейді. Осылар тұрғаннан соң, жер тар болып, Еркінше тамырларым кесілмейді. Менде жоқ бұларға айтар амал енді, Деп тұрмын: «Құтқарушым жаңа келді!» 36 Қоршалап, жан - жағымнан қамап алып, Аслан жібермейді самал желді. Болған соң шамам келмес, өштеспедім, Қиратып, әлім жетсе, кеспес пе едім? Жайқалып жапырағым әлдеқашан, Көркі боп осы араның өспес пе едім?! Бұлайша өтер ме еді өмір текке, Зор пайдам тимес пе еді төңірекке?</p>
<p>Орманға балтасымен келді Мұжық, Аралап ағаш таңдап жүрді кезіп. «Апырмай, аман қалсақ жарар ед», - деп, Жанынан көрген Ағаш тұрды безіп. Мұжыққа бір жас Ағаш айтады сөз: «Құдайдан тілеуші едім келтір деп кез. Мың да бір алғыс саған берер едім, Осы үлкен Ағаштардан құтқарсаң тез. Тынышыма бұлар мені өсірмейді, Тасалап, күннің көзін түсірмейді. Осылар тұрғаннан соң, жер тар болып, Еркінше тамырларым кесілмейді. Менде жоқ бұларға айтар амал енді, Деп тұрмын: «Құтқарушым жаңа келді!» 36 Қоршалап, жан - жағымнан қамап алып, Аслан жібермейді самал желді. Болған соң шамам келмес, өштеспедім, Қиратып, әлім жетсе, кеспес пе едім? Жайқалып жапырағым әлдеқашан, Көркі боп осы араның өспес пе едім?! Бұлайша өтер ме еді өмір текке, Зор пайдам тимес пе еді төңірекке?</p>	<p>Қираған ағаштарға қарап тұрып, Қуанды мұқатқандай жауын қырып. Біреудің бағы бастан көшерінде, Қас болар жақынымен, Құдай ұрып. Айрылып жан - жағында панасынан, Қорқады өтсе дағы құйын жүріп. Ұрынып жаз ыстыққа, қыс суыққа, Біресе бұршақ соғып, болды құрып! Ол қанша пайда тапты жалғыз тұрып, Өзгенің әлек етіп бәрін қырып? Ағашта құрап тұрған әл болсын ба, Кетіп ед дауыл соғып, қалды сынып. Сонда оған сынып жатқан Жылан келді: «Өзіңе бөле тілеп алдың, - деді. - Қорғаушы жаныңдағы ағаштардың Кінәсіз бәріне ылаң салдың, - деді. Панаңды күннен, желден қорғап тұрған Қырғызып, өзің жалғыз қалдың, - деді. - Алланың арам пейіл сүймес құлы, Отыңа өзің жаққан жандың», - деді. Жігіттер, жақынымен болмаңдар қас, Қас болған жақынымен ақырда оңбас. Ағайын бірі - пана, бірі - қару, Кісіге жеке - саяқ бақыт қонбас. Кей ақымақ әлек етер жақындарын, Аямай жұмсап күш пен ақылдарын. Жау түгіл, иттен бойын қорғай алмай, Қаптырар ақырында тақымдарын.</p>	

Көлеңкем кең даланың көбін
жауып,
Таласып тұрмас па еді төбем
көкке?!»
Ағаштың сөзін Мұжық қабыл
алды,
Қиратып, бәріне де ойран
салды.
Кесіліп Ағаш біткен жан -
жағында,
Сорайып манағы Ағаш жалғыз
қалды.

*Мысал - қысқа астарлы тәрбиелік мәні бар өлең, әңгіме. Мысалдағы кейіпкерлер адам тілінде сөйлейтін жануарлар немесе өсімдіктер болуы мүмкін. Мысалдық баяндау астарлы болады. Мысалдың басында немесе соңында адамгершілікке тәрбиелеу мақсатындағы негізгі ой тұжырымдалады. Мысал - қысқа астарлы тәрбиелік мәні бар өлең, әңгіме. Мысалдағы кейіпкерлер адам тілінде сөйлейтін жануарлар немесе өсімдіктер болуы мүмкін. Мысалдық баяндау астарлы болады. Мысалдың басында немесе соңында адамгершілікке тәрбиелеу мақсатындағы негізгі ой тұжырымдалады.

1. Ұжымдық тапсырма. Оқушылар мысалды оқиды

2. **Жекелеме тапсырма.** Мысалға композициялық жоспар құрады.

Топтық тапсырма.

Т. «Әдеби үйірме» әдісі бойынша

1- қадам: Оқушылар мысалды оқиды .

2- қадам: Оқушыларды 6 топқа бөліп отырғызып, 6 қызмет жазылған бүктелген қағаздарды алдына тастаңыз. Олар қағаздарды алып, ашып, өздерінің қызметімен танысады. Қызмет түрлері:

Зерттеуші - өлеңдегі бас кейіпкер ақының көңіл күйін, өлең жазуда көздеген мақсатын зерттейді.

Баяндап беруші - өлеңнің идеясын, ақын өмір сүрген кездегі қоғам ерекшелігі туралы қосымша мәлімет дайындайды.

Сұрақ құрастырушы - мысал бойынша сұрақ құрастырады. Сұрақтар төменгі және жоғары деңгейлі болуы қажет.

Сілтемелер табушы - өлеңнің тақырыбына сәйкес афоризмдер мен мәтелдер табады.

Бейнелеуші - өлеңнің мазмұнына сай немесе көтерілген мәселеге қатысты сурет салады.

Дәнекер – автор көтерген мәселелерді бүгінгі өмірмен байланыстырады.

Қалыптастырушы бағалау

Рефлексия *Жетістік баспалдағы*

- Не білгім келеді?

- Неден қиналдым?

- Не білдім?

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Әдебиет және қоғам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	11- сабақ	
Сабақ тақырыбы	<i>М.Әуезов «Жетім» әңгімесі</i>	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	А/И2.Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау.	
Бағалау критерийлері	-Шығармадағы авторлық идеяны ашады; - өмір шындығымен байланысын айқындайды.	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық • Академиялық шыншылдық • Өмір бойы білім алу • Әлемдік азаматтық 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау</p> <p>- М.Әуезовтің қандай шығармаларын білесіңдер?</p> <p>Тапсырма. Әңгіме оқиғасы ары қарай қалай жалғасуы мүмкін? (болжам жасау)</p>
Сабақтың ортасы	<p>Бірақ күндер өтті. Қасым жетім болды. Жетімдік бұған өзін барлық суық пішінінде емін-еркін танытты. Қатал тағдыр мықты қолымен қатты ұстады.</p> <p>Күннен-күнге өткен сайын әжесі келмейтін болып, алыстай бастады. Оның бейіті Ұлытаудың бөктерінде алыста қалды. Ауыл тау асып көшіп кетті. Әжесі тірі болған күн Қасымның көңілінен сұлу сағымдай, жазғытұрғы мамық түсті бұлттай болып, қайта оралмастай боп жоғала бастады. Әжесінің мұны уатып айтатын ертегісі, кешкі мезгілде алдына алып күпісіне орап отырып, тербетіп айтатын сезімді қоңыр әні де жоғалды. Өшті. Қасымның үмітті жарық күні де батты.</p> <p>Әжесі өткен соң «жақынымын» деп, жаны ашыған ие болып шығып, Иса деген ағайыны Қасымды қолына алды. Қасымның әке-шешесінен отыз шақты қой, он шақты қара қалып еді.</p>

Исаға Қасымның малын берерде жұрт: «Жетімнің малына қиянат қылма! Өзін адам қыл, күт, асыра, жылатпа!» — деп тапсырған болып беріп еді.

Исаның балалары көп, малы жоққа жақын кедей болатын. Ұрысқақ долы қатыны Қадиша мен Иса Қасымды алғашқы қолына кіргізіп алысымен малды өз малындай, өз мүлкіндей баурай бастады.

Түнде ел жатқанда, жетім қозыдай тас бауыр болып қалған Қасым жат ұяда ұйықтай алмай, көрпенің астында үндемей жылап жатқанда, Иса мен Қадишаның әңгімесін есітіп еді.

Сонда олар Қасыммен бірге келген малдың санын азсынып, әрқайсысының түсін атап: «Әне бір көк саулық пен қарабас қойды соғымға жібереміз, қасқа сиырды сатып, үй-ішіне — бала-шағаға саудагерден бұл аламыз», — деп ашыққа салып, кеңесіп жатты.

Қасымның көрпе астында жылап жатып, мұрнын тартып дыбыс бергені де оларды бұрынғы әңгімеден тыйған жоқ еді.

Қасым осы түннен бастап бар қайғыны ішіне жия бастады. Маңайындағы көрші қатындар, сенімсіз топас шалдар:

— Бала, малыңа ие болуға жарамайсың?.. Әй, сені Иса жейді ғой. Сенің малыңды құртады ғой. Ие бол! — деген сөздерді айтқыштап қоятын.

Қасым сөйлеп, орынды сөз айтып жеңе алмайды. Бірақ көңіліне жетімдік, әлсіздік қайғысы зіл қара тастай орнап қалды. Аз заман өткенде бұрынғы толық ажарлы Қасым аппақ болып қуарып жүдеп, ылғи қабағы түйіліп, қайғы сызымен түксиіп алды. Жалғыздық, сорлылық кебін барлық пішінімен білдіретін болып еді.

<https://kitap.kz/book/muqtar-aezov-jetim>

2-тапсырма. Әңгіменің жалғасын оқиды.

Топтық тапсырма.

Білу: Шығарманың бұлай деп аталуы нені меңзейді?

Түсіну: Жазушы бас кейіпкерлерді қалай сипаттады?

Қолдану: Шығарманың өздеріне ұнаған жерінен монолог әзірленіздер.

Талдау: Автор: « Бірақ Қасымға ол көптен күткен қараңғы сырлы күшті қуаттың бірі болып көрінді. Сол кезде Қасымды шешесінің қабырына қарай тартқан жетім жүрек өзге денесінің іркілейін дегеніне ерік бермей, ілгері дедектетіп алып жүріп кетті. Бірақ бұл уақыттағы серігі кім? Періште дегені осы ма? Әлде жын ба? Әйтеуір енді алдында бұлдырлап, елестеп жүгіргендей болып, елбеңдеген бір нәрсе жолын бастап келе жатқан сияқты. Қасым бір уақыт кісі екен деп ес көргендей болып еді, артынан шоши бастады. Жүрегі сенімсіздік қаупімен тағы лүпілдеп соқты. Ақырын жүріп, кейіндегісі келді...» - деп нені айтқысы келіп отыр?

Жинақтау: “Ортада қаламсап” стратегиясы бойынша “Шын жүректен шыққан сөз” айдарымен шығармадағытүйінді ойды жинақтап, ойтолғау жазу

Бағалау: Осы шығарманы оқи отырып автордың адами құндылықтары мен шығармада ұстанған идеясы қандай деген ой туындады?

Ж/Т. 10 қысқа сөйлеммен шығарма сюжетін жазыңыз.

Топтар 1 минут ішінде шығарма сюжетін қайталамай, кібіртіктемей және мүдірмей рет-ретімен қояды.

	<p>3-тапсырма. «Серпілген сауалдар»</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жазушы шығармасына арқау болған тақырып не? • Автордың оқиғаны баяндау мәнері. • Автор өзі көтерген мәселені қаншалықты аша білген? • Қасымға, Қадиша мен Исаға деген көзқарасы қандай? • Автор осы шығармадағы көтерген тақырып арқылы ғаламдық мәселені көтере алды ма? • Кезегімен немесе қалаулары бойынша сұрақтар құрастыру және сұрақтарға жауап беру. <p>Дескрипторлар</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шығарманы түсінеді; • Сұрақтар құрастырады; • Өз жауаптарын ұсынады.
--	---

«Зерделе.Ойлан. Тап» тәсілі арқылы оқушылардың негізгі мәселе бойынша ой қорыту дағдыларын дамыту.

Мәтінмен жұмыста алдымен 7-сынып оқушыларының ойлау, ой қорыту дағдыларын дамытуда тиімді тәсіл ойладым. Ол тәсіл негізінен мәтінмен жұмыста кешенді түрде келуін көздедім, яғни алдымен негізгі ақпаратты, мәселені зерделеп, одан соң сол мәселе бойынша түйінді ойын анықтап, соңында ой қорытындысын жасауға қолайлы тәсіл болуын ойластырдым. Сынып оқушылары мәтінмен жұмыста көбінесе негізгі ақпаратты ажыратуда және шығармадағы негізгі мәселе, негізгі ойды анықтауда көпшілігінің қателесетіні, кей оқушылардың қиналатыны көрінді. Сондықтан «Зерделе.Ойлан.Тап» тәсілін ойлап, сынақтан өткізіп көрдім.Мәтінді оқып, мазмұнын меңгерген соң ондағы оқиғаны талқылауда «Зерделе» бөлімінде мәтінде көтерілген мәселені анықтайды, ол үшін оларға талқылау сұрақтарын қою арқылы скофолдинг жасайды және әр топ оқушылары өздері мәтін тақырыбы бойынша ашық сұрақтар құрастырып, өзге топ мүшелері жауап береді. «Ойлан» бөлімінде мәтіндегі авторлық позицияны, шығарма идеясын шығарады. Ол үшін шығармадағы детальді оқиғаларды саралап, ол бойынша ой қорытуда оқушы қалауымен шығармашылық жұмыс жасалады.(сурет, графиктік сызбалар). «Тап» бөлімінде оқушыларға дайын шаблондар беру арқылы ой қорытады. (шағын эссе, жоба қорғау).

Сөйтіп зерттеу жұмысының тақырыбы «Зерделе. Ойлан.Тап» тәсілі арқылы оқушының негізгі мәселе бойынша ой қорыту дағдыларын дамыту» түрінде алынды.

Зерттеу тақырыбы: ЗОТ(Зерделе.Ойлан.Тап.) тәсілі оқушылардың негізгі мәселе бойынша ой қорыту дағдыларын дамыту.

Оқушыларға арналған сауалнама

Сабақтың кезеңдерінде тапсырмаларды орындаудағы кедергілерді анықтау		Иә	Жоқ	Кейде
1	Мәтінмен жұмыста тірек сөздерді, негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді табуда қиындық тумады.		+	
2	Мәтінді талқылау кезінде мәселені анықтауда, кедергі кездеспейді.		+	
3	Мәтінде кездескен бейнелі сөздерді қолданып сөйлем құрай аламын			
4	Ұқсас мәтіндерді саралап, салыстыра аламын.			

Сабақтың кезеңдерінде тапсырмаларды орындаудағы кедергілерді анықтау		Иә	Жоқ	Кейде
.				
5	Өз ойымды тұжырымдап, шешім қабылдауда қиналамын		+	
6	Мәтіндегі оқиғаны жорамалдау, бағалау маған қиын емес			
7	Мәтін кейіпкерлері, оқиғалар менің танымыма, көзқарасыма, дүниетанымыма әсерін тигізеді.			

Сауалнама нәтижесінде оқушылардың көпшілігі тірек сөйлемдерді, негізгі ойды білдіретін сөйлемдерді табуда, басты мәселені ажыратуда, ойды нақты қорытуда қиналатындары көрінді. Сондықтан осы бағытта жұмыс жүргізілді. Сабақтың қолдану, талдау кезеңінде таңдап алынған тәсілді жүзеге асыруда бастапқы кезде қиналғанмен, сабақтарда қайталанып қолдану барысында оқушылар «ЗОТ» тәсілін басты мәселені, ақпаратты анықтауда тиімді қолданып, дағдылана бастады. Мәтінмен жұмыста осы тәсіл оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келетіні сабақ барысында нәтижеге қол жеткізгенінен байқалды. Оқушылардың ширегі алғашқы кезеңнен-ақ тәсілді меңгеріп алса, екінші кезеңде жартысы, үшінші кезеңде барлығы дерлік еркін қолдана алды.

«Зерделе. Ойлан. Тап» тәсілінің тиімділігіне келетін болсақ, оқушылар сабақта мәтіндегі негізгі ақпаратты, мәселені анықтауда, түйінді ой шығаруда қолдануға болатынына көз жеткіздік. Бүгінгі оқу мен оқытудағы басты мәселе – оқушының алған білімін өмірде оңтайлы қолдана алулары, ал мәтінмен жұмыс жүргізгенде мазмұнын ғана меңгеріп қоймай, сол мәтін бойынша өзіне керекті біліктілікті, өмірлік тәжірибені бойына сіңіре білу маңызды. Басты мәселені ажырата білген оқушы оны шешу жолдарын да табуға ізденіс, талпыныс жасайды. Өмірдегі өзіне қажетті мәселелерді анықтай білетін оқушы әр нәрседе өзін-өзі реттеп, оның бойында өздігінен дамуға ұмтылыс пайда болады. Сабақтың ортасында, талдау кезеңінде мәтіндегі басты мәселені, негізгі ойды тауып, өзіндік шешім қабылдауда, оқушының сыни ойлау дағдысын дамытуда мәтін бойынша жұмыс жүргізуге арнап құрастырылған «ЗОТ» тәсілінің тиімділігін байқадым. Зерттеу барысында бұл тәсілдің мәтінге кешенді түрде жан-жақты талдау жасауда, оқушының ойлау дағдысының дамуына әсер ететінін көрінді. Негізгі мәселені анықтап, сол мәселе бойынша өзіне ой түйіп, қорытынды шешім таба білген оқушы алған білімін өмірде де оңтайлы қолдана біледі деген ойдамын.

Бүгінгі оқу мен оқытудағы басты мәселе – оқушының алған білімін өмірде оңтайлы қолдана алулары, ал мәтінмен жұмыс жүргізгенде мазмұнын ғана меңгеріп қоймай, сол мәтін бойынша өзіне керекті біліктілікті, өмірлік тәжірибені бойына сіңіре білу маңызды.

М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесі бойынша қорытынды сабақ (12-сабақ)

Елбасы Н.Назарбаев жастар алдында сөйлеген сөзінде: «Баласын жетімдер үйіне беру деген қазақта болған жоқ. Бізде қазақтарда жетімдер үйі болмау керек» деген.

«Зерделе.Ойлан. Тап» тәсілі бойынша әңгімеге талдау жасаңдар.

Зерделе	Ойлан	Тап
<p>Бұл бөлімде оқушы мәтінде көтерілген мәселені анықтайды. Оқушыға скоффордиг ретінде түрткі сұрақтар, ашық сұрақтар қоя отырып тақырыпты ашады. Оқушы өзі де мәселе бойынша 3 ашық сұрақ құрастырады.</p>	<p>Оқушы мәтінде көтерілген мәселе арқылы айтылған түйінді ойды, идеяны ойланады; блиц-турнир сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Мәтін бойынша қорытынды шығарады, мәтіндегі оқиғаны өмірмен байланыстырады, оны қай кезде қолдануға болатынына тұжырым жасайды. Ұсынылған дайын шаблондар арқылы оқушыға қолдау көрсетеді. Дайын шаблондар арқылы («ПОПС» формуласы) эссе жазады.</p>
<p>Әңгіме композициясы</p> <p>I.Оқиғаның басталуы. Әкешесінен, әжесінен айырылған Қасымды Иса деген ағайынының қолына алуы.</p>	<p>Блиц –турнир сұрақтары</p> <p>1 минутта 10 сұраққа жауап беріңіз.</p> <p>1.М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесінде қандай мәселе көтеріледі?</p>	<p>«Жетім көрсен, жебей жүр»тақырыбына эссе жазу.</p> <p>Менің ойымша, бүгінгі қоғамдағы маңызды мәселелердің бірі – жетімдер тағдыры. Бұл – бүкіл әлемді елеңдетіп отырған мәселе.</p> <p>Себебі мен оны былай түсіндіремін: Жетімдер тағдыры бар елде мәселе болып көтеріліп жатса да, олардың саны көбеймесе, азаймай отыр.</p> <p>Өз ойымды мына мысалдармен</p>

<p>II. Оқиғаның байланысуы.</p> <p>Қасымның әкешесінен қалған малды Исаның иемденіп, өзін жалшылықта ұстауы.</p> <p>III. Дамуы.</p> <p>Қасымды Иса мен Қадишаның үйіне жолатпай қуып сабауы.</p> <p>IV. Шиеленісуі.</p> <p>Қасымның үйден қашып, әкешесінің моласына бет алуы.</p> <p>V. Шарықтау шегі.</p> <p>Түнгі қорқыныштан бала ойының шатасуы.</p> <p>VI. Шешімі.</p> <p>Қасымның өлімі.</p> <p>Эпилог. Үш жолаушының ағашқа қатып қалған баланы көруі.</p> <p>Әңгіме тақырыбын ашуда қойылатын сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қасым неге жеті түнде үйден қашып шықты? - Оның әжесінен айырылуы тағдырына қалай әсер етті? - «Жетім малына қиянат қылма. Өзін адам ет, күт, асыра, 	<p>2. Қасым бала өмірінің трагедиямен аяқталуына кімдер кінәлі?</p> <p>3. Қасымның бақытты болуға мүмкіндігі болды ма?</p> <p>4. Әңгіме оқиғасы арқылы автор қандай ой айтпақ болған?</p> <p>5. Жетім тағдырын көрсетуде табиғатты қалай суреттеген?</p> <p>6. Әңгіме арқылы қандай құндылықтар болу керектігін жеткізген?</p> <p>7. Әңгімедегі қарама-қайшы элементтер не?</p> <p>8. Бүгінгі өмірде балалардың жетім болуына себепкер факторлар қандай?</p> <p>9. «Жерде жетім жыласа, көкте періште қайғырады» деген мақалдан шығатын тағылым қандай?</p> <p>10. Бүгінгі қоғамда жетімдер болмау үшін қандай амалдар орындалуы керек?</p>	<p>дәлелдегім келеді: мысал ретінде өзіміз оқыған, менің көңіліме мұң ұялатқан М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесіндегі жетім баланың өмірі туралы жазғым келеді.</p> <p>«Жетім» әңгімесінде өткен замандағы ата-анасынан, бертінде әжесінен айрылған Қасым дейтін баланың аянышты тағдыры сөз болады. Әңгіме маған үлкен ой салды. Қасым тағдыры қандай аянышты! Адамдар неткен қатыгез! Ата-анасы, кейін қамқор әжесі өмірден өткен соң 11 жасар Қасым не көрмеді десеңізші!</p> <p>Жазушы әңгімеде өткен замандағы жетімдер тағдырын бар шындығымен ашып көрсеткен деп ойлаймын. Қасым өзін қоршаған ортадан, жақын адамдардан өгейлік көрді. Әлі толық есеймеген бала әке-шешесінен қалған мал-мүлікті иемденгендерімен қоймай, оны үйден қуып шыққан Иса мен Қадиша сынды қатыгез жандардан жылу таппады. Олар «Жетім малына қиянат қылма. Өзін адам ет, күт, асыра, жылатпа!» деген жұрттың сөзіне елең етпеді. Жалғыз өзі қараңғы түнде жаяу қашқан бала табиғаттан пана іздегендей болады. Түн қараңғылығында жүрегін қорқыныш билесе де, барар жер, басар тауы қалмаған жетім балаға табиғат та қатал, суық көрінеді, ол да пана іздеген балаға жылыұшырай қоймады. Әкешесінің моласына барып, бар қайғы-мұңнан арылмақ болып, аласұрып жүгірген кішкентай Қасымды ағашқа сүйеніп, қатып тұрған жерінен үш жолаушы тауып алады. Тасбауыр дүниеден жақсылық таппай, бала өмірмен қоштасқан еді. Балалықтың бал шағының дәмін татпай, ата-ананың, адамдардың мейірімін, еш қызық көрмей кетуіне кім кінәлі?</p> <p>Әңгімені оқыған адамның жетім бала тағдырына бейжай қарауы мүмкін емес деп ойлаймын. Мені тағдырдан бір, адамдардан бір теперіш көрген Қасым бала тағдыры қатты толғандырды. Бүгінгі өмірімізде де осындай өмірден өгейлік көрген балалар баршылық. Олар балалар үйінде тәрбиеленуде. Түрлі себептермен ата-аналарынан айырылған</p>
---	---	--

<p>жылатпа!» деп кімдерге тапсырды?</p> <p>- Қасым ойының шатасуына не әсер етті деп ойлайсындар?</p> <p>- Әңгімеде қандай мәселе көтерілген?</p> <p>-Осы тақырыпқа жазылған қазақ әдебиетіндегі тағы қандай шығармаларды білесіңдер?</p> <p>- С.Дөнентаевтың «Көркемтай» әңгімесіндегі Көркемтай мен Қасым тағдырында қандай ұқсастықтар бар?</p> <p>- Жазушылар осы балалар өмірін беру арқылы қандай ой айтпақ болған деп ойлайсындар?</p> <p>- Өздеріне осы әңгімелер қандай ой салды?</p>		<p>сәбилерді «Балалар үйі» өз қамқорлықтарына алған. Бәрібір, ата-ана қамқорлығына, мейіріміне не жетсін! Тағдыр тауқыметімен осындай жерде тәрбиеленіп жатқан балаларға қоғам тарапынан көмек беріліп жатады, мейірімді жандар, ұйымдар мектеп жасынан асқан соң да оларға көмек қолын созады, олардың түзу жолда , мейірімді жандар болып қалыптасуына ықпал етеді. Бірақ та жетімдер саны қазірде жыл өткен сайын артып келеді. Бұл мәселе жанашыр жанның бәрін толғандырады. Менің ойымша, бүгінгі өмірде жетімдердің көбеюіне адамдардың бала алдындағы жауапкершілігін түсінбеуі, балаға деген мейірімділік сезімінің болмауы, адамдардың зиянды әрекеттерге жуық болуы, немқұрайлылық әсер етеді.</p> <p>Сонымен мен мынадай қорытынды шешімге келдім:</p> <p>Жетімдер болмау үшін адамдар бойында адамгершілік қасиеттер, жауапкершілік, махаббат сезімі жоғары болуы керек. Айналасынан мейірім көрмеген бала өзгелерге де мейірім көрсете алмайды. Сондықтан адамдардың бойында қатыгездікті жойып, адамгершілік асыл қасиеттерді дарыту қажет деген ойдамын. Ондай қасиеттерді кітап оқу арқылы, жақсы адамдармен қарым-қатынас арқылы бойымызға сіңіре аламыз деген ойдамын.</p>
--	--	---

Нәтижесі

- Мәтіндегі басты мәселені ажырата алады;
- Басты мәселені ажырата білген оқушы ғана оны шешу жолдарын да табуға ізденіс, талпыныс жасайды.
- Өмірдегі өзіне қажетті мәселелерді анықтай білетін оқушы әр нәрседе өзін-өзі реттеп, оның бойында өздігінен дамуға ұмтылыс пайда болады.
- Оқушының сыни ойлау дағдысын дамытады.
- Көтерілген мәселе бойынша сұрақтар құрастыра және сұрақтарға жауап бере біледі.
- Мәселені жылдам анықтап, сұрақты дұрыс қоя білетін адамдар өзін қоршаған ортаға тез бейімделеді.
- Мәселе бойынша түйінді идеяларды табу оқушының терең ойлауына әсерін тигізеді.
- Басты мәселе, негізгі ой бойынша шешім қабылдай білген оқушы өмірде өз орнын таба білуге қабілетті болады.

Қосымша материалдар

Ресми ақпараттарға сүйенсек Республикамызда 75000 жетім бала бар екен, олардың 660 интернат ұйымдарында тәрбиеленуде, олардың ішінде: жалпы және санаторий түріндегі мектеп-интернаттарда - 37 541 бала, мектеп жанындағы интернаттарда - 15 096 бала, балалар үйлері мен жетім балаларға және ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттарда - 12 574 бала, кемтар балаларға арналған түзеу мекемелерінде - 12 599 бала, ерекше тәрбиелену жағдайларына мұқтаж балалар мен жасөспірімдерге, мінез құлқы девиантты балаларға арналған мектеп-интернаттарда - 884 бала, отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарында – 281 бала, отбасы үлгісіндегі балалар үйлерде тәрбиеленуде. Жетім қалған балалардың негізгі бөлігі білім беру және әлеуметтік қорғау органдарының интернат мекемелерінде тәрбиеленуде. Мұндай мекемелерде бала, бірінші кезекте, ата-анасының қамқорлығына зәру, бұл оның табиғи дамуына кері әсер етіп, нәтижесінде ауыр психологиялық салдарларға әкелуі мүмкін. Балалар еркін қоғамдағы жауапты өмірге дайын болуға тиіс. Ал жетім бала балалар үйінен түлек болып шыққаннан кейін күн сайын ересектердің көмегінсіз бастан кешіруіне тура келетін түрлі проблемаларды шешуге қауқары жоқ. Балалар үйлері түлектерінің ішінде олардың қатарластарына қарағанда, қылмысқа қатысушылар немесе қылмыс құрбандары неғұрлым жиі ұшырасады, жұмысынан немесе тұрғын үйінен неғұрлым жиі айрылады, ал өз отбасын әрең құрса, оның нашақорлық немесе маскүнемдік жолға түсуі тіпті оңай, сонымен қатар олардың арасында суицид құрбандары да жиі кездеседі. Бұл олардың жеке-дара өмірге енуінің үлкен қиындықтармен ұштасып, әр уақытта табысты жүрмейтінінің белгісі.

Құрлық	Жетімдер саны (1000)	Бүкіл балалар санынан алатын пайызы
Латын Америка мен Кариб алабы	8,166	7.4%
Барлығы	107,964	7.6%

Құрлық	Жетімдер саны (1000)	Бүкіл балалар санынан алатын пайызы
Африка	34,294	11.9%
Азия	65,504	6.5%

<https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%96%>

Қосымша

Қазақ балалар әдебиетіндегі жетім балалар тағдыры тақырыбы

Қай дәуірді алсақ та, жырауларды сөйлеткен, ақын-жазушылардың қолдарына қалам ұстатқан тақырыптың бірі — қорғансыз жетімдер өмірі. Бұл тақырып әлем әдебиетінде үлкен орынға ие. Дат жазушысы, ертегіші Ганс Христиан Андерсеннің бір ғана «Шырпы сатқан қыз» деп аталатын ертегі- әңгімесін мысалға алсақ жеткілікті. Ағылшын жазушысы Чарльз Диккенстің «Оливер Твистің басынан кешкендері», «Дэвид Копперфилд», француз жазушысы Виктор Гюгоның «Аластатылғандар» тәрізді көлемді шығармалары және американдық жазушысы Джек Лондонның «Жолдан тайған», орыс қаламгерлері А.Чеховтың «Ванька», «Ұйқы келеді», А.М.Горькийдің «Жетімек», А.С.Серафимовичтің «Торғай түн» әңгімелері деп және жалғастыра беруге болады. Ал, қазақ әдебиетінде балалар өміріне арналып жазылған шығармалар, олардың ішінде панасыз балалар жайындағы туындылар дегенде М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім», С.Дөнентаевтың «Көркемтай», Қ.Кемеңгерұлының «Жетім қыз», «Момынтай» әңгімелері бірден еске түседі.

М.Әуезов 1921 жылы 24 жасында «баяндалу әдісі жағынан еуропалық әдебиет үлгісінде жазылған» (Р.Нұрғали) «Қорғансыздың күні» әңгімесін туғызды. «Мұхтар азамат ретінде де, қаламгер ретінде де тез ер жеткен. Алғашқы әңгімесі «Қорғансыздың күнінен» үлкен талант, терең мәдениет үлгісін көреміз. Мұның бірнеше себебі бар еді: 1. Ол — ғасырлар бойы жиналған қазақ халқының әдеби-мәдени қазыналарын жете игерді. 2. Халқына сөзімен, жазуымен қызмет етуді өмірлік мақсат етті. 3. Әлеуметтік аренаға революция заманында шықты. 4. Әлем әдебиеті, орыс әдебиеті классикасынан сабақ алды» [1]. Бұндай қорытындыны жалғыз Мұхтарға ғана емес, қазақ қаламгерлерінің көпшілігіне қатысты айтуға негіз бар. Қазақ әдебиетінің қай кезеңі жазушысы болмасын әлем әдебиетінен тағылым алды.

Жетім балалар тағдыры, қорғансыздар өмірі әлем жазушыларын ұдайы толғандырған тақырып болғандығын әлемдік көркем әдебиет тарихы жақсы танытады. Бұл әсіресе XIX ғасырда ағылшын жазушысы Чарльз Диккенс шығармаларынан бастау алып, кейіннен әдебиетте жиі жазылатын тақырыпқа айналды. Әдетте, қаламгер бала жайында жазса, өз балалық шағын жазады, бала кезде көргені мен білгенін, түйсінгені мен сезінгенін оқырман талқысына салады. Мәселен, отбасының кедейшілікке ұшырау салдарынан балалық шағында жүдеу тіршілік кешкен Чарльз Диккенс өз өмірін «Оливер Твистің басынан кешкендері» (1838), «Дэвид Копперфилд» (1849) шығармаларында XIX ғасырдағы Англия

қоғамы мен тірлігі аясында көрсетсе, тағы бір кемеңгер туындыгер, Диккенстің замандасы, француз жазушысы Виктор Гюго болса жүріп өткен жолын «Аластатылғандар» (1862) романында бірнеше жандар тағдыры тоғысында көркем суреттейді. Франциядағы 1848 жылғы буржуазиялық революциядан кейін Гюго республика қорғаушыларының қатарында болғандықтан қуғындалып, 19 жыл каторгада болады. Осы 19 жыл романның бас кейіпкері Жан Вальжанның ширек ғасырға жуық өмірін құрайды. Атақты жазушының «Париж ана құдайы соборы» (1831) романы 1830 жылғы Июль революциясы оқиғаларына қатысты жауап ретінде жазылса, 1848 жылғы буржуазиялық революция «Аластатылғандарды» жазуға түрткі болған.

Жазушы бала туралы жазса, өз балалық шағы естеліктерін ғана басшылыққа алады деген тағы да дұрыстыққа жатпайды. Байқағыштық, бақылағыштық қасиет қаламгерге мол жеміс берері сөзсіз. Виктор Гюго романында жетім балалар Козетта мен Гавроштың азапты өмірі қаншалықты асқан шынайылықпен бейнеленсе, соншалықты шыншылдықпен А.П.Чеховтың «Ванькасындағы» Ванька Жуков, «Ұйқы келедісіндегі» Варька, А.С.Серафимовичтің «Торғай түніндегі» Васяның жадау тіршілігі суреттеледі. Әлем және орыс әдебиетінің осынау ықпал-әсері қазақ жазушыларының ХХ ғасырдың 20-жылдары жазылған шығармаларының өн бойынан байқалып тұрғандығын нақты мысалдар негізінде сөз етпес бұрын, осынау туындылардың жазылу кезеңдері жөніне де тоқталған жөн. Бұл сөз Р.Нұрғалидың «Мұхтар Әлеуметтік аренаға революция заманында шықты» дегенінен таратылмақшы. Өйткені жоғарыда аттары аталған қазақ қаламгерлері революцияны бастан кешірді, туындыларының көпшілігі сол кезеңнен кейін туды.

Әлемдік әдебиет тарихы беттерін парақтай отырып, жетімдер, қорғансыз балалар тақырыбындағы шығармалардың революциялық оқиғалар қарсаңында немесе революциядан соң туғандығын аңдадық. Бұл тақырыпты өмірдің өзі туғызды. Қорғансыздар мен панасыздардың көбеюі туғызды. Орыс және қазақ әдебиеті мысалында түсіндірер болсақ, А.П.Чеховтың «Ванька» (1886), «Ұйқы келеді» (1888), А.М.Горькийдің «Жетімек» (1899) атты әңгімелері революциядан бұрын жазылса, М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» (1921), «Жетім» (1925), С.Дөнентаевтың «Көркемтай» (1924), Қ.Кемеңгерұлының «Жетім қыз» (1924), «Момынтай» (1925) әңгімелері революциядан кейін дүниеге келді.

Төңкерістен бұрын жазылған туындыларда қорғансыз жандардың көрген қорлығы көрсетілсе, төңкерістен кейін жарыққа шыққандарында жана биліктің, екінші бір үстемдіктің нәтижесінде бейбақ жетімдердің бостандық алуы, теңдікке жетуі суреттеледі де коммунистер билігі жағдайындағы өзгеше қоғам — социалистік қоғамға сенім артылады. М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесі (1925) алғашқы рет «Таң» журналының 1925 жылғы бірінші санында «Қайғылы жетім» деген атпен басылады. Кейінгі жинақтарда «Жетім» деген атпен жарияланады. «Жетім» әңгімесіндегі басты кейіпкер — жас бала Қасым. Шығармада он жастағы жас баланың қиын тағдыры, аянышты халі берілген, бала психологиясы көрініс тапқан. Бұл шығармасында қаламгер бала ұғымын, сезімін беруде өзінше ізденіс танытқан. Әуезовтің суреткерлік болмыс-бітімі әңгімеде ерекше көрінеді. Ондағы көркемдік идеялық ізденістер, бейнелеу тәсілдері, басты тұлғаның жан жүйесін ашудағы деталь, портрет, пейзаж, ішкі монолог, ой ағыстары, тілдік- стильдік құбылыстар, композициялық үйлесім өз орындарында қолданылуымен ерекшеленеді.

Әңгіме үш салт аттының түн қараңғылығында қалың таудың ішіне бет алуын баяндаудан басталады. «Қара барқыт тартып қараңғылана бастаған аспанда түксиген қатал қабақ, құлазып жүдеген иесіздік білінгендей. Үлкен жарықтың өшер алдында бір сөніп, бір лап етіп жанғанындай, күнбатыста жарқ еткен нажағай жарығымен күнгірт даланы әлденеге үміттендіріп тұрған сияқты» [2; 212]. Әлдене — жетім бала Қасымның өмір мен өлім арасындағы халі. «Сол кезде иесіздікте жүдеу тартып, ұйқыға батып бара жатқан даланы әнші жігіттің зар-мұңлы даусы ұзақ толқынды ырғағымен тербеткендей болды» [2; 212]. Жүргіншілердің түнгі сапары мен жетім бала халін байланыстырып тұрған құбылыс бірнешеу. Олар: түнгі аспанның түксиген қатал қабағы, көз жасын төгуге дайын табиғат

ажары және жауын қарсаңындағы нажағайлы аспан көрінісі. Тағы бір құбылыс — әнші жігіттің зарлы әні. «Ән кейде батқан күн мен бейуаққа қоштастырған үн сияқты» [2; 213]. Батқан күн мен бейуақ жетім баланың басына түскен халді сездіріп тұрғандай.

Әңгімеде сюжеттік екі линия бар. Бірі — түнгі жолаушылардың өз сапарында ағашқа жабысып, қатып тұрған баланы көруі. Түнгі сапар мен баланы көру аралығында екінші сюжеттік линия өрілген. Қасымның әке-шешесі, әжесі өлгеннен кейінгі бүкіл өмірі көз алдымыздан тізбектеліп өтеді. Жүргіншілер көзімен бағамдасақ, қас-қағым сәт. Адам өмірі — ұзынды-қысқалы жол. Дүниеге келісімен өз ықтиярынсыз өлмекке бет алады. Демек, жалғыз-аяқ жолмен әке-шешесінің бейітіне бет алған бала да ықтиярсыз. «Жүрегін қорқыныш басып, жалғыздық жеп келе жатқан баланы не бастап келеді? Жетімді түнде айдап шыққан айдаушы кім? Айдаушы сол баланың тағдыры еді» [2; 213].

Қасымның Иса деген ағайыны мен оның әйелі Қадишадан көрмеген қорлығы жоқ. Иса Қасымның әке-шешесінен қалған отыз шақты қой мен он шақты қараны өз малындай бауырына басты. Жетім бала өмірінен гөрі оның көрген түсі ажарлы. «Қасым ұйықтаса, бақытқа жеткендей болып, өзін алдына алып сүйіп уатып, көзін сүртіп жүрген әке-шешелерін көруші еді».

Ганс Христиан Андерсеннің «Шырпы сатқан қыз» әңгімесінде де бейшара жетім қыз шырпы жаққан сайын әжесімен кездесіп, таңғажайып хал кешпеуші ме еді...«Көркемтай» әңгімесіндегі Көркемтайдың көңіліне аз ғана уақыт жұбаныш Нағима болған болса, Қасымның жылағанда жұбататын ондай жанашыры да болмайды. Көрші-қолаң мүсіркеуден ары аспайды. «Манайындағы көрші қатындар, сенімсіз топас шалдар: — Бала, малыңа ие болуға жарамайсың!.. Әй, сені Иса жейді ғой. Сенің малыңды құртады ғой. Ие бол! — деген сөздерді айтқыштап қоятын» [2; 215]. Көркемтай жылап молаға қашып, шешесінің бейітін құшақтап мұңын шағатын болса, Қасымда ондай мүмкіндік жоқ. Моланың шалғайда, қыстау маңында қалуынан бара алмаушы еді.

«Қасымға бұдан соңғы бір қайғы болып малды қарастыру, қозы бағу шықты. Аздан соң өзге балалар «тілазар, кәпір, бармайды» деген атпен құтылып қалатын болып, Иса мен Қадишаның бейілді қабағына ырза болатын күйге келген Қасым тезек теретін болды. Малдан кешке келіп сүрініп-жығылғанда болмаса Қасымға бостандық, еркіншілік жоқ еді. Кейде Иса өз балаларын: «Олардың малы жоқ, малдың иесі — Қасым» деп қойып, олардың еріншектігіне өзі құрық беріп, Қасымның бишаралығын ашық арамдықпен қақпай ғылып та қояды» [3; 216].

Көркемтай құр жылай беруші еді. Қасым ашық қарсылық көрсетеді. Оны бұған ширықтырған жоғарыда көрген қорлығы. «Мен жетім емеспін бе? Менің малыма тигенің обал емес пе?» — деп жұрттан естіген сөзді айтуы — алғашқы қарсылық, ашу-ызаның сыртқа шығуы. Келесісі — әке-шешесінің басына мал сойып апарып, құран оқытпақшы болуы. Иса мен Қадиша малды сойғызбай қояды. Соңғысы — өзін төніп келген Исаны тізеден қара таспен ұруы. Жетім баланың қолынан келгені — осы.

Әңгіме соңында ағашқа сүйеніп қатып тұрған балаға үш жолаушы кез болады. ««Қайғылы жетімнің» соңы: «Бұл Қасым еді. Бірақ қазіргі халді Қасым жетімдіктен, қайғы-зардан, ойын кернеген ызадан құтылған. Ол өлген екен» деп бітеді. Ал «Қараш-Қараш» жинағындағы «Жетімде» бұл үзінді:

«Ол — өлік. Бірақ денесі әлі түгел мұздап та болған жоқ екен...» деп аяқталады. Бірінші үзінді Қасымның өлімі оны өмір қыспағынан құтқаратын бірден-бір жол дегенді білдіретіндей. Үзіндінің соңғы редакциясында бұл жай біраз басқа тұрғыдан мезелген. Қасым әлі құрып жығылып, жартылай өлік қалпында талып жатқанымен, оның денесі әлі түгел мұздап та болмаған. Сол мезетте үш салт атты жолаушы да жетіп Қасымды орталарына алады. Осы түйінде әңгіменің оптимистік әуені сезілгендей.

М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесінің сабақтасуы бір шетін жайдың ұшығын танытқандай. Қос әңгіме мазмұн мен форма жағынан ұқсас. Әңгімелердегі трагедиялық шешім де бірдей деуге болады. Бұған Әуезовтің Дөнентаевқа ұстаздық етуі себеп болуы мүмкін. 1924–1930-жылдар арасында С.Дөнентаевтың шығармашылық қызметі аса өнімді болады. Семей

қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курста оқиды. «Әрбір адамның өмірінде оңтайлы сәттер болады десек, Сәбиттің 1919 жылы Мұхтар Әуезовтен орыс тілін оқуы, 1921–1922 жылдары Қаныш Сәтбаевпен бірге халық соты болып қызмет істеуі — қызықты өмірбаян беттері» [3; 32]. Демек, Мұхтардың Сәбит әңгімесіне ақыл-кеңес қосуы да ғажап емес.

«Оның «Көркемтай» аталатын жалғыз көркем әңгімесінің де жетім бала өмірінен жазылуы ақынның өзін-өзі балалар әдебиетіне тәрбиелемек әрекетін аңғартқандай» [3; 34]. Өйткені балалар әдебиеті тұрмақ бұл тұста қазақ әдебиетінің өзі қанатын кеңге жая қоймаған еді.

«Прозалық шығармаларының ішінде идеялы-көркемдік жағынан елеулісі — «Көркемтай» әңгімесі. Бұл Сәбиттің 1916 жылы жазатын «Өгей ұл» атты сюжетті өлеңімен тақырыптас, үндес сияқты. Осы кезде жазылған (1924.) Мұхтар Әуезовтың «Жетім» атты әңгімесімен де ұқсастығы жоқ емес. Бәрінде де жетім балалар дүниеқоңыз жауыз ағайындарының қорлығын көріп, аянышты тұрмысты басынан кешіп, ақыры өледі» [4; 20], — дейді Е.Исмаилов Сәбит Дөнентаевтың 1957 жылы жарық көрген кітабының алғысөзінде.

Е.Исмаилов бұл жерде Әуезов әңгімесінің жазылу мерзімін, біздің білуімізше, жаңсақ көрсеткен.

«Көркемтай» әңгімесі Орынбор қаласында шығып тұрған «Жас қазақ» журналының № 4–6 сандарында 1924 жылы басылған. Әңгіме аяғына «Жетім» деп қол қойылған. Автор әңгіме басынан-ақ Көркемтайдың ана махаббатына бөленіп өсіп келе жатқан жас жеткіншек екендігін білдіреді. Жазушы Көркемтай өмірінде болатын кейінгі келеңсіз жайттарды тағдырдың қатал соққысы ретінде сипаттайды. Көркемтай — қайырымсыздық құрбаны. Әмеңгерлікпен Көркемтайдың шешесін әйелдікке алған Ысқақ — мейірімсіздік дәнін егуші басты жан. Баласы үшін әлденеше рет таяқ жеп, басы жарылған шеше шарасыздығы Көркемтай басында ауыртпалықтың болмай қоймайтындығын аңғартады. Ысқақтың тепкісінен көз ашпаған шеше өлімі бұл ауыртпалықтың келуін тездетеді.

Күзгі ауылдың көңілсіз күйі шешесінен айрылғалы жылға жақындаған Көркемтай көңіл-күйімен ұштастырыла суреттеледі. Ысқақтың шешесі жататын кереуеттің аяқ жағында ескі көрпеге оранып, басын бүркеп, домаланған Көркемтай жатысы оның шешесі өлгеннен кейінгі сүреңсіз, сұрқай өмірін көрсетеді. Бір үйлі жанның ішіндегі қайырымдысы — Ысқақтың келіні Нағима. Бірақ Ысқақтардан қаймығатын жас келін Нағиманың жан жылуы Көркемтай үшін білте шамның жарығындай-ақ. Көркемтай үйінің қораларын Ысқақтың бұзуы, тайынан үйреткен көк бестісін алып қоюы — жетім бала қайғысын қалыңдата түседі. Білте шамның соңғы жарығы Нағиманың Ысқақ үйінен кетуімен бірге өшеді. «Нағима кеткеннің артынан Көркемтайдың қайғысы бұрынғысының үстіне екі есе болып жамалды, бұрынғыдан да жаман хияли болды. Күн-түн демей беті ауған жаққа кетіп қалған күндері болды. Қыстың қақап тұрған аязды кештерінде талай рет ауыл адамдары далада қаңғып жүргеннен алып келіп үйіне қондырып жіберіп жүрді. Кейде жұмсақ көңілді біреулері Ысқақтың үйіне ұрысып тапсырып кетуші еді» [4; 52]. Қайғы, бірінші жағынан, қысқы суық, екінші жағынан, Көркемтайды дертті етті. Көктемгі мамыр айының көркем күні тек Көркемтайға ғана қуаныш сыйламады. Дерт қысқан Көркемтай көк моланың бір бұрышында бүктүсіп жата берді. «Анадайдан өткір көзімен қарап құйрығын қыймылдатып, аштық жылы аштан өліп қалған адамдардың етін жеп дәндеген байғұтандар отыр» [4; 54]. Автор бұл жерде ашаршылық жылдардың қасіретті шындығын ашып отыр. Батқан күнмен бірге Көркемтайдың да демі үзіле берді.

Қ.Кемеңгерұлының «Жетім қыз» әңгімесіне шешесінен жастай айырылған жетім қыздың аянышты өмірі арқау болған. Әңгіме бес жолаушының С. қаласынан Шыңғыстың асуына баратын қара жолымен келе жатқанынан басталады. Ат шалдыруға тоқтасқан жолаушыларға бір қыз бала кездеседі.

«Шайдың буы бұрқырап, дастарқан жайылып жатыр. Дастарқаннан тайып шыққан көзі ауыл жақ бетте жиырма қадам бойында сүзек аурудан жаңа тұрғандай өңі қазылған, шілдеде тұрған қаймақтай жұқа, қабағын төңкерген, шыңыраудай терең мұңды көзімен дастарқанға үйме төбе болып жатқан бауырсақ, қант, етті сүзген 7–8 жастар шамасындағы қызға түсті. Қыздың үстінде сауыншының киіміндей сауысталған, боршалаған, еттей жырымдалған түйе

көйлек, басында жабағыдай ұйысқан айдар, аяғы шаң-топырақтан былғарыланып, суықтан жарылған ағаштай тілімденіп кеткен. Екі аяғы сынып қалғандай салбырап, қол терісі қапшықтанып, жапырағы ағаштай сыйдыып құр сүйегі, тарау- тарау тамыры көрінеді» [5, 260].

Бұл суреттеменің В.Гюгоның «Аластатылғандар» романындағы жетім қыз Козеттаны сипаттайтын үзіндімен үндестігі бар. «Козетта была худенькая, бледная девочка, на вид лет шести, хотя ей шел восьмой год. Ее большие глаза, окруженные синевой, казались почти тусклыми от постоянных слез. Уголки рта были опущены с тем выражением привычного страдания, которое бывает у приговоренных к смерти и у безнадежно больных. Руки ее, как предугадала мать, «потрескались от мороза». При свете, падавшем на Козетту и подчеркивавшем ее ужасающую худобу, отчетливо были видны ее торчащие кости. Ее постоянно знобило, и от этого у нее образовалась привычка плотно сдвигать колени. Ее одежда представляла собой лохмотья, которые летом возбуждали сострадание, а зимой внушали ужас. Ее прикрывала дырявая холстина; ни лоскутка шерсти! Там и сям просвечивало голое тело, на котором можно было разглядеть синие или черные пятна — следы прикосновения хозяйской длани. Тонкие ножки покраснели от холода» [6], деп суреттеледі Козетта. Сырт көзге осыншама аянышты көрінген екі жас кейіпкер қыздың өмірі де адам шошырлық. Шешеден жастай айырылған, ана махаббатын көре алмаған бейкүнә сәбилердің өмірі де сол жетімдіктің салдарынан сүреңсіз күйде өтуде. Таңның атысы, күннің атысы тізе бүкпей тыпырлап еңбек ететін олар өмірлерінде қарындары тойып тамақ ішіп көрген емес.

«Жетім» әңгімесінде бейнет — қыздыкі де, рақат — өгей шеше мен оның балаларынікі. Өз үйінен ұрты толып тамақ ішпейтін бейшараға көршілерден сұрап алатын құрт, бауырсағы да бұйырмайтын. Себебі өгей шеше тілеп алған тамағын да, өз балаларына тартып алып береді. Асып- төгілген мол дастарқанға сүзіле қарауы — осының салдары. Мұны сезген Дарабек қызды шақырып бір уыс бауырсақ, бір шағым қант береді де, баланы сөзге тартады. Ол өз шешесінен ерте айрылғанын, өгей шешесі тамаққа жарытпайтынын жыламсырап отырып айтып береді. Әңгімесін

«біз» деп көпше түрде айтқаны болмаса, өзімен бірге туған бауыры да жоқ екен. Қыздың қант пен өзі жуынған сабынның не екенін білмей таңырқап қарағаны Дарабекке қатты батады. Қыздың қол- аяғының сонша тілімденуі — сабын көрмегенінің айғағы. Қошке әңгімесінде қызға жанашырлық танытқан жан Дарабек болса, Гюго шығармасында Жан Вальжан жанашырлығы жетім қызға оның арманына айналған қуыршағын алып берумен ғана шектелмейді, оны қатігез қожайындар шеңгелінен құтқаруына ұласады.

Қ.Кемеңгерұлының осы әңгімесі мен М.Әуезовтің «Қорғансыздың күнінің» ұқсастығы жоқ емес. М.Әуезов өз әңгімесін 1921 жылы жазса, Қ.Кемеңгерұлы 1924 жылы жазған. Екі әңгімеге де қорғансыздар өмірі арқау болған. Біріншісінде, Қазан төңкерісіне дейінгі кезең оқиғасы суреттелсе, екіншісінің оқиғасы төңкерістен кейін ілгері баса алмай отырған қазақ өмірінен алынған. Мұндағы бір ұқсастық — екі әңгіменің де пейзаждан басталуы. Табиғатты суреттеуде М.Әуезов алдына жан салмаса, Қ.Кемеңгерұлы пейзажды өз шеберлігімен жеткізе білген. Екінші бір ұқсастық — әңгімелерге арқау болған жолаушылардың С. қаласынан шығатын қара жолмен келе жатуы. Басталуында әлгіндей ұқсастықтар болғанымен, Қошке әңгімесін өз бетінше басқа жағдайда өрбітеді. Оқиға желісінің екі түрлі болуы — уақыттың бір-біріне сай келмеуі. Екеуі екі түрлі шешім тапқан. Бірінші әңгіме қорғансыз бейкүнә Ғазизаның Ақан болыстың адам төзбес қорлығына шыдай алмай, өз басын еріксіз өлімге тігуімен аяқталады. Екінші, Қошке Кемеңгерұлы әңгімесі саналы азаматтардың жетім қыздың болашақ өміріне араласа бастауымен аяқталған. Әңгімедегі Дарабектің ойы — қайткен күнде дәрменсіз жанға пана болу.

Жоғарыда Қошкенің де пейзажға тәп-тәуір көңіл бөлгенін айтып өттік. «Алысқа салған көз кесенің бетіндей тап-тақыр тасқа түседі. Аяқ астында шала үйітілген құйқадай тырбық бетеге, қадау- қадау жерлерде ыстықтан үйездеген үйірлі жылқыдай топты ши. Бір түптегі шидің кейбіреуі сексенге келген кемпірдей бүгілген, сафарға салған сүйектей бозарған,

кейбіреуі бурылданған, кейбір жаңа өспірімдері бойы биік, күн жақтағылардың көлеңкесіне бастарын тығып, тіршілікке бет алған» [5; 259].

Бұдан туатын ой — пейзажға ерекше өте-мөте көңіл бөлу — жиырмасыншы жылдар прозасына тән ерекшелік. Пейзажды әр жазушы өз шеберлігіне қарай пайдаланады.

Табиғатты өтіп жатқан оқиғамен параллель суреттеу жақсы көрініс таппақ. Мысалы, өз әңгімесінде Қошке табиғат көрінісін не үшін суреттеген? Жазушының табиғат суреттеудегі мақсаты не? Жазушы табиғатты ерікпеннен не сөз таппағаннан суреттеп отырған жоқ. Табиғат неге соншалықты ұсқынсыз? Топ-топ болып өскен шидің өзі шала

үйтілген құйкадай, енді біреулері сексенге келген кемпірдей. Қаламгер бұл жерде сол шилердің ұсқынсыздығы мен жетім қыздың аянышты өмірін психологиялық параллелизммен көрсетіп отыр. Егер табиғатты мол байлығымен шалқыта суреттесе, ол жетім қыз өміріне қарама-қарсы басы артық суреттеу болып шығар еді. Қошке пейзажы — белгілі мақсатпен алынған, өз орнын тапқан жақсы көрініс. Дұрыс қолданылған пейзаж — көркемдіктің бір белгісі.

Сондай-ақ Қошкеге тән тағы бір ерекшелік — жансызға жан бітіріп, бейнелі сөйлеуі. Оның «түбіттей жұқа бұлтты шымылдықтай серпе тастауы», «күн сәулесінің құлындай ойнақтауы», «жер жүзінің маңдайын иіскеуі мен сексенге келген кемпірдей бүгілген және сафарға салған сүйектей бозарған шилері» — осының дәлелі. Жазушылардың өзінше өрнек салуы әрқайсысының жеке талантынан туындайды. Қошке Кемеңгерұлының осы тақырыпта жазылған келесі әңгімесі — «Момынтай». Момынтай қозы бағуға жарағанша туысқан атасы Байтоқтың баласы Құдайбергенді ойнатып, құрт, бауырсағын тауып жеп күнелтеді. Уақыт өте қозы бағуға жарайды. «Жадырап күн жылынған соң қазақтың асыға күтетін айт мейрамы да келді. Үлкен айт күні қой бағуға бала қойшылардың әкелері шықты. Бәйшешектей түрленген, қызылды-жасылды әдемі киініп, жүйрік, жорға көрнекті аттарын мініп айттасып, қыз-келіншекпен әзіл қағысып, айттық алысып, құмарларынан шығып жүр» [5; 238].

Міне, осындай думаннан сырт қалғанына Момынтай көңдіге алар емес. Осыған дейін әкесінің жоқтығын дәл осылай сезінбеген де болар. Егер әкесі болса, бүгін Момынтай да ауылда айттап жүрер еді. Ойын баласы шыдамы таусылып, тамақ ішуге ауылға ерте келіп қалады. Момынтайдың қойы белдің астына түсіп кетіп, қалтарыста аңдыған қасқырға тап болады.

Қара бұлттай түнерген бай бүркіттей түйіліп, Момынтайды анадайдан «Иттің баласы-ай. Айт сенің не теңің еді? Ойбай-ай! Қанша қойды арам қатырдың» деп, жуан ақ таяқтың астына алады.

«Момынтай өзін жазықты тауып, арқасын қисандатып, таяқтан қорғанып, үндемей қозғала берді.

«Құлқының қураған антұрған, аштан өлейін деп жүрген жоқ едің. Аузыңнан ақ айрылған жоқ еді!» деп, таяқты тулаққа тускен сабаудай шатырлатып, Момынтайды ұрып жатқанда таяқ шарт етіп қақ айырылды. Қарсы ләм-мим дерлік Момынтайда шама бар ма? «Тек шыбын-шіркей болып еңірей берді. Ендігөрі қойға ие болайын» деп жалына берді. Таяқ сынған соң, бай жұдырықпен тепкіге түсті, айдаладағы өлімтікке қонған құзғындай жұлмалай берді. Момынтай соққының күштілігінен шамасы келмей талықсып кетті. Бай да ұрудан шаршап, аң қуған иттей еңтігіп, жынданғандай аузы көпіріп үйіне қарай аяндады» [5; 242].

Өлшеулі ғұмырдың төрт жылын қозы бағумен өткізген Момынтай қозыға мінемін деп, бай атасынан талай таяқ жейді. Ащы таяқ балауыздай жұмсақ етіне тигенде енді қозыға мінбеспін дегенімен, ұмытшақ жас жүрегі таяқты сынғанша жегізеді де.

Жазылу мерзімі жағынан бұл әңгіме М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесімен қатар. Екеуі де 1925 жылы жарық көрді. Әуезов, Дөнентаев және Кемеңгерұлы әңгімелерінде көрсетілетін бір тақырып, бір шындық, бір тағдыр. Ол — жетім-жесір қорғансыз жандардың сол қоғамдағы теңсіздігі, қорлығы.

Тақырыбы, идеясы бір болғанымен оқиға желісі мен шешімі екі түрлі. Ұқсастық — Қасым, Көркемтай және Момынтайдың өмір тіршілігінде.

Қасым мен Көркемтай — әке-шеше, ата-әже — бәрінен түгел айырылған тұлдыр жетімдер. Момынтай әкеден айырылғанымен, анасының аялы алақанын медеу етеді. Қасымға қарағанда оның сүйеніші де, тірегі де бар. Бірақ үшеуі де дәрменсіз, қорғансыз жандар.

Бір қызығы, аталмыш әңгімелерді үш түрлі қалам иесі туғызанымен, олардағы оқиғалар бірінен екіншісіне жалғасып жатқандай. М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» мен «Жетім» әңгімелеріне арқау болған оқиға басқаларына қарағанда ілгеріректегі жайды көрсетеді. Ғазиза, Қасым және Көркемтайды өлімге итерген — қорлық өмір. Бір мезгілде жазылғанымен, М.Әуезов әңгімесіне кеңеске дейінгі уақиға арқау болса, Қ.Кемеңгерұлы әңгімесінде кеңестен кейінгі жағдай баяндалады. Әуезов, Дөнентаев әңгімелері трагедиялық халмен, яғни кейіпкерлерінің өлімімен, аяқталатын болса, Момынтай анық күреске шыққалы тұр. «Момынтай көр тұрмыстан, қол-аяғын байлаған құлдықтан құтылды, жарық дүниеге шықты, адамшылыққа қадам басты. Келешекте қандай адам болғанын тұрмыс көрсетер» [5; 242]. Жетімге де күн туды. Дарабек секілді ел азаматтары — енді оларға арқа сүйер тауы болмақ. Момынтайды оқуға әкеткен де халықтан шыққан азаматтар. Қасым, Ғазиза және Көркемтай көре алмай кеткен күнге Момынтай жетіп отыр. Әңгімелердің араларында осындай жалғастық бар.

Қаламгерлердің кешкен заманына орай жазушылық мүдделерінің бір болуына қарамастан, Әуезов шындық өмірді боямалаудан саналы түрде бас тартқан тәрізді. Қаламгер туындыларында жаңа өкіметті әспеттеу мүмкіндігі бола тұра, бұл мүмкіндік пайдаланылмаған. Жаңа билік әділеттілігіне деген тамсанушылық, ризашылық сияқты сезім, эмоциялық реңк байқалмайды.

Шығарма кейіпкерлеріне арналған жандардың мұншалықты ұсақталып, жүрек мейірімінен айырылу себебі неде? Жауап тағы біреу. Пендешілік ниеттің үстемдік алуынан, әлсізге күш көрсетуді кәдімгі өмірдің қалыпты ісі, заңы деп таныған пенделердің пасық ой түйінінен.

Әлем әдебиетінен нәр алған қазақ жазушылары жоғарыдағы шығармаларында өмір шындығын көркем бейнелеп, Г.Х.Андрсен, Ч.Диккенс, В.Гюго, Джек Лондон, А.М.Горький, А.С.Серафимович сомдаған кейіпкерлерді қазақ арасынан көре білді және көрсете білді. Джек Лондонның тіс жуғыш щеткасын ұстамаған Джони мен Кемеңгерұлының сабын көрмеген кейіпкері жетім қызды өмірде болмаған, қиялдан туған кейіпкер деп ешкім айта алмас. А.С.Серафимовичтің Васясы мен Андрейкасы көрген азапты тірлікті Кемеңгерұлы кейіпкерлері де бастарынан кешірді. Бұлар ес жиып, етек жапқаннан енбекке араласты. Васяның Кирилден, Андрейканың Агафон қарттан, Момынтайдың Байтоқ атасынан жеген ащы да ауыр таяқтары олардың көкіректеріне шер болып байланады.

Қазақ жазушылары әлем әдебиетінің озық шеберлерінен көркем шығармаға тән реалистік (шыншылдық) пен халықшылдық үлгіні үйреніп қана қоймай, өз топырақтарында ұлттық бояумен өрнегін салып, ары қарай дамыта түсті. Шығармада Қасым мен Көркемтайға балық аулатып, Момынтайға фабрика, зауыт цехында жұмыс істетсе, балық аулау мен ауыл өнеркәсібі кеш дамыған қазақ халқы үшін қандай тұрпайы болмақ. Сондықтан да М.Әуезов, С.Дөнентаев, Қ.Кемеңгерұлы өзінің шығармаларына қазақ «қазақ» болғалы кәсіп етіп келе жатқан мал шаруашылығын арқау етті. Қасым, Көркемтай, Момынтайлар қой соңында. Әңгіме бірінде атадан келе жатқан «Әмеңгерлік» көрініс тапса, екіншісінде қазақ халқының айт мейрамы жан-жақты көркем суреттелген. Бұл әңгімелердің құдіреттілігі — оқиғаларының шынайылығында.

Автордың аты-жөні, тегі: Рүстемова Ж.А., Медеубаева К.

<https://articlekz.com/kk/article/16339>

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Әдебиет және қоғам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	13- сабақ	
Сабақ тақырыбы	<i>С.Сейфуллин «Өткен күн»өлеңі</i>	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Б/С4.Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.	
Бағалау критерийлері	Өлеңнің эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазады	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық • Академиялық шыншылдық • Өмір бойы білім алу • Әлемдік азаматтық 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың	Ұйымдастыру кезеңі:

басы	<p>Ой қозғау С.Сейфуллиннің қандай шығармаларын білесіңдер? Өлеңде қандай мәселе сөз болуы мүмкін?</p>
Сабақтың ортасы	<p>Тапсырма. 1. Ұжымдық тапсырма. Оқушылар өлеңді оқиды</p> <p>ӨТКЕН КҮН (Күз) Сұлудай толып бұралған, Жібекке жасыл оранған, Жас өрім талдың жапырағы Сарғайып түсті үзіліп. Ұялшақ көркем келіндей, Сүйеге тосқан еріндей, Албырап тұрған қызыл гүл Солды құрап бұзылып. Таңмен бірге жырлаған Шырқап ұшып зырлаған, Қойылды қазір бұлбұлдың Құбылған әні сызылып. Жылдың көркі кеткенін, Жастығы жылдың өткенін, Білдіріп қайтты тырна да Қоштасып шырқап тізіліп. Көк пен жерден сұр кетті, Кемпір-шалдай түр кетті, Жастығы жылдың — жаз өтті, Қарасаң да сүзіліп.</p> <p>http://www.elarna.net/kitap_kk.php?id=3077&oku=17671</p> <p>Топтық тапсырма. «Сұрақ қою, қайта сұрақ қою» әдісі</p> <p>Өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгере алады. Ақпаратпен ықыласпен жұмыс жасайды. Өлең бойынша ашық сұрақ қояды, тұжырымдайды. Сыныптастарының жауаптарын ықылас қойып тыңдайды және сұрақтар қояды. Таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі дамиды. Оқушылар оқығандары бойынша бір-біріне сұрақ қояды және талқылайды. Оқушылар оқырман рөліне ене отырып, басқа оқушылардың сұрақтарына жауап береді. Әрбір оқушының белгілі оқырман ретінде өз сыныптастарының сұрақтарына жауап беруге мүмкіндіктері бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Кейіпкердің ойы мен сезімі; ➤ Уақыт және оның олар үшін маңыздылығы. <p>Үлгі сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. 1. Өлең неге «Өткен күн» деп аталған? 2. 2. Қандай мезгілді суреттеген? 3. 3. Қалай ойлайсыңдар: күзді неге өткен күнмен салыстырады? 4. 4. Лирикалық кейіпкердің көңіл күйі қандай? Неге? 5. 5. Өлең арқылы қандай ой айтқысы келген?

6.	<p>Т/Ж.«Пікірлер алаңы» әдісі Оқушылар ұсынылған пікірлерді алдымен топта талқылап, содан соң «Сәкен Сейфуллиннің «Өткен күн» өлеңінде күз көрінісін адам өмірімен байланыстыра жеткізудегі шеберлігіне оқырман ретінде сендер қандай өзіндік бағаларыңды берер едіңдер?» деген сұраққа жауап беріп, белгілі бір пікірді таңдап, басшылыққа ала отырып, әдеби сын жазады.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау.</p> <p>Рефлексия <i>Жетістік баспалдағы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - <i>Не білгім келеді?</i> - <i>Неден қиналдым?</i> - <i>Не білдім?</i>
-----------	--

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Әдебиет және қоғам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	14- сабақ	
Сабақ тақырыбы	I.Жансүгіров табиғат лирикасы. «Жетісу суреттері» өлеңі	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Б/С2.Әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру.	
Бағалау критерийлері	Өлеңдегі негізгі ойды табады; Жаңашылдығына зманауи тұрғыдан баға береді.	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау I. Жансүгіров табиғат лирикасы тақырыбындағы қандай өлеңдерін білесіңдер?
Сабақтың ортасы	Тапсырма. 1. Ұжымдық тапсырма. Оқушылар өлеңді оқиды Жер таппан жерде жетер Жетісуым Күркілдек, Көксу, Лепсі, Іле, Шуым, Асқардың аспан сүйген сілекейін, Жан бар ма татпайтұғын, айтпайтұғын. Бөленген бұлтқа мәңгі меніреу күз, Ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмым. Асқардан ақтарыла арқыраған, Жөкеңдің кім аңсамас балдай суын. Жетісу, кеудең асқар, аяғың көл, Қоңың құм, мықынында бар сексеуіл. Тау жайлап, қоңыр күзеп, құмды қыстап, Ол бір маң мал өсірген өлкедегі ел. Көктемде құмнан әсем жер болсын ба, Жайқалып жауқазыны, раң гүлдер. Бойдағы бозбаладай асыр салса, Қозысы құйрықтанып дөңгеленер. Шөгіскен шоғар асқар қатпарланып, Қия күз, мұсатыр мұз жақпарланып. Емес пе көк ала бас ақ буралар, Оралған шудалары мақпалданып. Саятта аң аңдыған ол бір мерген, Мылтық ап, бүркіт ұстап, қақпан салып. Таудағы тас жаңғыртқан қойшы әндері, Қайырлад еткенімен сақпан саңық. Айқыра ала асқарлар жатыр шөгіп, Жер жаншып, көктің көлбеп төсін еміп. Ойнақы, құба, тарлан тағы аңдарын. Тәбеті тау-тасына қойған теліп. Құлпыртар құмда соққан қоңыр самал Мәсімнің масатысын желі желпіп. Қар кетіп, қара жері жасанғанда Қонбасын қалай құсша өлі келіп. Ескінің ертегі айтсам ертесінен: Жетісу қан малшынған белшесінен,

Алайда, айналармын, айтам әлі,
Шыға алмай жүрмін әзір жер шетінен,
Қалмақты, Қоңтәжіні Жөңкесінен,
Үркітіп Абылай мен Шоңай шауып,
Жөңкенің асырыпты желкесінен...

<https://www.litres.ru/liyas-zhans-g-rov/zhet-su-suretter/chitat-onlayn/>

Тапсырмалар.

Топтық тапсырма.

1-қадам. «Түсіндірме күнделік» бойынша жұмыс жасайды

Өлеңдегі сөз	Түйіні	Оқушы пікірі

Оқушылар автор қолданған сөздердің кейіпкерді бейнелеудегі әсерін талқылайды

2-қадам. Оқушылар кестені оқыған мәліметтері негізінде толтырады.

3-қадам. Жүппен, топпен талқылауды шығарма жанрының жаңашылдығына заманауи құндылығына ұластырады.

Қалыптастырушы бағалау.

ЖЖ. Мәтіндік зерттеу

Мәтіннен негізгі ойды табыңыз.	
Тосын жағдай (Мәтінде қандай тосын ойға кездестіңіз?)	
Мәтіннен шығар заманауи қағида. Мәтіндегі таңғажайып жаңалыққа деген ұмтылыстың берілу сипаты, құштарлық пен жігер.	
Белгісіз және белгілі мәліметтер. Мәтіннен сізге бұрыннан таныс және таныс емес ақпараттарды белгілеңіз.	
Ойыңызды суретпен бейнелеңіз.	
Тәрбиелік мәні бар қорытынды. Оқыған мәтіннен өз болашағыңызға, іс-әрекетіңізге септігін тигізер қандай қорытынды жасадыңыз?	

	<p>Талдауды қажет ететін тақырыптар. Мәтінге сүйене отырып, осында көтерілген тағы қандай мәселені талдар едіңіз?</p>		
<p>Рефлексия <i>Жетістік баспалдағы</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Не білгім келеді? - Неден қиналдым? - Не білдім? 			

Қысқа мерзімді жоспар

<p>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Әдебиет және қоғам</p>	Балалар әдебиеті		
<p>Сынып: 7</p>	15- сабақ		
<p>Сабақ тақырыбы</p>	I.Жансүгіров «Ақшам» өлеңі		

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	А/ИЗ.Шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау.
Бағалау критерийлері	Өлеңдегі тілдің көркемдегіш құралдарының қолданысын талдайды.
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық • Академиялық шыншылдық • Өмір бойы білім алу • Әлемдік азаматтық

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау І.Жансүгіров табиғат лирикасы тақырыбындағы қандай өлеңдерін білесіңдер? Тапсырма.</p>
Сабақтың ортасы	<p>1.Ұжымдық тапсырма. Оқушылар өлеңді оқиды.</p> <p>Көкше көкте ақша бұлт Көміліп күн нұрына, Жел байырқау, жер сұлық, Қызғыл алтын шұғыла. Ақ шашты ана - ала асқар Оқыды сам жығыла. Ақ шашты ана - ала асқар Жамылды тұман дулыға. Қабағын түйіп қоңыр күз, Қарағай, қайың қалтырап; Талда аңырап әнші құс, Таста суыр тантаырап. Жазыла есінеп жапан қыр, Маужырар сұлап, балбырап, Даладан, таудан, көшті нұр, Салбырап, сам жамырап. Тауды тұман бөкселеп, Өзен төлі жамырайды. Көз жұмғанда көкше көк, Көсіліп жер тырайды.https://www.zharar.com/kz/olen/3307-ilyas-aksham.html</p> <p>Тапсырмалар. Топтық тапсырма. Тапсырмалар. Топтық тапсырма. «Кесте» сызбасы арқылы тіл</p>

көркемдігіне талдаңдар.		
Көркем сөз тіркестері	Троп пен фигураның қай түрі?	Қолданылу мақсаты
Көкше көкте ақша бұлт		
Көміліп күн нұрына		
Жел байырқау, жер сұлық Қызғыл алтын шұғыла.		
Ақ шашты ана - ала асқар Жамылды тұман дулыға.		
Қабағын түйіп қоңыр күз, Қарағай, қайың қалтырап;		
Жазыла есінеп жапан қыр, Маужырап сұлап, балбырап,		
Тауды тұман бөкселеп, Өзен төлі жамырайды.		
Көз жұмғанда көкше көк, Көсіліп жер тырайды.		
Салбырап, сам жамырап.		

2-тапсырма. Өзіндік қорытынды шығарып, «PRES» тәсілі арқылы сөйлейді. **Дескрипторлар:**

1. Автордың тіл көркемдігін қолдану шеберлігін талдайды;
2. Өзіндік қорытынды шығарады.

Позиция: «Менің ойымша, ... немесе «Мен _____ деп санаймын» деген құрылымдарды қолданып, мәселеге қатысты өз пікірін айтып, көзқарасын түсіндіреді.

Негіздеу: «Өйткені...» деген сөзден басталатын сөйлем құрылымын пайдаланып, өз ойының пайда болу себебін, өз ұстанымның неге негізделетінін түсіндіреді.

Мысал келтіру: ойын «Мысалы...» сөзімен жалғастырып, өз көзқарасын қолдайтын мәліметтер, фактілер мен дәлелдемелер келтіреді.

Қорытынды: ойын «Сондықтан мен _____ деп санаймын» сөйлемімен жалғастырып, өз пікірін жинақтап, қалай әрекет жасау

	керектігі туралы қорытындыға келеді.
--	--------------------------------------

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Әдебиет және қоғам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	16- сабақ	
Сабақ тақырыбы	I.Жансүгіров «Ұршық» өлеңі	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Б/СЗ.Шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> - Шығармадағы ұлттық құндылықтарға баға береді; - Әдеби эссе жазады. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> - ұлттық рухани жаңғыру; - салт-дәстүр; - өнер 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Қызығушылықты ояту</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ұршықтың қазақ халқы өміріндегі рөлі қандай? - Оны кімдер не мақсатта қолданған? - Осы тақырыпта жазылған кімдердің өлеңдерін білесіңдер?
Сабақтың ортасы	<p>Халық тұтынған заттар туралы өлеңдері – Илияс жаңашылдығының тамаша көрінісі. Осының негізінде ақын бүкіл халықтың бет-бейнесін бейнелейді, ол тұтынған заттардың тарихтық-философиялық образын жасайды.</p> <p>Ақын мұрасының ең қымбат үлгілері – оның ел тұрмысында қолданылған заттар туралы өлеңдері болса, бұларда да ол жаңашыл ақын есебінде қазақ поэзиясын тіл көркемдігі, мазмұны жағынан байытты.Илиястың асқан ақындық шеберлігін көрсетететін, ағаштан түйін түйгендей он саусағынан өнері тамған халық ұсталарының зергерлігін еске түсіретін, ел тұрмысында сан мыңдаған жылдар бойы қолданылған әр алуан заттардың сөзбен құйып шығарғандай сипатын беретін өлеңдері қазақ поэзиясы тәрінде оқшау, дара тұр. Ақынның шебер суреткерлігінің бір дәлелі - жеңгенің монологу түрінде келетін, ақындық келісті тапқырлығы бар «Ұршық» атты 1927жылы жазылған өлеңі.</p> <p>Сыртылдама он саусақ,</p>

	<p>Майдалап, мапа түтілші. Шыртылдама шынашақ, Шыр айналшы, шүйке ілші. Оймышты ұшқат, ырғай сап Ұршығым, сені қолға алам. Ұршығым ұшқыр, нар тайлақ, Жез бұйдалы - желмаям. Желмаям, желші нар тайлақ, Тартына берме тайтандап. Тартына берсең тайтандап, Тақымдап қоям қайта айдап. Қыла ма жалқау жарлылық, Қылмаса ділгер жүн азы. Екілен, зырла енді ұршық, Иірейін биязы.</p> <p>https://www.zharar.com/kz/olen/3271-ilyas-urshyk.html</p> <p>1.Талдаңыз. Сатылай-комплекті талдау. Тақырыбы: Жанр түрі: Идеясы: Шумағы: Тармағы: Бунағы: Ұйқасы: Өлеңнің түйіні: Құндылық :</p> <p>Әдеби эссе басқа эссе түрлеріне ұқсамайды. Біріншіден, ол әдеби шығармаларға негізделген. Екіншіден, автордың айтқысы келген идеяларын болжап түсінуге негізделген, яғни түсіндірмені қажет ететін пікірталас немесе жұмбақты табуды қажет етеді. Ол үшін тәжірибе керек. Таңдаған шығармаңызға басқа көзбен қарасаңыз, ерекше қолданылған әдеби жанрлар, күтпеген сюжеттер мен оқиғаларға, тіл ерекшеліктеріне толы болады.</p> <p>3. « I.Жансүгіровтің «Ұршық»өлеңі арқылы берілетін ұлттық құндылық» тақырыбына әдеби эссе жазу.</p> <p>Рефлексия Жетістік баспалдағы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Не білгім келеді? - Неден қиналдым? - Не білдім?
--	---

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Әдебиет және қоғам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	17- сабақ	

Сабақ тақырыбы	I.Жансүгіров Майн Ридтен аудармасы.«Орман балалары» әңгімесі
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	T/ЖЗ.Көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау.
Бағалау критерийлері	Кейіпкерлердің портреттерін табады; суреттеу ерекшелігін анықтайды; Кейіпкерлер мінездерін даралап көрсетеді
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық • Академиялық шыншылдық • Өмір бойы білім алу • Әлемдік азаматтық

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет																
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау I.Жансүгіровтің қандай аудармаларын білесіңдер? Тапсырма. 1. Ұжымдық тапсырма. Оқушылар әңгімені оқиды.																
Сабақтың ортасы	Тапсырмалар. Топтық тапсырма. Кейіпкер бейнесін жинақтау, даралау 1.Жазушының кейіпкерлерді суреттеуі, олардың портреттері; 2.Кейіпкерлердің іс-әрекеті, сөз саптауы, ойлау ерекшелігі; 3. Кейіпкер мінезін ерекшелеп тұрған сөздер мен суреттеулер; 4.Кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы, диалогы, қоршаған ортаға қарым-қатынасы; 5. Әр кейіпкерге кластер жасауға, сөзжұмбақ құрастыруға болады. Көркем әдебиеттегі жинақтау – типке, даралау мінезге әкеледі 2-тапсырма.																
	<table border="1"> <tr> <td>Кейіпкерге портреттік мінездеме</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Кейіпкер</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Портреті</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Іс-әрекеті, ойлауы, сөз саптауы</td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table>	Кейіпкерге портреттік мінездеме				Кейіпкер				Портреті				Іс-әрекеті, ойлауы, сөз саптауы			
Кейіпкерге портреттік мінездеме																	
Кейіпкер																	
Портреті																	
Іс-әрекеті, ойлауы, сөз саптауы																	

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Әдебиет және қоғам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	18- сабақ	
Сабақ тақырыбы	Бейімбет Майлин «Күлпаш» әңгімесі	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Б/С1. шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау;	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Шығарманың тарихи негізін айқындайды; • Көркемдік құндылығына баға бере алады; • Автордың шығармашылық тәсілдемесіне талдау жасай алады. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақ даласында болған ашаршылық оқиғасы туралы не білесіңдер? - Оқиға қай кезеңді қамтиды?
Сабақтың ортасы	<p>Тапсырма.</p> <p>1. Ұжымдық тапсырма. Оқушылар әңгімені оқиды.</p> <p>Күлпаштың көңілсіздікке түсіп жүрген күндерінің бірі еді... Үстінде, өрім-өрім болған соң әр жерінен бір түйіп қойған ескі көйлек, оның сыртында тозығы жетіп тулаққа айналған қысқа ескі тон, басында селдіреген көне бөкебайдың жұрнағы. Бет-аузы көнектей ісік; тоңып бүрісіп, үйдің бұрышындағы пешке арқасын сүйеп мұнайып, терең ойға шомған адамша Күлпаш отыр. Жыртық күпіге оранып, бүк түсіп баласы Қали жатыр. Үй суық, жамаулы терезенің жыртығынан кірген ызғырық шекеден шыққандай... Үйдің ішін жылытуға - пешке жағатын отын жоқ. Отын табылар жер де жоқ... қара судан басқа дән татпағанына бүгін үшінші күн. Алты айғы қыс тартқаны - аштықтың зардабы. Бар сенетіні байы Мақтым ел қыдырып, тілек тілеп, ерте кетіп, кеш келеді. Бірақ, оның да табары жоқ...</p> <p>Әйтсе де, Мақтым кеткенде сол бірдеңе әкелетіндей көріп, өзін-өзі алдастырумен ұзақ күнді кеш қылады. Бұл - Күлпаштың бүгінгі әдеті емес, көптен бергі әдеті. Жағын суалдырып, жүзін сарғайтып адам қарағысыз қылып барып, ақырында ісікке айналдырған осы әдет, осы</p>

шыдамдылық.

Күлпаш осы кезге шейін өзінен бетер баласын аяумен келді. Ауыл-аймақ, көрші-қолаңдарынан сұрастырып алған сорпа-суын баласына беретін болды.

Соңғы кезде оның өзі де болмай кетті.

Бұл ауылда отырғандардың бірсыпырасы-ақ өлмелі кедей, бәрі де «шықпа, жаным, шықпа» деп отырған секілді. Бұрынғыдай ауысып тамақ беру абысын-ажын арасынан кеміп кетті. Шағын тамақтың үстіне біреу келсе, кірпік шешендей жиырылатынды шығарды. Мұны, әсіресе, Күлпаш сезеді. Бұрынды-соң аш болсын, тоқ болсын тамақ үшін біреуге телміруді ар көретін Күлпашқа бұл оңай болсын ба, көрші үйлерге қатынауды сиретіп еді...

Міне, бүгін ақтық азық таба алмағандарына үшінші күн, іші қабысып, жүрегі қарайып, көзі бұлдырап, өлім сағатын күткендей ыпыны кетіп отыр... Әлі есі-дерті баласында. Ойлап отырып-отырып қабағын шытып, кейістік тартқан кісі тәрізді баласына қарап:

- Күдай-ай!.. Не қылмысымыздан бұл күйге түстік екен? - деді.

Жылап жіберді. Бүртік-бүртік ыстық жас үстіндегі жарғақ тонның омырауынан сырғанап бастады...

Аштықтан басқа Күлпаштың мазасын алатын тағы бір ой бар еді. Ол ойдың Күлпашты қинағанына бүгін екінші күн. Қыстың бас жағында, жұртпен қатар соятын малы болмай, жалғыз атты ұрып алып, Мақтым жаяу тілек тілеуге айналған соң, Күлпаштың бірге туған сіндісі Раушан келіп Күлпашты азғырған:

- Осы жаманмен біраз күн өмір өткіздің ғой. Ендігі қалған өмірінді қорлыққа салма... жыл болса ауыр, осы бастан азбас, тозбас қамынды ойла... - деген.

Күлпаштың көңілін аудару үшін Раушанның ұсынатын адамы - Жұмағазы.

- 40 - 50 қарасы бар. Бір ауылдың байы. Бұрынғы қатынынан бала қалған жоқ. Жасы биыл тап 40-та. Оған тисең, өзің би, өзің хан боласың!.. - дейді Раушан.

Қыстың бас кезінде ептеп күнделік тамақ тауып ашыға қоймағандықтан: «Байыңды тастап, байға ти...» - дегенде, Күлпаштың жүрегі тас төбесіне шығып кетті.

- Қарағым, Раушанжан-ау, аузың барып неғып айтып отырсың! - деп еді...

Арадан екі-үш ай өткен соң аштық шеңгелін қаттырақ салды. Тұрмыс түрі қиындыққа айналған соң, әсіресе, баласының тамақ сұрап жылағанына жаны төзбеген соң, кейбір кейістік тартқан уақыттарда Күлпаштың ойына Раушанның сөзі түсетін болды. Бірақ, ол сөздің өзіне пайдалы, я зиянды екенін бұл уақытқа шейін айырып білген емес. Әйткенмен соны ойлайды, неге ойлайтынын өзі де білмейді...

Әрі-сәрі болып жүргенде сіндісі Раушан тағы келді. Күлпашты көріп аяды, жылады...

- Енді өлесің ғой, жазған, мен биыл не айтып едім?! - деді.

Күлпаш үндемей ойға шомды. Жүрегінде таласып тұрған екі ой бар: «Жұмағазыға тисем, тамағым тоқ, көйлегім көк болар еді... Калижанды да ашықтырмауға болар еді...» деп ойлайды; «Жастан қосылған қосағым еді. Оны жылатып тастағанда не оңам!..» деп те ойлайды. Екі ойдың бірі жеңіп шыға алмай, өзі қатып отырған Күлпаштың басын одан жаман қатырады...

	<p>Сұрақ: - Әңгіме оқиғасы ары қарай қалай жалғасады? (болжау) Әңгімені жалғастырып оқиды.(https://www.inform.kz/kz/b-maylennin-kulpash-shygarmasy-kazak-dalasyndagy-asharshylykty-n-boyamasyz-korinisi_a2781879)</p> <p>Тапсырмалар. Ұжымдық тапсырма. «Тарихыңды таны». Ашаршылық оқиғасы болған кезенді, орын алған жағдайларды сипаттап, ментальді картаға түсіріп жазыңдар. 2-тапсырма. Топтық тапсырма. Әңгімеде автор қолданған тәсілдерді, тіл көркемдігін анықтап, мысал келтіріп айтыңдар. «Көркемдік көкжиегі» тәсілі. (Сократтық әңгіме үлгісі. Ауызша.) Жазушы әңгімесінің шығармашылық тәсілдемесін талдау үшін мынадай талқылау сұрақтары беріледі. Топтар сол сұрақты бөлісіп алып, жауап береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Әңгіменің басты көркемдік құндылығы не деп ойлайсыз? ➤ Сіздің ойыңызша шығарманың шындыққа жанаспайтын тұстары бар ма? ➤ Әңгімені оқу барысында авторға қоятын сұрақтарыңыз қандай? ➤ Авторға осы әңгімесіне қарап қандай мінездеме берер едіңіз? ➤ Тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арасы бұл әңгімеде алшақ жатыр ма әлде керісінше ме? ➤ Әңгіме кейіпкерінің бірін алып тастасаңыз, оқиғаны қалай өрбітер едіңіз? <p>Дескрипторлар</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Шығармағы оқырман тұрғысында өзіндік бағасын бере алады; ✓ Тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арақатынасын түсінеді. ✓ Автордың шығармашылық тәсілдемесіне талдау жасай алады. <p>Рефлексия Жетістік баспалдағы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Не білгім келеді? - Неден қиналдым? - Не білдім?
--	---

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: <i>Шығарма шырайы</i>	Балалар әдебиеті (гимназия – үйірме)	
Сынып: 71	19- сабақ	
Сабақ тақырыбы	Сәбит Мұқанов «Ақжамбас»	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Т/Ж1.Әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну.	

Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдайды; • идеялық мазмұнын терең түсінеді.
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау Тапсырма.</p> <p>1. Ұжымдық тапсырма. Оқушылар әңгімені оқиды.</p>
Сабақтың ортасы	<p>Мақанның кеңестеріне біздің заманда болған кейбір уақиғалар да араласады, соның бірі — Ақжамбас аталған айғыр туралы.</p> <p>...Жылқылар со қалпымен жұбын жазбай үркіп қаша берді. Қасқырлар қаусырып қуа берді. Ақжамбас та үйірін қорғай, қасқырларға бір ұмтылып, жылқыларының жұбын жаздырмай бір қайырып, арпалысып барады...</p> <p>— Іздерінің жобасына қарасам, — дейді Мақан — қасқырлар жылқыны боран толастамай-ақ бөліп әкеткен сияқты, өйткені жылқылардың да, қасқырлардың да іздерін көп жерде қар басып, көмескі боп қалған.</p> <p>Сол бетпен қуа берген Мақанның құлағына бір кезде алыста арқыраған айғырдың дауысы шалынады.</p> <p>— Елең ете қалдым, — дейді Мақан — өз құлағыма өзім сенбегендей, атымның басын тежеп, тоқтатып қойып тыңдадым. Тағы естілді арқырап, кісінеген дауыс. Алыстан талып келеді, бірақ тани кеттім, — Ақжамбастың дауысы...</p> <p>— Со кезде «алда, жануар-ай» — деппін де, — дейді Мақан, — көзімнен жасым ыршып кетіпті!..</p> <p>— Жақсы жылқыдан садаға кетсең болмай ма, — дейді Мақан — астымдағы айғырым да со кезде жаңа ғана ұстап мінгендей тыңая қап, қарды қара жердей басып, сілтей кеп жөнелді...</p> <p>Мақанның көзіне иірілген бір топ жылқы шалынады. Мақан атына камшыны баса түсіп, жақындайды...</p> <p>— Со кезде, — дейді Мақан — жылқының айналасынан бірнеше қасқыр созылып жөнеле берді... Мен танығандай, айғыр да басын көтеріп, арқырап қоя берді!..</p> <p>Жүйесі босаған Мұқан кеңесінің ар жағын айта алмай, көзін орамалмен сүртіп, солқылдап жылап алды да:</p> <p>— Қайтіп қана дәтің шыдар жыламағанда, — деді, — жетіп келсем, айғырым бақайшағына шейін қара терге малынған, үсті ақ көбіктеніп, буы бұрқыраған, өлердей ентіккен!.. Мен бәлкім кешіксем, қасқырлар айғырды талап жейді екен өйткені айғырда енді қару қыларлық әл қалмай, әбден болдырыпты... Содан айғырды ұстап алып, көзінің терін орамалыммен сүртіп, үстіне шекпенімді шылбырыммен таңып, жүгенімді сыпырып ап, басына кигізіп, алдыңғы екі аяғын белбеуіммен тұсап, тізгінді шоқтығына қаңтардым... Енді қауіп жоғын сезгендей,</p>

айғырым сол арада қалшыып тұрып қалды. Мен жылқыларға кеттім.
— Барып қарасам, — дейді Мақан — айғыр жылқыны бір жерге иіріп қойыпты да, өзі соларды айнала шауып, қасқырлармен алысыпты. Сонда алдына келсе тарпыған, артына келсе тепкен іздері көрініп жатыр... Не деген ауыр азап дейсің: әрі иірген жылқыны сол арадан қозғамай ұстап тұру керек, әрі айнала шабуыл жасаған қасқырларға жылқыны бермеу керек!..

— Неге иірген? — деп сұрадым мен.

— Оның мәні бар екен. — деді Мақан. — Ар жағында терең сай бар екен. Жылқы оған киліксе-ақ, қасқырлар тұсаған малдай ұстайтын. Айғыр соны білгендей жылқылардың алдынан шығып, қайырып ап иіріп қойыпты.

— Кейін неге айдап кетпеген? — дедім мен.

— Әй, бала-ай, баласың-ау! — деді Мақан — кейін айдап кететін ол бос жүрген жылқы ма, қамаған қасқыр жібере ме, оны? Ол қулардың ойлап келе жатқаны да сол алдындағы сайға қамау емес пе?

Айғырдың да, қасқырлардың да ақылдылығына қайран қалған мен:

— Апырай, бұларың сондай ақылды болушы ма еді? — дедім.

— Қасқырды қоя тұршы, — деді Мақан — ол жауыздың ақылдылығына ешкімнің таласы жоқ қой. Шіркін, ақылды деп мына Ақжамбасты айтқан дұрыс қой. Малдың ырысы ғой, жануар!..

[https://kitap.kz/book/738/read#epubcfi\(/6/50\[id25!\]/4/254/2/1:205\)](https://kitap.kz/book/738/read#epubcfi(/6/50[id25!]/4/254/2/1:205))

Тапсырмалар. Ұжымдық тапсырма.

Композициялық жоспар құрындар.

I. Оқиганың басталуы.

II. Байланысуы.

III. Дамуы.

IV. Шиеленісуі.

V. Шарықтау шегі.

VI. Шешімі.

1-тапсырма. Топтық жұмыс.

I топ:

«Ойланыңыз» - Әңгіме желісіне жоспар құрады.

II топ:

«Суреттеңіз» - Ақжамбас бейнесін суреттейді.

III топ:

«Өңденіз» - Әңгімеден жинақы мәтін жазады.

Дескрипторлар:

1. Өлең желісі бойынша жоспар құрастыра алады;
2. Кейіпкер бейнесін суреттей алады;
3. Әңгімеден жинақы мәтін жазады

3-тапсырма. Жекелеме жұмыс.

«Талдаңыз» - Әңгімеге талдау жасау. Түсіндірме сөздікпен жұмыс.

Тақырыбы:

Идеясы:

Жанры:

Әңгімедегі түйінді ой:

Тәрбиелік мәні:

РЕФЛЕКСИЯ

	<p>Жетістік баспалдағы</p> <ul style="list-style-type: none"> - Не білгім келеді? - Неден қиналдым? - Не білдім?
--	--

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Заман және адам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	20- сабақ	Қосымша оқуға: https://martebe.kz/zim-tu-ra-ly-le-ini-ma-ynasy/
Сабақ тақырыбы	Қ.Аманжолов. «Өзім туралы» өлеңі	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	А/И2.Эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Өлеңдегі негізгі ойды түсінеді; • Автор бейнесін анықтайды. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау. Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» әнін тыңдау.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өлең сендерге қандай ой салды? - Өлең ақынның өзі туралы ғана ма? Неге?
Сабақтың ортасы	<p>Тапсырмалар. Ұжымдық тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқындар. Өзге емес , өзім айтам өз жайымда, Жүрегім жалын атқан сөз дайында. Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді, Тербетіп, тулатып бір қозғайын да... Аманжол — Рахымжанның Қасымымын, Мен қалған бір атаның ғасырымын. Біреуге жұртта қалған жасығымын,</p>

Біреуге аспандағы асылымын.
Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,
Көрінер көлеңкесі келбетімде,
Қай жерде үзіледі қайран сапар,
Түйін боп өмірімнің бір шетінде.
Сол жерге қалармын ба мәңгі тоқтап,
Жоғалып жер бетінен сүрлеу-соқпақ.
Немесе бастармын ба екінші өмір,
Жалынды жыр жолында қызыл шоқ қап.
Дүние, жалт-жұлт еткен кең мекенім,
Көре алмай көп жеріңді мен кетемін.
Арпалыс ала құйын заманалар
Арбасып тұрып алды, мен не етемін.
Өмір жоқ түскен жерде бір арнаға,
Көп күттім, көп тіледім құмарлана.
Қайтейін, жетер емес қысқа өмірім,
Алыстан көрінгенмен мұнарлана.
Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ,
Қараймын елесіңе мен таңырқап.
Жаңғыртып жер сарайын сен келгенде,
Көрпемді мен жатармын қырда қымтап.
Жүзінде кәрі жердің әжімі көп,
Ізімді табарсыңдар әзер іздеп.
Оқырсың сонда мүмкін бұл жырымды,
«Досың да, туысың да біздерміз» деп.
Ризамын туғанымға адам болып,
Өкінбен қаламын деп бір күн солып.
Адамзат сапарының мейманымыз,
Бір мезет жер бетіне кетер соғып...
Өкінбен мен де бір күн өлемін деп,
Өкінем ұқсата алмай келемін деп,
Күніне жүз ойланып, мың толғанам,
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.
Барым да, бақытым да осы өлеңім,
Жақыным , жүрегімнің досы өлеңім.
Өмірге келгенім жоқ бостан – босқа,
Мен қайтып , босқа жасап , босқа өлемін.

<https://qasym.buketov.edu.kz/ozim-turaly/>

1-тапсырма. Топтық жұмыс.

ЖЖ.Өлеңдегі ақын қолданған метафоралардың мәнін ашу.

- Өлеңдегі лирикалық кейіпкерді анықтау арқылы лирикалық кейіпкер туралы пікір қалыптастыру;
- . Лирикалық кейіпкердің көңіл күйін сараптау.

Ж.ЖЖ.

Оқушылар өлеңнен автор бейнесіне талдау жасайды лирикалық қаһарманға сипаттама жазады.

Жаңа идея мен бағыттарға өосқан үлесін анықтау үшін төмендегі өлең үзінділерімен **«Түсінемін.Анықтаймын.Байланыстырамын.Ықпал етемін.Сенемін»** тұжырымдарын басшылыққа алып жұмыс істейді.

Өлеңнен үзінді

	Біреуге аспандағы асылымын, Біреуге жұртта қалған жасығымын.
	Сөзім-жыр, лебізім-күй, ерке едім, Өз елім, өз жерімде еркеледім.
	Күніне жүз ойланып, мың толғанам, Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.
	Ризамын туғанымға адам болып, Өкінбен қаламын деп бір күн солып.
	Өзара бағалау. РЕФЛЕКСИЯ Жетістік баспалдағы <i>Не білгім келеді?</i> <i>Неден қиналдым?</i> <i>Не білдім?</i>

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Заман және адам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	21- сабақ	<i>Қосымша оқуға:</i>
Сабақ тақырыбы	С.Мұратбеков Көкінай (Жабайы алма)	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Т/Ж2.Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыда талдау.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Шығармадағы тұлғалық болмысты ашады; • Гуманистік тұрғыда талдайды. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау. <ul style="list-style-type: none"> - С.Мұратбековтің қандай шығармаларын білесіңдер? - Көкінай кімнің болмаса ненің аты?
Сабақтың ортасы	Тапсырмалар. Ұжымдық тапсырма. Шығарманы түсініп оқыңдар. КӨКІНАЙ Тау бөктері тұтасқан жабайы алма болатын. Соғыс жылдары біз, жас балалар, қалың бөргезге қол-аяғымызды қызыл ала жоса ғып

жырғызып, ұзақты күнге алмадан алма таңдап, сол бөктерде тентіреп жүруші едік. Қышқылтым ақ алма тістегенінде мұз шайнағандай қаршылдайтын. Сәлден кейін тісті қамап қалатын да зар қақтырып бастырмай тастайтын. Сонда да жейтінбіз Тапшылықта қабысқан қарынды алмамен болса да істелеп жұбату керек. Ішіміз көгеріп, ауырсына ыңқылдап жататын кезіміз де көп еді. Қоңыр самал соғатын, итмұрын, қарақат, бөргездердің неше алуан иісі аңқитын. Бірақ ақ алманың — жабайы алманың қымыз иісі бәрінен де ерекше еді. Қай жағына қарасаң да бұтақтары сынып кетердей боп иіліп, көзді арбаған ақ алма сықасып тұратын. Тістеріміз жарқырап, қашыр-қашыр шайнайтынбыз.

Кешке қарай өрістен қайтқан малмен бірге, алма толы бір-бір дорба-қоржындарымызды арқалап біз де ауылға бет алатынбыз. Ауылдың желке тұсына жеткенде, жолымыздағы көлденең тұрған жалғыз түп үлкен алып алма ағашты айналып өтеміз. Ірі ақ алмалары жерге түсіп төгіліп жатады. Бірақ біз оған жолай алмаймыз. Өйткені, бұралқы қара қаншық соның түбіндегі үңгірді мекендеп алған, жылда күшіктейді де, бізді мүлде маңайлатпайды. Жақындап кетсек-ақ үңгір түбінен тістері сақылдап, ырылдап, зәре-құтымызды ұшырады. Қарақаншық жайында балалардың арасында рас-өтірігі аралас толып жатқан аңыз-әңгімелер де бар, кейде бірімізден-біріміз білгішсініп асып түсу үшін сол әңгімелерді жарыса айтатынбыз: Қарақаншықтың анасы қыран бүркіт пен құмай тазыдан туған желқұйын тұйғын екен, кезінде бұл төңіректе жортқан төрт аяқты аңнан аң қоймапты, қолтығында қанаты болған көрінеді, ал одан туған Қарақаншық та соғысқа дейін атағы жер жарған тазы екен; иесі Бәсен соғысқа аттанып, әйелі Жайдар көрші аудандағы төркіндеріне көшіп кеткен соң, Қарақаншық далада қаңғып қалып қойған; Жайдар өзімен бірге әкетпек боп қаншама әуреге түскенімен Қарақаншық жат жерге баспай қойыпты, тіпті бір жолы Жайдар әдейілеп іздеп кеп, қаңғып жүрген Қарақаншықты шақырып ап, алдына ыстық тамақ құйып, мойнынан құшақтай отырып жылап, кәдімгі адаммен сөйлескендей оған: «Мұның не, Көкінай-ау, менен неге қашасың? Не жаманшылығымды көрдің? Әлде көшкеніме қарсымысың? Бәсенім аман-есен қайтқан соң, әлі-ақ қайтып келеміз ғой бұл жаққа. Оған дейін бір жерде болайық та», - деп назын айтыпты, сөйтіп, жіппен байлап жетектеп әкетіпті; бірақ бірер айдан кейін Қарақаншық үйренген жеріне қайта қашып келген екен; иемденгісі келген үйлердің бірде-біріне жоламай, алып алма ағаштың түбінде ескі үңгірге барып паналапты, өзі алма жеуді үйреніпті, жылда жазда күшіктейді де, күшіктері бауырын көтерген кезде, ауылдың үлкендері жиналып келіп, Қарақаншықты бір шетке жасқап тастап, алдына ас құяды да өздері бір-бір күшіктен үлесіп алып кетеді, сөйтіп, айналасы екі-үш жылдың ішінде ауылдағы иттердің тең жарымы Қарақаншықтың тұқымы боп кетті. Ит жайын жақсы білетін Байдалы шал айтыпты деген бір сөз бар: осы Қарақаншықтың көп күшіктерінің ішінен біреуі ғана тұқымына тартып құмай боп тууы тиіс, ал күшік дұрыс қолға тап келсе жортқан аңды құр жібермейтін нағыз желқұйынның өзі болмақ.(толық оқу)

<https://alashainasy.kz/proza/sayyin-muratbekov-jabayyi-alma-55387/>

1-тапсырма. Топтық жұмыс.

ЖЖ. «Сегіз қырлы ой»

Сандар	Шығармада сипатталған уақыт
Сөздер	Тірек сөздер
Адамдар Хайуанат	Көкінай -Қарақаншық ит бейнесі
Көңіл- күй	Көңіл -күйіндегі алаңдаушылықтың себебіне назар аудару
Табиғат	Тау бөктері
Әрекет	Кейіпкерге берілген мінездемелерді тауып, талдау;
Дыбыстар	
Көзқарас	
<p>Өзара бағалау. РЕФЛЕКСИЯ Жетістік баспалдағы <i>Не білгім келеді?</i> <i>Неден қиналдым?</i> <i>Не білдім?</i></p>	

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Заман және адам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	22- сабақ	<i>Қосымша оқуға:</i> Қ.Омарұлы. «Ақтөс» жинағы
Сабақ тақырыбы	Қ.Омарұлы. Алтын адам туралы аңыз	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	А/И4.Шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Шығарма мазмұнын меңгереді; • Оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазады. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарлан-	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
----------------------------	---

ған кезеңдері	
<p>Сабақтың басы</p> <p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Алтын адам туралы не білесіңдер? - Әңгіме неге осылай аталған деп ойлайсыңдар? <p style="text-align: center;">«Алтын адам» — 1970 жылдарының</p> <p>басында Есік қорғанында — сақтар тайпасының жас көсемінің зираты табылды.^[1] Дәлірек айтқанда: Алматы облысы Есік қаласының солтүстігіндегі Есік өзенінің сол жақ жағалауындағы темір дәуірінен сақталған сақ обасынан табылған алтын киімді сақ жауынгерінің мүрдесі. 1969-1970 жылдары археолог К.А. Ақышев тапқан. Алтын адам киімі 4 мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген. Әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін “хайуанат нақышында ” жасалған. Бас сүйектің сол жағынан жаһұт тастармен әшекейленген алтын сырға табылды. Бас киімі кейінгі қазақ киімі үлгілеріне ұқсас, биік, шошақ төбелі, ұзындығы 70 см шамасында. Мойнында дөңгелек жүзік сияқты алтын алқа, іш көйлегі, көкірегінің тұсы, жеңі алтын тоғалармен өрнектелген, саусағында екі алтын жүзік, камзолы құрастырылмалы ауыр белбеумен бұылған. Белбеуге аңға ұқсас бейнелер, 16 тоға жапсырылған, оң жағында қызыл қынапты ұзын семсер, сол жағында алтын пластиналар жапсырылған қынға салынған темір қанжар — ақинақ, шалбар балағы да алтын тоғалармен әшекейленген.</p> <p>https://kk.wikipedia.</p> <p>Тапсырмалар. Ұжымдық тапсырма. Шығарманы түсініп оқыңдар.</p> <p>Жоспар</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Алтын баланың ер жетіп, «Алтын адам» деген атқа ие болуы. 2.Қызды ұнатуы. 3.Зергердің тойға киетін киімдер дайындауы. 4.Жауынгердің киімге риза болуы. 5.Киімдердің халықтың баға жетпес мұрасына айналуы. <p>1-тапсырма. Топтық жұмыс. Аңыздың басын тыңдап, оқиғаны ары қарай өз ойларымен жалғастырып жазыңдар.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> -аңыздың бас жағын тыңдайды; - оқиғаны өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазады; - жазғандарымен топта, ұжымда бөліседі. <p>Өзара бағалау.</p> <p style="text-align: center;">РЕФЛЕКСИЯ</p> <p>Жетістік баспалдағы</p> <p><i>Не білгім келеді?</i></p> <p><i>Неден қиналдым?</i></p> <p><i>Не білдім?</i></p>

Қысқа мерзімді жоспар

<p>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Заман және адам</p>	<p>Балалар әдебиеті</p>
--	-------------------------

Сынып: 7	23- сабақ	Қосымша оқуға:
Сабақ тақырыбы	Ж.Бұқарбай. «Жерімді сатпа», «Күй» өлеңдері	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	. Б/СЗ.Шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасайды; • Өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазады . 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет					
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау. - Өлең неге осылай аталған деп ойлайсыңдар?</p>					
Сабақтың ортасы	<p>1-тапсырма. Жерімді сатпа. Өлеңді түсініп оқыңдар.</p> <table border="1"> <tr> <td> Шиырлаумен шимай қылып ескі ізді, Сапырылыс сан өткелден өткізді. Барды жалмап, жоқты армандап желіксең, Бабалардың аруағы, кеш бізді. Бағамдайық байыбына барып та, Ақырзаман жай емесі анық па? Қасиеті қарынан аспайтын Қорқау несіл қамқорсиды халыққа. Көрдік бәрін жарлыланып, жарып та, Жеңдік бәрін жағаласып, шалып та. Қараладық Ақиқатты – адалды, Ақырзаман таялғаны анық па? </td> <td> Адақанның арты соқпақ, тар алды, Обыр оқпан ойламайды обалды. Саудаласақ Аруақ қонған даланы, Сатылмайтын жұмыр жерде не қалды?! Есепшотпен анықтайтын бағанды, Елдің бәрі хас бақалшы боп алды. Сатсақ енді анамызды Жер атты, Ақырзаманнан басқа енді не қалды?.. Қынжылмайтын халық түссе қыспаққа, Алпауытқа ат тізгінін ұстатпа. Елді сатып... Байымаған басымыз, Жерді сатып шыға қоймас ұшпаққа. </td> </tr> </table> <p>Тапсырма. (Топтық жұмыс) «Төрт ресурс» тәсілімен төмендегі кестені толтырыңыздар.</p> <table border="1"> <tr> <td> Кодтай білу, <i>немесе мен мәтіннің шырғауын қалай шешемін?</i> Мәтінді қалай түсінемін? Неден басталады? Неге негізделген? Қандай құралдар қолданады? </td> <td> Қолдана білу, <i>немесе мәтінді мен қалай қолданамын?</i> Мәтіннің мақсаты мазмұнына үйлесе ме? Мәтінді қалай дәл қазір осы жерде, осы уақытта қолдана </td> </tr> </table>		Шиырлаумен шимай қылып ескі ізді, Сапырылыс сан өткелден өткізді. Барды жалмап, жоқты армандап желіксең, Бабалардың аруағы, кеш бізді. Бағамдайық байыбына барып та, Ақырзаман жай емесі анық па? Қасиеті қарынан аспайтын Қорқау несіл қамқорсиды халыққа. Көрдік бәрін жарлыланып, жарып та, Жеңдік бәрін жағаласып, шалып та. Қараладық Ақиқатты – адалды, Ақырзаман таялғаны анық па?	Адақанның арты соқпақ, тар алды, Обыр оқпан ойламайды обалды. Саудаласақ Аруақ қонған даланы, Сатылмайтын жұмыр жерде не қалды?! Есепшотпен анықтайтын бағанды, Елдің бәрі хас бақалшы боп алды. Сатсақ енді анамызды Жер атты, Ақырзаманнан басқа енді не қалды?.. Қынжылмайтын халық түссе қыспаққа, Алпауытқа ат тізгінін ұстатпа. Елді сатып... Байымаған басымыз, Жерді сатып шыға қоймас ұшпаққа.	Кодтай білу, <i>немесе мен мәтіннің шырғауын қалай шешемін?</i> Мәтінді қалай түсінемін? Неден басталады? Неге негізделген? Қандай құралдар қолданады?	Қолдана білу, <i>немесе мәтінді мен қалай қолданамын?</i> Мәтіннің мақсаты мазмұнына үйлесе ме? Мәтінді қалай дәл қазір осы жерде, осы уақытта қолдана
Шиырлаумен шимай қылып ескі ізді, Сапырылыс сан өткелден өткізді. Барды жалмап, жоқты армандап желіксең, Бабалардың аруағы, кеш бізді. Бағамдайық байыбына барып та, Ақырзаман жай емесі анық па? Қасиеті қарынан аспайтын Қорқау несіл қамқорсиды халыққа. Көрдік бәрін жарлыланып, жарып та, Жеңдік бәрін жағаласып, шалып та. Қараладық Ақиқатты – адалды, Ақырзаман таялғаны анық па?	Адақанның арты соқпақ, тар алды, Обыр оқпан ойламайды обалды. Саудаласақ Аруақ қонған даланы, Сатылмайтын жұмыр жерде не қалды?! Есепшотпен анықтайтын бағанды, Елдің бәрі хас бақалшы боп алды. Сатсақ енді анамызды Жер атты, Ақырзаманнан басқа енді не қалды?.. Қынжылмайтын халық түссе қыспаққа, Алпауытқа ат тізгінін ұстатпа. Елді сатып... Байымаған басымыз, Жерді сатып шыға қоймас ұшпаққа.					
Кодтай білу, <i>немесе мен мәтіннің шырғауын қалай шешемін?</i> Мәтінді қалай түсінемін? Неден басталады? Неге негізделген? Қандай құралдар қолданады?	Қолдана білу, <i>немесе мәтінді мен қалай қолданамын?</i> Мәтіннің мақсаты мазмұнына үйлесе ме? Мәтінді қалай дәл қазір осы жерде, осы уақытта қолдана					

	аламын? Менің мүмкіндігім қандай?	
<p>Түсіне білу, <i>немесе мәтінге қалай қатысамын?</i> Мәтін идеялары өзара қалай байланысқан? Мәтінде қандай тарихи дәлел қолданылған? (құндылығы) Мәтіннің мәні қандай және басқаша қалай түсіндіруге болады?</p>	<p>Бағалай білу, <i>немесе мен сыни сауатты оқырман ретінде</i> Кімнің ұстанымы, пікірі мен мүддесі қозғалған? Кімнің пікірі айтылмаған немесе жоқ? Қандай пікір айтылған? Менің пікірім басқалардың пікірімен сәйкес келе ме?</p>	
<p>Дескрипторлары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мәтінде көтерілген мәселені анықтайды; - Мәтіндегі идеяларды, олардың арасындағы байланысты ашады; - Мәтіндегі тарихи дәлелдерді, құндылықтарын табады; - Мәтіндегі оқиғалардың мәнін түсіндіреді; - Мәтін мақсаты мен мазмұнының үйлесімділігін ашады; - Мәтінді қолдану мүмкіндігін ажыратады; - Мәтін ұстанымы, пікіріне, мүддесіне баға береді. 		
<p>2-тапсырма. «Күй» өлеңін түсініп оқыңдар.</p>		
<p>Жалаң аяқ табанның майда ғана Ізі жатыр жарысып айдалада. Шаңқай түсте шалдықпай шапқылайтын Балғын күндер кетті екен қайда, бала?! Асық алып, құрт ұрлап шошаладан, Табылушы едік қой осы арадан. Қиып кеттің қалайша аптабыңды, Шақтарыңды қызықтан босамаған? Таласа айтып «Алпамыс», «Көрұғылын», Қиял – серік, Құрылтай еді күнім.</p>	<p>Сайғағындай селеулі сері қырдың Қайда кетің, аңсадым сені бүгін. Қара сирақ шұбыртып күн түменін, Қиқулағым келіп тұр, дүркірегім. Қайтер еді мың күндік аруымның Берсең келіп тым құрса бір күнгі емін?.. Ала шапқын, Күнәдан ада күнім, Балалығым, Беу , шіркін, балалығым!</p>	
<ul style="list-style-type: none"> - Өлеңде қандай тақырып көтерілген? - Бүгінгі балалық пен бұрынғы ақын бастан өткерген балалық арасында неңдей айырмашылық бар? 		
<p>Екі өлең негізінде төмендегі тақырыптардың біріне эссе жазыңдар:</p>		
<p>1. Жер – халықтың байлығы</p>		
<p>2. Балалық шақ – бақытты шақ</p>		
<p>Эссе жазуда PRES тәсіліне сүйену.</p>		
<p><i>Позиция: «Менің ойымша,..» немесе «Мен-----деп санаймын» (пікір)</i></p>		
<p><i>Негіздеу: «Өйткені...» (ұстанымының негіздемесі)</i></p>		
<p><i>Мысал келтіру: «Мысалы» (ойын жалғастыру, өз көзқарасына дәлел)</i></p>		
<p><i>Қорытынды: «Сонымен (сондықтан) мен санаймын» (пікір қорытындысы)</i></p>		
<p>РЕФЛЕКСИЯ</p>		
<p>Жетістік баспалдағы</p>		
<p>Не білгім келеді?</p>		
<p>Неден қиналдым?</p>		
<p>Не білдім?</p>		

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Заман және адам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	24- сабақ	<i>Қосымша оқуға:</i>
Сабақ тақырыбы	Т.Айбергенов «Адамдар», «Өмір деген» өлеңдері	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Т/ЖЗ.Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> - Өлеңдердегі кейіпкерлердің бейнесін ашады; - Кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтайды. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау. Өлеңнің аудио нұсқасын тыңдату - Өлең неге осылай аталған деп ойлайсындар? 1-тапсырма. Адамдар. Өлеңді түсініп оқындар.	
Сабақтың ортасы	<p>О, адамдар, біргемін мен сендермен, Ықыласыңа еш нәрсені теңгермен. Сендер менің бақытымның бұлағы, Сендер менің дарыныма жел берген. Өздеріңмен өмір шыңын бірге астым, Жарты құртты бөліп жедім, сырластым. Дүниеге келгенім жоқ шет жүріп, Рақатын ойлау үшін бір бастың. Гүлстанға айналдырған тақырды,</p>	<p>Не кездесе өздеріңмен көрмекпін Қарапайым адамдары еңбектің! Барлығын да бағыштар ем сендерге Махаббатын маған берсе жер-көктің. Қолыңнан қала тұрса тас қаланып, Құдіретіңе табынса аспан алып. Сен жасаған бақытты көріп тұрып, Сені сүймеу не деген масқаралық. Алдымнан көрген емес жол кесіліп, Келемін демеуіңмен өрге шығып. О, адамдар, ғапу ет, шалыс бассам, Кешіріңдер, Менікі пендешілік. https://bilim-all.kz/olen/17208-Adamdar</p>

	<p>Болат қолдар, алғыр милар ақылды, Сүйемін мен, сүйемін мен сендерді Алар демім қалғанынша ақырғы. Менің үшін бірдей тілің, жынысың, Көбің ана, көбің аға-інісің. Достық өскен, ерлік өскен ортаңа Енген сайын кеңі түсер тынысым</p>	
<p>1-тапсырма. «Өмір деген» өлеңін түсініп оқындар.</p>		
	<p>Өмір деген - көк мұхиттың толқыны, Бір - бірімен жатқан шулап жалғасып, Бір - бірімен жатқан тулап арбасып, О, толқындар, арпалысып, алға шық! Өмір деген пәк жаралған махаббат.</p>	<p>Ғашықтықтан жарқылдаған көздері. Ұғынбайтын өз ойынан өзгені, Өз жүрегін өртейтұғын өз демі. Өмір деген - мәңгі гүлдеп жататын Құштарлықтың толғағы мен көктемі. Ешкім оған қоя алмайды нүктені, Өмір деген сөйлем емес өйткені. https://www.facebook.com/232519423856359</p>
<p>Тапсырма. Әдеби шеңбер 1. 1. Талқы себепшісі – шығарма кейіпкерлеріне қатысты 3 сұрақ құрастырады. 2. 2. Белгілеуші – өлең кейіпкерлерінің типтерін жасаудағы тәсілдерді анықтайды. 3. Байланыстырушы – лирикалық кейіпкерін қазіргі шығармалардағы кейіпкермен байланыстырады, дәлелдейді. 4. Қорытындылаушы – автордың өз кейіпкеріне деген позициясы қорытындылайды. Қалыптастырушы бағалау</p> <p>Дескрипторлары: РЕФЛЕКСИЯ Жетістік баспалдағы Не білгім келеді? Неден қиналдым? Не білдім?</p>		

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Заман және адам	Балалар әдебиеті (гимназия – үйірме)	
Сынып: 71	28- сабақ	<i>Қосымша оқуға:</i>
Сабақ тақырыбы	Бердібек Соқпақбаев.«Он алты жасар чемпион» әңгімесі.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Т/Ж4.Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Бағалау критерийі • Шығарма мазмұнын толық түсінеді; • .Шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды. Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашады. • Үзінділерді жатқа айтады. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстандық спортшылардан қандай әлем чемпиондарын білесіңдер? - Әңгіме неге осылай аталған деп ойлайсыңдар?
Сабақтың ортасы	<p>1-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтінді түсініп оқыңдар.</p> <p>Биыл Николай Трофимовичтің келуімен байланысты мектеп өмірінде көптеген жаңалықтар туып жатыр.</p> <p>Оқушылар ғана емес, колхозшылар арасында да физкультура мен спорт ісін көркейтуді ол міндетіне алып, осы жолда табандылықпен іс жүргізуге ұйғарды. Ақылына салып, көп ойлап қараса, бірсыпыра іс қолынан да келетіндей, сол істі жүргізуге мүмкіндік те бар сияқты.</p> <p>Ол ен әуелі өзі бірнеше жыл қызмет атқарған шекаралық заставамен байланысуды мақұл көрді. Заставадан көп көмек күтуге болатын еді. Әуелі заставаға жаңа келген бастықпен ұзақ сөйлесіп, өз мақсатын, ойын баяндады.</p> <p>— Бұл ауданда тұратындар,— деді ол, — қазақтар. Қаладан да алыс. Қазақ халқының өткендегісі сіз бен бізге мәлім. Физкультура мен спорттың негізгі түрлерінен бұлардың хабары әлі де аз. Бірақ қабілетті, таланты жастар мол.</p> <p>Николай Трофимовичті заставаның бастығы қызу қуаттап, мүмкін болғанша көмектесіп тұруға сөз берді.</p> <p>Николай Трофимович мектепте физкультура коллективін құрды. Мына жұмыс істеп жүргендердің көбі сол коллективтің мүшелері. Әзірше жеңіл атлетика, гимнастика және спорт ойындарының секциялары іске кіріссін деп қаулы алынған.</p>

Әр секция жетісіне екі рет жұмыс істейтін болды.

Осылайша ұйымдасқан бұл коллектив алғашқы адымын мектептің физкультура алаңын жасаудан бастаған еді.

Физкультура алаңы бір жетіде-ақ көз тарта бастады. Бір шетінде гимнастика алаңы бар. Онда түрлі снарядтар көрінеді. Бірсыпыра снарядтар Алматыдан әкелінген жаңа, күнмен шағылысып жалтырап тұр. Ал кейбір снарядтарды, Николай Трофимович уақытша пайдаланып тұру үшін шекаралық заставадан сұрап алған.

Өз кабинетінің терезесінен физкультура алаңы жаққа бағанадан бері тесіле қарап тұрған, жасы қырықтар шамасындағы, тапал бойлы Тоқмолда кілт бұрылды да, тысқа шықты. Төңірегіне жалтақтап қарағанда, оның көзіне мектептің күзетшісі Сәйбек қарт түсті.

— Сәке,—деді Тоқмолда, — анау жүрген Николай Трофимович дейтін мұғалімді шақырып жіберіңізші. Тез келсін.

Тоқмолда кабинетіне қайта кіріп кетті.

Николай Трофимович келгенде ол шала тартылған папиросын столдың бір шетіне мыжып өшіріп, есік жақтағы босағаға лақтырып жіберді де, орнынан тұрды.

— Кел, кел, Николай Трофимович! — деді қолын созып. — Сәләмат боларсыз. Сізді сөйлесейін деп шақыртып едім. Пожалуйста, отырыңыз!

Тоқмолда, сөйлеуіне бөгет болғандай сырт көйлегінің жоғарғы түймесін ағытып, тамағын кеней бір жөтеліп ап, орнына қайта отырды. Ұстарамен шашын тақырлап алдырып тастаған басы терезеден түсіп тұрған күн сәулесімен жалтырай түсті. Көзін әдеттегісінше жыпылықтатып алып, ерні сөйлеуге икемделіп, сәл ашылып, жыбырлай түсіп, Николай Трофимовичтің отыруын тосуда. Николай Трофимович Тоқмолда отырған столдың шетіне таман тұрған орындыққа қырын қарап отыра бергенде, Тоқмолда сәмпылдап сөйлей жөнелді.

— Николай Трофимович, сіздің не істейін деп жүргеніңізді білуге бола ма? Мынау парктің бір бұрышындағы істеліп жатқан жұмыстарыңыз бітетін жұмыс па, жоқ әлде, оқушыларды әлекке сап қоятын бітпес бірдеңе ме? Бұл неткен әурешілік, алдымен осыны айтыңызшы?

Николай Трофимович мұндай сөз күтпегендей, жүзін оқыс өзгертіп, Тоқмолдаға қарай бұрылып отырды.

— Физкультура алаңын жасауға өзіңіз келісім беріп едіңіз ғой.

— Келісім бергенде, мұнша әлекке түсіп, оқушыларды желіктіріп әкететіндігіңді мен қайдан білейін. (Тоқмолда Николай Трофимовичке «сен» деп сөйлеп кетті). Турник орнатып қана қояды екен деп қалдым.

— Жалғыз турниктен физкультура алаңы болмайды. Нағыз физкультура алаңы қандай болатынын енді бір жетіден соң көріңіз.

— Балалар бос уақыттарыңда кітаптың бетін ашпай, алысып ойнай беретін болды, киімдерінен де тамтық қалмайды, мүмкін, жығылып түсіп, мойындары үзіледі, немесе аяқ-қолдарын сындырып алады. Дене шынықтыру сабағын сол біреулерсіз-ақ жүргізуші еді ғой жұрт. Турник болса жетпей ме?

Сабыр етіңіз. Біріншіден, мен жасатып жатқандардың бәрі де керек. Екіншіден, балалардың сабаққа әзірленуіне ешқандай кеселдік келтірмейтін тәртіп орнатамыз. Балалар өз бетімен қалай болса солай барып, снарядтарға асыла бермейтін болады. Қайта, олардың бос уақыттарын пайдалы өткізіп, сабақты жақсы оқуына жағдай жасаймыз. Жақсы оқу үшін дұрыс демалу керек Физкультура мен спорт - барлық жағынан пайдалы. Ал, жығылып түсіп, мойындары үзіледі, немесе аяқ-қолдарын сындырып алады деп қауыптенбеуіңізге болады.

Николай Трофимович планшеткасын ашып, бірнеше тарақ жазулы қағаз алды да, бір тарағын Тоқмолданың алдына тастады.

Мынау физкультура коллективінің қаулысы, оқып шығыңыз. Ал мынау, секциялардың іс жоспары. Танысып, пікірлеріңізді айтыңыз.

Тоқмолда томсырайған күйде отырып, қаулыны оқып шықты да:

— Сендер тінті оқуды ұмытыпсындар ғой, — деді.
 — Оқу ұмыт болмайды, — деп Николай Трофимович оның сөзін бөлді, — мына жоспармен танысыңыз. Әр секция расписание бойынша жетісіне екі рет, бір жарым сағаттан ғана жұмыс істейтін болады. Физкультура коллективіне мүше болған оқушыны бір-ақ секцияға қатысатын етеміз.
 — Барлығы үш секция ма?
 — Я, үш секция.
 — Осы жұмыстың бәрін жүргізетін кім?
 — Жүргізетін мына мен, — деді Николай Трофимович, Тоқмолданың көзіне тіке қарап.
 — Мұның бәрі міндетті сабағыңнан тыс уақытта өткізіледі ғой?
 Я, міндетті сабағымнан тыс уақыттарда өткізіледі
 Тоқмолда біраз үнсіз отырып қалды да:
 — Жарайды, әйтеуір оқушылардың саба оқуына бөгет болмайтын болсын, — деді.

<https://bilim-all.kz/article/7611-On-alty-zhasar-chempion>

Жалғастырып оқу.

- Тапсырма.
- Шығарманың жанры:
- Тақырыбы:
- Идеясы:

2.«Ыстық орындық» әдісі

Сынып оқушыларын 4 топқа бөлеміз. Әр топтан бір оқушы «Ыстық орындыққа», шығарма авторы, Мұрат, Николай Трофимович, Тоқмолда шақырылады. Қалған оқушылар қоятын сұрақтарын талдап алады (әр кейіпкерге әр топтан бір-бір сұрақтан. Сонда 4 кейіпкерге 4 сұрақ дайындайды).

Дескрипторлары:

1. Берілген тақырып шеңберінде жеке көзқарастарын білдіре алады;
2. Сұрақтарды жүйелі құрастыра алады; талқылауға белсенді қатысады.

3.Шығармадағы ұнаған үзіндіні оқып, жатқа айтындар.

Өзара бағалау.

РЕФЛЕКСИЯ

Жетістік баспалдағы

Не білгім келеді?

Неден қиналдым?

Не білдім?

Қысқа мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Заман және адам	Балалар әдебиеті (гимназия – үйірме)	
Сынып: 71	29- сабақ	<i>Қосымша оқуға:</i>
Сабақ тақырыбы	<i>М.Лермонтов «Тұтқындағы батыр» өлеңі</i>	

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Б/С3.Көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру.;
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Бағалау критерийі • Көтерілген мәселені анықтайды; • көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға береді.
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өлең не туралы деп ойлайсындар? - «Тұтқындағы батыр» тіркесінің мағынасын ашып көріңдер.
Сабақтың ортасы	<p>1-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтінді түсініп оқыңдар. Қараңғы үй терезесі — тұтқын орны, Көгерген көктің жүзі ескі формы. Азат құстар аспанда ойнап ұшса, Ұялып қарай алмас мендей сорлы. Тәубә жоқ, дұға да жоқ тентек бойда, Өлең жоқ айтып жүрген талай тойда. Қан ағып, қайрат қылған майдан менен Ауыр қылыш дулыға бірақ ойда. Тас дулыға, тас сауыт киінгенім, Денемді қысып жатыр бүгін менің. Оқ пен қылыш бұзбастай киінсем де, Қайран атым, иең жоқ жалғыз сенің. Уақыттай өзі жүйрік ат мінеміз, Сауыттай шынжырлаулы тереземіз. Тас дулыға болмай ма жатқан үйім, Шарайнам шойын есік бұ да бір кез. Жүйрік уақыт шаршатпай қоймас ақыр, Денемді сауыт-сайман қысып жатыр. Бұрын сені біреуге көп жұмсап ем, Енді өзіме шақырдым, ажал батыр. Аударған- Абай Құнанбайұлы.</p> <p>Тапсырма.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шығарманың жанры: • Тақырыбы: • Идеясы: <p>2. Ж. «Зерттеудің алты қадамы»</p> <p>1. Тапсырманы анықтау: Қара сөздердегі адамзаттың мәңгілік мәселелерін</p>

	<p>анықтап, келесі сұрақтарға жауап іздейді. Мен не істеймін? Мен қазір не білемін? Маған қандай лексика керек? Мен өз жұмысымды қалай таныстырамын?</p> <p>2. Ақпараттың орналасқан орны: Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөздерден заманауилық, жаңашылдық туралы ақпаратты табады.</p> <p>3. Тиісті ресурстарды таңдау: Бұл ақпарат пайдалы ма? Мен нені сақтауым керек? Маған нені өшіріп тастау керек? Ресурстар қаншалықты сенімді болып табылады?</p> <p>4. Ақпаратты ұйымдастыру: Мен жазбаларды өз сөзіммен жаза аламын ба? Мен оларды қалай ұйымдастырамын? Мен ақпараттың қайдан алынғанын белгіледім бе? Мен жеткілікті ақпарат алдым ба?</p> <p>5. Идеяларды ұсыну: Менен өз жұмысымды қалай таныстыруды сұрады? Мен оны қалай құрылымдауым керек? Мен өз жұмысымды кімдерге таныстыратын боламын? Мен тез тіл табысқышпын ба?</p> <p>6. Соңғы өнімді бағамдау: Мен бірдемені қалдырып кеттім бе? Менің жұмысымның мәні бар ма? Мен өз жұмысымды оқыған адамның алдында мақтаным сезіне аламын ба? Мен не үйрендім?</p> <p>Өзін-өзі бағалау. Өзара бағалау. РЕФЛЕКСИЯ Жетістік баспалдағы Не білгім келеді? Неден қиналдым? Не білдім?</p>
--	---

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Заман және адам	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	30- сабақ	<i>Қосымша оқуға:</i>
Сабақ тақырыбы	С.Есенин.Күз жаңбыры бірден қалай басылмақ, Басылып сәл аптығы.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	А/И1.Шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> • Бағалау критерийі • . 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік • Құрмет пен ынтымақтастық • Еңбек және шығармашылық • Ашықтық 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың	Ұйымдастыру кезеңі: Ой қозғау.

басы	<ul style="list-style-type: none"> - Олең не туралы деп ойлайсындар? - Табиғат туралы ма, адам туралы ма? 										
Сабақтың ортасы	<p>1-тапсырма. Топтық жұмыс. Мәтінді түсініп оқындар.</p> <p>Күз жаңбыры бірден қалай басылмақ, Жапырақта мөлдірейді жасыл қақ, Құлазиды айдалған жер атызда Сарғаяды алабота бес ырғап. Көше бойлап кешіп жүрмін күзінді, Есіме алып үркек, тағы түзімді. Ұшырасқан әрбір еркек өңінен Көргім келер сенің жылы жүзінді. Жұмбағың көп, шеше алмаймын толғанып, Көңілінде бейтаныс ел – жол қамы. Сенің үшін біздің ортақ бақыт пен Достығымыз адал болса болғаны. Жаратқанның сөзін тастар жерге кім, Ажал келіп алса нұрын көзіңнің, Ант ішемін көлеңкедей қалмаспын Соңдарыңнан елің менен өзіңнің.</p> <p>Тапсырма.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Шығарманың жанры: • Тақырыбы: • Идеясы: <p>3. Абайдың «Күз» өлеңімен салыстыру.</p> <table border="1" data-bbox="336 1070 1155 1323"> <thead> <tr> <th data-bbox="336 1070 501 1218">Лирика-лық кейіпкер сезімі</th> <th data-bbox="501 1070 665 1218">Суреттелген кезең</th> <th data-bbox="665 1070 828 1218">Ұқсас эпизодтар</th> <th data-bbox="828 1070 991 1218">Тақырыптық ұқсастық, айырма</th> <th data-bbox="991 1070 1155 1218">Түйінді идея</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="336 1218 501 1323"></td> <td data-bbox="501 1218 665 1323"></td> <td data-bbox="665 1218 828 1323"></td> <td data-bbox="828 1218 991 1323"></td> <td data-bbox="991 1218 1155 1323"></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дескрипторлар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Шығарманы түсінеді; ✓ Лирикалық кейіпкерлер сезіміне талдау жасайды; ✓ Шығармадағы суреттелген кезеңдерді салыстырады; ✓ Екі шығармадағы тақырыптар мен эпизодтардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратады; ✓ Топпен/сыныппен ынтымақтастықта бірлесе жұмыс істейді. <p>Өзін-өзі бағалау. Өзара бағалау. РЕФЛЕКСИЯ Жетістік баспалдағы <i>Не білгім келеді?</i> <i>Неден қиналдым?</i> <i>Не білдім?</i></p>	Лирика-лық кейіпкер сезімі	Суреттелген кезең	Ұқсас эпизодтар	Тақырыптық ұқсастық, айырма	Түйінді идея					
Лирика-лық кейіпкер сезімі	Суреттелген кезең	Ұқсас эпизодтар	Тақырыптық ұқсастық, айырма	Түйінді идея							

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: <i>Заман және адам</i>	Балалар әдебиеті	
Сынып: 7	31- сабақ	
Сабақ тақырыбы	Түрік әдебиеті. «Ататүрік өсиеттері» өлеңі	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Б/С4.Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жазу.	
Бағалау критерийлері	<ul style="list-style-type: none"> - Шығарманың эстетикалық құндылығын ашады; - Шағын сыни шолу жазады. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> - Қазақстандық патриотизм және әлемдік азаматтық; - жаңашылдық; - ғылыми ілгерілеушілікке қызығу; - ұлттық рухани жаңғыру 	

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Қызығушылықты ояту</p> <ul style="list-style-type: none"> - Түрік әдебиеті туралы не білесіңдер?
Сабақтың ортасы	<p>Ататүрік тек өз халқының, өз елінің ғана емес, бүкіл түрік («түркі» емес, түрік!) әлемінің ұлы презенттерінің бірі. Ол өзінің бүкіл саналы өмірін туған халқының жарқын болашағына, туған елінің тәуелсіздігіне, тұтастығына, бірлігіне, ана тілі мен ұлттық мәдениетінің дамуына, өркендеуіне арнады. Ататүрік қиын-қыстау кезеңде ұлт-азаттық күресін басқарып, туған елін ғасырлар бойына созылған сұлтандар әулетінің өзара қырқысынан, империалистік мемлекеттердің Түркияны бөлшектеп, әлем картасынан сызып тастау жөніндегі арам пиғылынан құтқарды. Сөйтіп, Батыс үлгісіндегі, еуропалық сипаттағы жаңа түрік мемлекетін — бүгінгі Түркия республикасын құрды. Осы күн, яғни 1923 жылдың 29 қазаны күні Түркияның бас мейрамы — республика күні болып белгіленді.</p> <p>Мәтінді түсініп оқыңдар.</p> <p>Ататүрік былай дейді: «Мен үшін ең ұлы қорғаныс ұясы, ең ұлы көмек көзі — ұлтымның кеудесі. Сондықтан да мен ұлтымның кеудесін ешкімге бастырмау үшін барымды саламын!»</p> <p>Осымен қатар, Ататүрік өз ұлтына қатысты мынадай ойлар айтады:</p> <p>«Мен қажет болса, ұлтым үшін өз өмірімді де қиямын!»</p> <p>«Ұлтқа қожалық жасауға, қоқандауға болмайды! Ұлтқа тек қызмет ету керек! Ұлтқа қызмет еткен адам ғана ұлтқа басие бола алады!»</p> <p>«Түрік ұлты деген сөз — түрік тілі деген сөз. Түрік тілі — түрік ұлтының ең қасиетті, ең киелі, ең иелі қазынасы. Түрік тілі — түрік халқының жүрегі, ақылы һәм ойы!»</p> <p>«Біздің бәріміз парламент депутаты бола аламыз, министр бола аламыз, тіпті республика президенті де бола аламыз. Бірақ, өнер адамы бола алмаймыз. Сондықтан өнер адамы біздің (биліктегілердің) емес, біз өнер адамының қолынан сүюге тиіспіз!»</p> <p>— Бізге шабыт көктен, я ғайыптан келген жоқ, біз оны өмірдің өзінен алдық. — Жолда кетіп бара жатқан жолаушының көкжиекті ғана көруі жеткіліксіз.</p>

Міндетті түрде ол көкжиектің арғы жағын көруі және білуі керек.
 — Бостандық және тәуелсіздік — менің мінез-құлқым. Мен ұлтымның және ұлы бабаларымның ең құнды мұрасы — тәуелсіздікке құштарлық сезімі кеудесін кернеген адаммын.
 — Мен диктатор емеспін. Менде күш бар екендігі айтылып жүр. Әрине, бұл дұрыс. Менің ойға алып, орындалмаған нәрсем жоқ. Өйткені, мен зорлықпен және мейірімсіздікпен әрекет етуді білмеймін. Мен адамдарды ренжіту емес, олардың жүрегін жаулап алу арқылы билік жүргізуді қалаймын.
 — Мен істе қалай табысқа жететінімді ойламаймын. Бұған не кедергі болатынын ойлаймын. Кедергілерді жойсам, іс өзінен өзі алға басады.
 — Менің күшім және қуатым халықтың маған көрсеткен сенімінен құралады.
 — Балаларымызға және жастарымызға берілетін білімнің шегі қандай болса, ондай болсын, оларға ең алдымен, бәрінен бұрын Түркияның болашағына, өзіндік ұлттық келбетіне, ұлттық дәстүрлеріне жау болып табылатын барлық элементтерге қарсы күрес жүргізудің қажеттілігі үйретілуге тиіс.
 — Республиканың сіздерден (мұғалімдерден — Ф.Ә.) ой-пікірі — озат, ар-ожданы — азат, ғылым-білімі — озық ұрпақ күтетінін ешқашан естеріңізден шығармаңыздар.
 — Өнердің ең қарапайымы — ең құрметтісі. Етікші, тігінші, ағаш ұстасы, ерші, темірші, тағашы... — әлеуметтік өмірімізде де, әскери өмірімізде де сыйлауға және құрмет көрсетуге әбден лайық шеберлер.
 — Түркия республикасының негізі — оның мәдениеті. Ұлттық мәдениет — біздің басты мұратымыз.
 — Біздің дініміз — ең парасатты, ең табиғи дін. Міне, сондықтан да ол соңғы дін болып отыр. Діннің табиғи болуы үшін ол ақылға, ғылымға, білімге және логикаға үйлесімді болуы қажет. Біздің дініміз осының бәріне үйлесімді.

Тапсырма.

«Түрік халқының даналығы көрініс тапқан өсиет»

тақырыбын талдап, шығарманың эстетикалық құндылығына баға бере отырып, сыни шолу жазады.

Қалыптастырушы бағалау.

Дескрипторлар:

- ✓ Шығарманы түсінеді;
- ✓ Өсиеттерге баға бере алады;
- ✓ Шығарма үзіндісіндегі құндылықтар жүйесін ажырата алады;
- ✓ Топпен/сыныппен ынтымақтастықта бірлесе жұмыс істейді.

Рефлексия Жетістік баспалдағы

- Не білгім келеді?
- Неден қиналдым?
- Не білдім?

«Әдебиет және қоғам» бөлімі бойынша ғылыми жоба жұмыстары

«Әдебиет және қоғам» бөлімінде қазақ әдебиеті классиктерінің балаларға арналған шығармалары енді. Бұл шығармалардың ерекшелігі – оқушыға ой салатын, тіл көркемдігі жоғары, идеялық мазмұны тереңдігінде.

«Шоқан мен Мағжан шығармашылығындағы үндестік» тақырыбына сыни шолу жазудан бастап ғылыми жоба жазуға тартылды.

Шоқан мен Мағжанның шығармашылығындағы үндестік

М.Жұмабаев өз өлең-поэмаларына ғалымдардың еңбектеріндегі сюжеттерді, тарихи оқиғаларды, аңыздарды, фольклорлық шығармаларды арқау етіп алған. Мәселен, «Қойлыбайдың қобызы», «Батыр Баян» поэмаларына ақын Ш.Уәлихановтың «Тәңірі», «XVIII ғасыр батырлары» жөніндегі тарихи аңыздар мақалаларын негіз етіп, сюжетін алған.

Мағжан поэтикасында, біздің ойымызша, символ дәрежесіне көтерілген бірнеше тұрақты образ бар. Олар: Ай, күн, жұлдыз, жел, от, қайың. Біз Мағжан өлеңдерінде кездесетін осы бейнелерді ғалым Ш.Уәлихановтың ғылыми еңбектерімен байланыстыра қарап, салыстырып зерттедік. Соның ішінде, әсіресе, ғалымның «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы», «Тәңірі» атты мақалалары мен поэзия көгіндегі жарық жұлдыз Мағжан өлеңдері арасынан үндестік іздедік. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» еңбегінде: «мұсылмандыққа дейін табынып келген:күн,ай,жұлдыздар жаңа ислам тарапынан дәріптелмесе де, осы күнге дейін құрметтеліп, елдің әдет-ғұрпында сақталып қалды,» - деп көрсеткен. «Адамның өзі де табиғат әсерімен өмір кешсе, шамандық нанымдарда да жартылай не біржақты табиғатты қадірлеу бар екенін байқауға болады. Әлемнің таңғажайыптығын тану, ұғу қажеттілігі, адамға қатысты өмір мен өлім мәселесі және табиғаттың құпиясына деген құштарлық шамандықты туғызды. Шамандық дегеніміз-әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау. Ертедегі адамдардың нәресте-пәк көңіл-санасы күнді,айды,жұлдыздарды,мәңгілік өзгерістегі бүкіл жарық дүниені құрмет тұтты...Шамандық діндегі адам құдіретті күн нұрына қарап таңданды, осыншама жарықтың құпиясына түйсігі жетпей табынды.» «Қазақтардың космологиялық түсініктері» бөлімінде:«Қазақтар жұлдыздардың жер бетіндегі бақытқа әсер ететініне сенеді...әрбір жұлдыз жердегі әрбір адамның жанымен сәйкестік тұтастықта, адам өлгенде оның аспандағы жұлдызы да жерге ағып түседі. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көрген қазақтар: «Менің жұлдызым жоғары!» деген немесе ернін жыбырлатқан. Болып – толған бақытты адамды «жұлдызы жанған» деседі, - деп жазады.

Мағжан ақын «Жұлдыздарға» деген өлеңінде жұлдыздармен сырласып, өз күйін соларға сездірмек болады.

Көктің сансыз көздері,

Алдамандар ойнақтап.

Шақырғанмен бара алман,

Бұлт, тез шық та, бетін жап...

Не дейді, білдір, бұл аспан?! –

деп кейіптеу тәсілін пайдаланған осы өлеңде жұлдыздарды «көктің көздері» деп атап метафораны шебер қолданады. Сол сияқты «Толқындап ойнап» деген өлеңінде де:

Көкке тіктім көзімді,

Жұлдыздардан жол сұрап.

Көк – бір дария қара көк,
Жұлдыздан әлі жауап жоқ, –

деп жұлдыздан жөн сұрап, оны кие тұтқан лирикалық кейіпкерді көреміз.

Жұлдыз ақын үшін жол көрсетер, дұрыс бағытты нұсқайтын жарық сәуленің, биіктіктің белгісі деп таныдық. Ақын поэзиясындағы бейнелер: Ай, Күн, жұлдыз, жел, от, қайың .«Аспан қара көк дариядай баяғы қалпында,

Жұлдыздан әлі хабар жоқ».- қазақ елі баяғы қалпында мәдіт жұлдызы, ел болу нышаны әлі сезілмейді. – деп Ж.Аймауытов ақынды жұлдызды жаңалықтың, жақсылықтың нышаны ретінде қарайды деп санайды.

Қазақтар кие тұтқан, байлық, билік, бақыт жөнінде үміт артқан жұлдыздың бірі деп Шоқан Айды атаған. Ол туралы ғалым: «Ай қазақтарда қасиетті планета болып саналған. Жаңа айдың туғанын көргенде, тәжім еткен жерден шөп жұлып алып, отқа салады. Қазақтан айға ұзақ қарап тұрмайды, сескенеді. Айдағы кемпір кірпікті санап қояды деп, егер санап қойса, адам өледі. Жалпы қазақтар айды құрметпен ауызға алады», - дейді. Мағжанның «Толған ай», «Айға», «Күміс нұрлы ай» деген өлеңдері қараңғылықта нұрын шашатын Ай бейнесін суреттеуге арналады.

Тұрсың сен, мейірімді Ай, нұрын шашып,
Бұғып жүр қараңғылық бетін басып,
Толсаң да, солсаңдағы айрылмайтын
Жолдасың – жұлдызыңмен қол ұстасып.

Дөңгелек ақ келбетімен жылжып қана әсем басқан ай келбетін ақын «ажары ақ жамбыдай сұлулардан» да көрікті деп суреттесе, қараңғыда жарық беріп, теңіздерге дейін қуаныш сыйлайтын мейірім – шуағын да шалқыта бейнелейді. Ай – ақын үшін адамзатқа, табиғатқа, тіршілік иелеріне жарық, нұр, мейірім сыйлайтын – шапағаттың символы.

Жалпы, толған айдың өзен-мұхиттың толқындарына, тасып, кемерінен асуына, адам психикасына, жан жүйесіне әсері жөнінде бүгінде ғалымдар өз еңбектерінде жазып та тұр. Бұл – айдың қасиеті туралы Шоқан жазған халықтың нанымдар мен Мағжан өлеңіндегі бейнелеуге де үндес келетін пікірлер деп білеміз.

Ай ақынның көңіл күйіне сәйкес бірде көңілді, әсем бейнеде, бірде мұңлы бейнеде суреттеледі.

Қайғылы Ай, тұрсың көкте түсің қашып,
Қайғылы жер жүзіне нұрың шашып.
Жылжисың ақырын ғана қорыққан жаңдай,
Жүргендей жол таба алмай бейне адасып.

Ақын суреттеуінде ай қандай күйде болмасын қараңғылықта нұрын шашып, тіршілік иелеріне қызмет етуден жалықпайды.

М.Жұмабаев поэзиясында символдық мәнге ие болған бейнелердің қатарына күн мен отты жатқызуға болады.

Ш.Уәлиханов күнге құрмет туралы: «Егер ай құдіретті болып саналса, онда күн де сондай құрметке бөленуге тиіс еді, бірақ қазақтар арасында ондай құрмет – салтты кездестіре алмаймыз....әлде бар артықшылықты айға беріп қоймады ма екен дегің келеді. Қазақтар күнге қарсы қарап тұрмайды», - дейді.

Мағжан Күн туралы жазғанда отты қоса жырлайды. Оның «От», «Пайғамбар», «Күншығыс» өлеңдері – «От» цикліндегі өлеңдері қатарына жатады.

От туралы Шоқан «Тәңірі» еңбегінде былай дейді: «От әулие киелі болып саналады... Ошақтағы отты басуға немесе түкіруге болмайды. Қарғыс ұрады...Жаңа түскен келін атасының отына бір қасық май тамызуы керек. Бұл ырымды – кәдені «отқа май құю» дейді. ..жанындағы әйелдердің бірі алақанын отқа қыздырып, келіннің бетін сипайды. ...Жан беру немесе жан сөзін (ант) беру үшін екі жерден от жағып, кінәсі бар адам сол екі оттың арасынан өтіп бара жатқанда, кісіні атып өлтірген мылтықтың оқпанынан сүюге тиіс», - дейді.

Мағжан «От» өлеңінде:

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.

Күнге ғана бағынам,
Өзім-күнмін, өзім-от
Сөзім, қысық көзімде-от
Өзіме-өзім табынам.

Жерде жалғыз тәңірі – от
Оттан басқа тәңірі жоқ, -

деп асып-тасқан, жалын атқан сезімін жеткізіп, өзін жарқырап туған қараңғылықты жоятын Күн отынан туған от бейнесінде көреді. От ақын суреттеуінде ерліктің, тазалықтың, биіктіктің, пәктіктің символы деп білеміз.

Ұлы ғалым Шоқан отты қастерлеу, құрметтеу, кие тұту қазақтардағы шамандықтың қалдығы деп таниды.

Мағжанның «Күншығыс», «Пайғамбар» өлеңдері Шығыстың ұранын шақырған. «Күнбатысты қараңғылық қаптады, түн баласы қанға қақалып түкіріп өлуге айналды, адамдықтан безді. Батыстың мәдениеті құлайды, мәдениет «пайғамбары күншығыстан шығуы керек деген пікірге келеді», - дейді Ж.Аймауытов «Мағжанның ақындығы туралы» атты еңбегінде. Мағжан өлеңдерінде де осы идея танылады.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.

Мен келемін, мен келемін, мен келем,

Күннен туған, Гүннен туған пайғамбар, -

деп өзін ер түріктен тараған, қараңғылық қаптаған жер жүзіне күн, нұр беретін Күн ұлы бейнесінде береді. Ақынның «Күннен туған баламын» деген сөзі де «Күншығыс» идеясымен үндес болып келеді.

Ақын поэзия, ғашықтық туралы өлеңдерінде де осы өзі кие тұтқан образдарды бейнелеген.

Жетсе егер қорқынышты қара түнім,
Басса дерт, әлім құрып, шықпай үнім.

Көңіл ашар, кеудеме жан кіргізер.

Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім, -

деп өлеңді «Шолпан, Ай, Күн» бейнесінде метафора етіп өзінің жанына жақын образдар арқылы береді.

Махаббаттың ыстық сезімін, лирикалық кейіпкердің сүйгеніне деген жүрек лүпілін шебер берген өлеңінде:

Келші, көзім, күн бетінді көрейін,

Сүйші, сәулем, түншығып мен өлейін

Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,

Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін, -

деп лирикалық кейіпкер өз сүйегіне қол жетпейтін жұлдызды алып, жүзік етіп, Айды алқа ретінде сыйламақшы; сүйген жанға бұдан артық қандай сый болмақшы?! Бұдан шығатын қорытынды: ақын поэзиясындағы жұлдыз, ай, күн, от тұрақты образ – символға айналып, ақын идеясын танытуға, өлеңдерінің көркемдік шырайын ашуға қызмет етеді.

Біздіңше, образ – символға айналған бір бейне – жел. Оны ақынның осы аттас екі өлеңінен танып білеміз.

Жел – тым тентек бір бала

Жан сүйгені – сар дала.

Дамыл алмай жүгірер,

Ерні өтірік қыбырлап,

Сыр айтқан боп сыбырлап...

Көлдің бетін кестелеп,

Оны әуре етеді, - деп желді тентек, ерке бала бейнесінде берсе, енді бірде:

Байқаймын: жел ұзақ жолда жабыққан,
Қасірет басып, Сарыарқадан тарыққан.

Алып келсе керек ауыр аманат,

Абақтыдағы азаматқа тарыққан, -

деп елден хабар жеткізуші ретінде берген. Желді ақын поэзиясындағы бостандықтың, еркіндіктің символы деп таныдық.

Шоқан Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» еңбегінде: «Құйын – шамасы, аласапыран табиғи құбылыс кезінде туатын тәңірінің бір кейпі ретінде...» деп жазды.

Шоқан Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» қазақтар әуелде Мұхаммедті білмей тұрғанда да алла мен тәңірге бірдей табынып, мұсылман әулиелерінің басына құрбандық шалып, бақсылардың құдіретіне де сенді, пайғамбар ұрпақтары қожаларды да құрмет тұтты» - десе,

Мағжан Жұмабаев былай дейді:

Зор тәңірі, күштісің сен, сенеміз біз,

Әділ деп әр ісіңе көнеміз біз.

Өз құлын өзі еңіретпес тура ие деп,

Өзіңе ерік тізгінін береміз біз.

Ауыздан Алла атыңды тастамаймыз,

Алласыз ешбір іске бастамаймыз.

«Әділ хан, бұйрығыңа бойсұндық», - деп,

Бұйрықсыз бір адым да аттамаймыз.

Шоқан: «Алла деген жаңа идеямен, сеніммен бұрын құдіретті болған аспан – көк астасып, сол кезде екінші қатарға шығып қалған құдіретті тәңірі бейнесі де... жерін жансыз құдайлары - ...(аруак) да ұмытылып кетті

...Сондай-ақ мұсылмандыққа дейін табынып келген: күн, ай, жұлдыздар жана ислам идеологиясы тарапынан дәріптелмесе де, осы күнге дейін құрметтеліп, елдің әдет – ғұрпында сақталып келеді,»- дейді.

М.Әуезов «бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі», - деген болатын. Мағжан поэзиясын талдау барысында М.Әуезовтің осы сөзінің ақиқаттығына, көрегендігіне көзіміз жетті. Заңғар жазушының сол сөздері күні бүгін де күшін жойған жоқ. Қазақ әдебиетіне өз жаңалығымен келген М.Жұмабаев өз халқына, оқырманына әлі де мөлдір де сыршыл, көркем де кестелі өлеңдерімен қалтқысыз қызмет етіп келеді. Ақын ретінде Абайдан соңғы әдебиетке жаңа түр енгізіп, көркемдік көкжиегін кеңейткен сыршыл ақынның қазақ әдебиетіндегі орны өзгеше.

Сол сияқты Шоқан Уәлиханов зерттеулерінде атап көрсетілген халық киелі санаған ай, күн, жұлдыз, от сияқты құбылыстардың қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаев өлеңдерінде символдық бейнелерге айналған. Автордың ойын, идеясын ашуда аталған образ – символдардың мәні зор деп білеміз. Бұл – ақынның, бір жағынан, образды сөз қолданысындағы биік талғамын танытса, екіншіден, халық ұғымында қасиетті саналған бейнелердің ақын поэзиясында образ - символға айналуы ақын мен халық ойының үндестікте екенін аңғартады. Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан еңбектерінің сыршыл ақын шығармашылығына арқау болуы ұлы жандар пікірлерінің үндестігін танытады.

Қолданылған әдебиет

1.Шоқан Уәлиханов таңдамалы. Алматы «Жазушы» 1985

2.Мағжан Жұмабаев таңдамалы. Алматы «Жазушы» 1989

I. Жансүгіровтің «Ақшам» өлеңіндегі ақын суреткерлігі

Ақын лирикасындағы мөлдір арна – табиғаттың сұлу суретін бейнелеген өлеңдері.

Сондай өлеңдерінің бірі – мезгілдің белгілі бір кезеңінің бейнесін жасаған «Ақшам» атты өлеңі.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Ақшам зат. Күн батқаннан қас қарайғанға шейінгі уақыт» деп түсініктеме берілген.

Ақын өлеңінде күзгі күннің батар алдындағы бір сәттік кезеңді өте әсем суреттейді.

Көкше көкте ақша бұлт,

Көміліп күн нұрына.

Жел байырқау, жер сұлық

Қызыл алтын шұғыла, –

деп көкше көктегі ақша бұлттан басталады да, күн батып бара жатқан ақшам уақыттың

бейнесін көз алдымызға көркем суреттей жайып салады. Ақын бұл өлеңде шебер суреткер

ғана емес, шебер суретші ретінде де танылады. Аспан көк емес, қоңырқай тартқандықтан,

ақын «көкше» деп сипаттайды, бұлт та ақ емес, ақша, себебі батып барады. Ал батар күнмен

жарысқысы келмеген жел байырқау, Күнмен қоштасқысы келмеген жер сұлқ түсіп

жатыр. Күннің батқан тұсы қызыл шұғылыға малынып тұр.

Ақ шашты ана – ала асқар

Оқиды сам жығыла.

Жау көргендей жартастар

Жамылды тұман дулыға.

Бұл сәттегі тау ана бейнесінде, жартастары түннен шошып, тұманнан дулыға киген адам

бейнесінде көз алдымызға келеді. Қожыр күз қабағын түйіп, қарағай, қайыңдары қалтырап

тұрса, талдағы әнші құстары батқан күн көрінісіне тамсанғандай аңырайды.

Ақын табиғатты жанды бейнеде береді.

Жазыла есінеп жапан қыр,

Маужырар сұлап, балбырап,

Даладан, таудан, көшті нұр,

Салбырап, сам жамырап.

Жапан қыр есінеп, өне бойын ұйқы жеңген сәбише маужырап,
балбыраған күйде ұйқыға кетеді. Осы кезде күн батады. Көз алдымызда
тұрған түрлі бейнелер жоғалып кетеді. Ақшам кезінің шарықтау биігін:

Көз жұмғанда көкше көк,
Көсіліп жер тырайды,-

деп шебер береді. Күн аспанның көзі де, ал оның батуы көктің көзін жұмуы сияқты
беріледі. Күні бойы жерге, тіршілікке, оның иелеріне қызмет еткен күн шаршап, аяғы
талған адам сияқты көсіліп жатып ұйқыға кетеді.

Ілияс – дыбыстарды ойнатып, үндестіре қолданудың шебері. Аллитерация мен ассонансты
әдемі әсермен әрлеген «Ақшам» өлеңінде де ақын халықтың тілін әдемі қолданады.

Тауды тұман бөкселеп,

Өзен төлі жамырайды.

Көз жұмғанда көкше көк,

Көсіліп жер тырайды.

Ұлттық таным, қазақы ұғым қай өлеңінде болмасын бадырайып көрініп тұратын ақынның
бұл өлеңінде Ақшам мезгілінде тауды тұман басуын «бөкселеп» деп берсе, өзеннің «төлі»
жамырауы арқылы судың сылдырлаған үнін метафоралап берген. Өлең бастан-аяқ кейіптеу
тәсілімен жазылған. Суреткер ақын өлеңдерінде дыбыстарды ойната қолданып, өлеңге әр
береді.

Жау көргендей жартастар,

Жамылды тұман дулыға

немесе

Қабағын түйіп қожыр күз,

Қарағай, қайың қалтырап.

Талда аңырап әнші құс,

Таста суыр тантырап, –

деп «к», «ж», «қ», «т» дыбыстарын үйлестіре тамаша аллитерация жасаған. Жартастардың
жауды күткендей тұманнан дулыға киюі, қожыр күздің қабағынан қарағай, қайыңның
қалтырауын күз мезгілімен жақсы байланыстырып кейіптеген. «Қожыр күз», «аңыраған
әнші құс», «тантыраған суыр» тіркестері – қазақы болмысымен танылып тұрған Ілияс ақын
қолданған поэтикалық тіркестер. Жазыла есінеген, маужырап, сұлап, балбыраған жапан қыр
да, самның жамырауы да – ұлттық ұғымға жақын, әр қазақ құлағына жылы естілетін сөз
тіркестері. Небары 4 шумақтан тұратын өлеңде қаншама бейнелі сөздер кездеседі. 7
буынды шалыс ұйқаспен жазылған, әсем табиғатқа сұлу суреттер тауып, өз бояуымен

жеткізе білген І.Жансүгіровтің «Ақшам» өлеңі – қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік көркем шығармалардың бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Бес ғасыр жырлайды. I том. Алматы, 1993.
2. Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы «Жазушы», 1986.
3. Дүйсенов М. Илияс Жансүгіров өмірі мен творчествосы. Алматы «Ғылым», 1965.

Нурсейтова Айгүл Қанапияқызы
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
педагог-зерттеуші біліктілік санатындағы мұғалім
«№ 14 орта мектеп-гимназиясы» КММ
Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы

І.ЖАНСҮГІРОВТІҢ «ҰРШЫҚ» ӨЛЕҢІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМЫН АРТТЫРУ

Илияс өзінің ұлттық танымынан, қазақы болмысынан ажыраған жоқ. Оны ақынның кез келген өлеңдерінен көруге болады. Біздің ойымызша, Илияс өлеңдерінің тұжырымдылығы, ықшамдылығы, мінездеудің басымдылығы көп. Ақынның сөз саптаудағы ерекшелігі – үнемі айтар ойын астарлап, аз сөзге көп мағына сыйғызып жеткізуі.

Ақынның шебер суреткерлігінің бір дәлелі – жеңгенің монологы түрінде келетін, ақындық келісті тапқырлығы бар «Ұршық» атты 1927 жылы жазылған өлеңі.

Ақын ұршықты тоқталмайтын, сарқылмайтын, талмайтын мәңгі жасайтын еңбектің символы деп танытады. Зырылдаған ұршық – заманның екпіні, заманның қимылы. Ұршық – тіршіліктің, өмірдің тұтқасы деген тұжырым беріп отыр. Илияс өлеңдерінде тұжырымдылық басым десек, осы өлеңнің астары – «Ұршықтың» тоқтамайтын еңбек туралы өлең екендігі.

Бас-аяғы он алты -ақ тармақтан тұратын 7-8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған шағын өлеңде қаншама қимыл-қозғалыс, бейнелеу, пернелеулер кездеседі. Өлеңді оқығанда ұршық иіріп отырған қазақ әйелінің қунақы мінезі, қызулы әрекеті көз алдымызға келеді.

Сыртылдама, он саусақ,

Майпалап, мапа түтілші.

Шыртылдама, шынашак,

Шыр айналшы, шүйке ілші, -

деп жүнді бабымен түтіп, ұршыққа ілуден басталған қимыл-әрекетін даму үстінде көрсетеді. Үшінші, төртінші тармақта зергер ақын «ш»дыбысынан басталған аллитерацияны орынды қолданады. Мұнан соң ақын:

Оймышты ұшқат, ырғай сап

Ұршығым, сені қолға алам, -

деп ұршықтың бейнесін дәл сипаттайды.

Ұршығым, ұшқыр нар тайлак,

Жез бұйдалы желмаям, -

деген жолдардағы «нар тайлак» метафорасы бұрын да талай құбылыс, мінез-құлықты бейнелі суреттеуде қолданылып келген. Мұндағы Илияс ақынның жаңалығы – нар тайлак, желмая түлігі арқылы өзі суреттеп отырған ұршықпен арадағы ұқсастықты, жақындықты дәл таба білуінде. Жалпы, теңеуде немесе метафоралық бейнелеуде теңеліп отырған затпен мағыналық жақындық (ассоциация) көп болса, ол соғұрлым әсерлі болады. Мұның өзі ойдың дамуына мүмкіндік береді. Илияс Жансүгіров поэзиясының бейнелеу тілінде осы әсерлілік жақсы көрінген. Былай қарағанда, ұршық пен тайлак арасында мағына жағынан да, түр жағынан да ешбір жақындық жоқ сияқты. Бірақ ақын сол ұқсастықты таба білген. Ұршық

пен нар тайлақтың ұқсастығы – тайлақты қалай ноқталап жетектесе, ұршықтағы иірілген жіп ноқта сияқты ұршықты да жетектеп отыратындығы.

Желмаям, желші, нар тайлақ,
Тартына берме тайтаңдап.
Тартына берсең тайтаңдап,
Тақымдап қоям қайта айдап, -

дейді ақын. Тартынған тайлақты тақымдап қоятыны сияқты жүрмеген ұршықты да жөнге салып, алақанымен иіріп кеп жібереді. Осы қимылдар арқылы ақын ұршық пен тайлақтың арасындағы ұқсастықты табуда тапқырлық танытқан. Осы шумақта ұршықты тайлаққа балап, метафораны шебер қолдана отыра «т» дыбысынан тамаша аллитерация жасайды, ұршықтың қозғалысын сәтті бейнелейді.

Көркем сөздің ұстасы Ілияс Жансүгіров осы өлеңінде сонымен қоса адам мінезін ұршық арқылы астарлап жеткізген бе деген ойға қаламыз. «Шыр айналған», «тартынған», «тайтаңдаған» ұршықтың қимылы, бір жағынан, пысық адамның бейнесін көз алдымызға әкелсе, екінші жағынан, адам мінезінің ұнамды-ұнамсыз жағына мегзеп тұрғандай. Ұршықтың бұл әрекеттері биязы жүнге қарама-қарсы: жүн майда мінезді, ал адуынды, «тайтаңдаған» ұршық оны қатайтады, ширатады. Сондай-ақ, жөнге көне бермейтін, анда-санда «тақымдап қоймаса», теріс жолға түсіп кететін, алды-артын ойламайтын ұшқалақ адамның мінезі көрінгендей болады.

Ұршық – қазақ әйелі тұтынған көненің көзі, халқымыздың қастерлі бір бұйымы. Ұлтымыз тұтынған, тұтынып келе жатқан асыл бұйымдардың біріне арнаған «Ұршық» өлеңі арқылы І. Жансүгіров қазақ өлеңін мазмұн, тіл көркемдігі жағынан байыта түсті, өз поэзиясының тілін ұлттық тіл негізінде ұстартты.

XIX ғасырдың II жартысында өмір сүрген лирик ақын Шәңгерей Бөкеевтің де «Ұршық» атты бір ғана шумақтан тұратын өлеңі бар. Ақын:

Ағаш едің құрма өскен,
Ұршық болдың шуда ескен.
Бір қалыпта тұрмақ жоқ,
Шығармалық мұны естен,-

деп ұршық туралы ой қозғайды. Бұл жолдардан аңғаратынымыз – ұршықтың құрма ағашынан жасалатыны. Үшінші, төртінші тармақтарында ойын жалғастыра тереңдетіп, өмірдің бір қалыпта тұрмайтыны, құрма ағашының күндердің бір күнінде ұршыққа айналатыны сияқты адам өмірінің де, қоршаған дүниенің де өзгерісте болатыны туралы ой қорытқан. Адам да өмірдегі кез келген өзгеріске дайын болуы керектігін, құрма ағашы сияқты қажетті бұйымға айналса, оны өмірдегі сәттілік деп болжаған дұрыс болар. Ал өмірде оң өзгеріс болуы кез келген жанның өз қолында.

Ж.Аймауытов та ұршыққа арнап өлең шығарған екен.

Зырылдап жүгір, ұршығым!
Шүйкені талдап іпсітіп,
Көзімнің жасы құр шығын
Жүректі өртеп ысытып,-

деп алыста жүрген ұлының қамын ойлап, ол тоңбасын деп шекпен тоқу үшін ұршықпен жүн иіріп отырған кәрі шешенің әрекеті сипатталады. Ұршықтың бейнесін беруде зырылдап жүгірген заман, еңбек адамының бейнесі көз алдымызға келеді.

С.Бегалин де ұршық тақырыбына өлең арнапты. Өлеңде ақын соғыста жүрген ұлына шұлық тоқуға жүн иіріп отырған ұршықты ананы суреттейді.

Қырпықтап шүйке қылшығын,
Ұлпасын созып иіріп,
Зырлатып ана ұршығын
Қояды айдап шүйіріп.
Безектейді жез ұршық,
Бейне бір желген нар тайлақ,

Баяуласа құлшынтып,
Қояды ана қайта айдап,-
деп безектеген жез ұршықты нар тайлаққа теңей отыра, ананың оны жауды жеңудің құралы ретінде көретіні суреттеледі. Өмірдің өзі осы ұршықтай зырылдап өтіп жатса, ана қолындағы ұршық арқылы жылылық, қамқорлық сезілетіндей.

М.Хакімжанова осы аттас «Ұршық» өлеңінде ұршықты аналардан қалған мұра ретінде қастерлейтінін жеткізген.
Зырылда, ұршық, зырылда,
Тезірек толсын алқымның.
Қосайын әуен зырылға,
Калауынша халқымның.
Анамнан қалған мұрасың,
Айнала берші ақұршық.
Сақтаймын сені мұра үшін
Тағы да зырла, бір ыршып.

Аналар тұтынған ұршықтың іздері ақын жырында қалатынын тебірене айтқан. Илияс, Шәңгерей, Жүсіпбек және С.Бегалин, М.Хакімжанова сынды көрнекті ақындардың ұршыққа өлең арнауында үлкен мән бар деп ойлаймыз. Халық әнінде айтылатын «шыр айналған дүние-ай» деген жолдары қамшының сабындай қысқа ғұмырдың көзді ашып-жұмғанша өтетініне меззейді. Ұршық та адам өмірі сияқты үнемі қозғалыста, өзгерісте болады. Ұршықтай үнемі қозғалыста болатын әр адамның ғұмыры күндердің бір күнінде тоқтайтынына меңзегендей әсерде болдым. Ұршықтан иіріліп шыққан жіптен адам тұтынатын киімдер жасалып шығады. Сол сияқты кез келген адамның бүгінгі жедел өтіп жатқан өмірде қоғамның, айналасындағы жандардың бір керегіне жарауы тиіс. Жылдам зымыраған заманда адам да заман көшінен қалмай, өз мақсатына тездетіп жетуі керек пе деген ойға қалдық. Сондықтан сөз шеберлерінің суреттеуіндегі ұршықты зыр айналып өте шығатын адам өмірінің символы деген ой түйдік. Сөз шебері І.Жансүгіровтің қазақ халқы тұтынған заттарды суреткерлікпен берген әрі терең ойлы өлеңдерінің қазақ поэзиясында алатын орны ерекше деп білеміз. «Ұршық» қыздардың, аналардың физиономиясы, бұлшық еттерінің жұмыс істеуіне, белгілі ырғақпен жұмыс істейтін болғандықтан, саусақпен жұмыс істейтіндіктен, буын, сүйек ауруларына, дұрыс қалыптасуына, өте пайдалы зат болғандықтан, оны жиі пайдаланған. Ұршық арқылы Илияс та, басқа ақындар да өз өлеңдерінде оны символ етіп алып, қазақ халқы өмірінің қозғалысын жер айналысының жылдамдығымен егіздей берген деп таныдық. Илиястан бастап жоғарыда аталған қазақ ақындарының ұршық тақырыбына қалам тербеуінің себебін осы деп білдік.

1. Қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі І.Жансүгіров өз поэзиясында халықтың сөйлеу тілін, фольклор тілінің нұсқаларын орынды пайдалана отырып, қазақ әдеби тілін қалыптастыруда зор үлес қосты.

2. Жаңа құбылысқа теңеу, эпитет табуда, ойды метафора, кейіптеу, меңзеу, тұспалдау арқылы астарлап жеткізуде І.Жансүгіров поэзиясы қазақ әдебиетінде оқшау тұр. Ақын теңеліп отырған зат пен теңеп отырған құбылыстың арасындағы жақындық, ассоциациялық ұқсастықты берік сақтап отырады. Бейнелеудің халықтық түрлерін қиюластыра қолданып, сөзді көркейту үшін емес, ойды әсерлі жеткізу үшін алады. Ақын өз өлеңдерінде нақты образ, дәл сурет жасайды. Айтуға жеңіл бір ізгі сөздерді айтуға, жеңілдетіп сөйлеуге бейім.

Илиястың поэзиясындағы ерекше қолданған соны сөз тіркестері бүгінгі ұрпақтың сөз саптауында қолданылып, Илияс салған сара жол, ұлттық танымдағы сырлы сөздері талғампаз жастарға үлгі-өнеге болуда. Ақын өз поэзиясында халықтың сөйлеу тілін, фольклор тілінің нұсқаларын орынды пайдалана отырып, қазақ әдеби тілін қалыптастыруға сүбелі үлес қосқан.

XXI ғасырда қазақ тілінің, руханиятының мәртебесін көтеруде Илияс поэзиясындағы халықтық ұғымдар, ұлттық танымдар қазақ оқырманына қажет екені даусыз. Ақын поэзиясында қолданған тілдік ерекшелігі, сөз қолданысы, дыбыстарды қолданудағы

ерекшелігі, ауыспалы мағынада қолданған образды сөздер өлеңдерінің көркемдік қуатын ғана арттырып қоймай, қазақы танымды арттырды.

І.Жансүгіров қазақ әдеби тілін дамытуда халықтық тілді көп қолданып, шығармаларын қарапайым тілде жазған. Сөйтіп, ақын халықтық тілді поэзия тіліне айналдырды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы,1959.
2. Иманғазин М. Жан қайығын жарға ұрдым. Алматы,1994.
3. Бердібай Р. Қазақ эпосы. Алматы,1995.
4. Бес ғасыр жырлайды. I том. Алматы,1993.
5. Нұрғалиев Р. Арқау. Алматы «Жазушы», 1991.
6. Дербісалин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. Алматы,1990.
7. Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы «Жазушы», 1986.
8. Дүйсенов М. Илияс Жансүгіров өмірі мен творчествосы. Алматы «Ғылым», 1965.